

Гүлнар Өмірзакова

Беріктас
Берік
Осағам

Алматы облысы
Жамбыл ауданы,
Беріктас ауылы.



Гүлнар Өмірзақова

**Беріктас-
ерік
осағам**

**Алматы облысы
Жамбыл ауданы, Беріктас
ауылы.**

ББК 84Қаз7-5

Ө 16

Ө 16 Өмірзақова Г .

Беріктас-берік босағам Алматы: 2005. – 266 с.,

ISBN 9965-9738-6-5

Автордың бұл екінші жыр жинағына соңғы он жыл көлемінде туған өлеңдері еніп отыр. Сан алуан сезімді басынан кешіріп, махаббат, Отан, туған жер, ана т.б. тақырыптарына қалам тербеген лирикалық өлеңдері оқырман қауымды бірден өзіне тартып әкетеді. Тілі-жатық, оқуға жеңіл, тақырып аясы кең. Көп өлеңдерінде философиялық ой-түйіндері басым.

Әсершіл ақынның жан дүниесі сыр сандығын жаңа ашқандай, сергек бір сезім-күйдің қылын шертеді.

Ө $\frac{4702250202}{00(05)-05}$

ББК 84Қаз7-5

ISBN 9965-9738-6-5

© Өмірзақова Г., 2005

Осы кітаптың шығуына қаржылай демеушілік көрсеткені үшін Алматы облысы, Жамбыл аудандық Жылжымайтын мүліктер мекемесінің бастығы-Әлімқұлов Еркін Кеңесұлына шексіз алғысымды білдіремін.

Автор.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Гүлнар Өмірзақованың бұдан бұрын 1993 жылы “Жалын” баспасынан “Жапырақ ғұмыр” атты жеке жыр жинағы, “Ақын жүрегінің лүпілі сезім қылын шертеді” және “Қарлығаш”, “Жыр тәңірі”, “Қарасай батыр” атты топтама жинақтарға тандаулы өлеңдері енген.

Ақын 2001 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің дипломымен марапатталған. Алматы қаласында өткен жыр мүшәйларының жеңімпазы.

Ақынның “Беріктас-берік босағам” атты қолжазбасына соңғы он шақты жыл көлеміндегі жинақталған өлеңдері еніп отыр. Өмірдің қас-қағым сәттерінде болып жатқан құбылыстар ақын жүрегінен тыс қалуы мүмкін емес. Ол оны үлкен сезімталдықпен қабылдап, жүрегінің лүпілі арқылы өз үнін оқырманға жеткізгісі келеді.

Өлең жанры түрлі тақырыптарды қамтиды. Үлкен поэма жазбаса да кейбір өлеңдерінің өзінен бір поэманың жүгін көтеретіндей терең мағыналы

Аннотация

Автордың бұл екінші жыр жинағына соңғы он жыл көлемінде туған өлеңдері еніп отыр. Сан алуан сезімді басынан кешіріп, махаббат, Отан, туған жер, ана т.б. тақырыптарына қалам тербеген лирикалық өлеңдері оқырман қауымды бірден өзіне тартып әкетеді. Тілі-жатық, оқуға жеңіл, тақырып аясы кең. Көп өлеңдерінде философиялық ой-түйіндері басым.

Әсершіл ақынның жан дүниесі сыр сандығын жаңа ашқандай, сергек бір сезім-күйдің қылын шертеді.

Осы кітаптың шығуына қаржылай демеушілік көрсеткені үшін Алматы облысы, Жамбыл аудандық Жылжымайтын мүліктер мекемесінің бастығы-Әлімқұлов Еркін Кеңесұлына шексіз алғысымды білдіремін.

Автор.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі, ақын Гүлнар Өмірзақованың бұдан бұрын 1993 жылы “Жалын” баспасынан “Жапырақ ғұмыр” атты жеке жыр жинағы, “Ақын жүрегінің лүпілі сезім қылын шертеді” және “Қарлығаш”, “Жыр тәңірі”, “Қарасай батыр” атты топтама жинақтарға таңдаулы өлеңдері енген.

Ақын 2001 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігінің дипломымен марапатталған. Алматы қаласында өткен жыр мүшәйларының жеңімпазы.

Ақынның “Беріктас-берік босағам” атты қолжазбасына соңғы он шақты жыл көлеміндегі жинақталған өлеңдері еніп отыр. Өмірдің қас-қағым сәттерінде болып жатқан құбылыстар ақын жүрегінен тыс қалуы мүмкін емес. Ол оны үлкен сезімталдықпен қабылдап, жүрегінің лүпілі арқылы өз үнін оқырманға жеткізгісі келеді.

Өлең жанры түрлі тақырыптарды қамтиды. Үлкен поэма жазбаса да кейбір өлеңдерінің өзінен бір поэманың жүгін көтеретіндей терең мағыналы

философиялық ой иірімдерін, тұжырымдарын байқауға болады.

Лирикалық өлеңдерінің тілі- жатық, оқуға жеңіл, көркемдігі жоғары. Өзінен-өзі ақ қағаз бетіне төгіліп тұрған сиқырлы сезім бір сәтте сиқырлы сыр-сандыққа айналып кеткендей. Ал, сол сыр-сандықтың ішіндегі ақын жүрегінің лүпілі бірде күліп, бірде қуанып, бірде мұңаяды.

Өмірдің қайшылықтарға толы екенін жасыра алмайды. Содан шығудың жолын шарқ ұра іздейді. Оның “Құйын өмір”, “Жұмбағым”, “Тіршілік оты”, “Марғау шың” т.б. өлеңдерінен әр түрлі көңіл-күйді байқауға болады.

Ол:

Жұмақ дүние-жұмбағым,
Жұмақ дүние-күнбағым.
Мәңгі сақтай алар ма,
Тылсым-өмір түн бағын?

Түн бағы да бір тұтам,
Құндағымда тіл-жұтаң.
Көлеңкелер көшіп жүр,
Қалай қарай сырғытам?-дейді.

Көп өлеңдерінде өмір шындығы өрнектеледі. Ойлары ұшқыр, селт еткен сезім лирикалары табиғат, махаббат, ана тақырыптарын толғайды. Азаматтық көзқараста жазылған жырлары да баршылық. Мысалы, “Отан”, “Туған жер”, “Көк байрақ”, “Еңселі елім” т.б. өлеңдері 2001 жылы Астанада өткен Мемлекеттік рәміздерді насихаттауға арналған шығармалар байқауында жүлделі орындарға ие болды.

Ол “Жыр-ұйық” өлеңінде:
Пері-жырдан сақтанбадым,
Азабында -тапқан бағым.
Өлең, сенің ауылыңа,
Мәңгілікке аттанғамын.

Жүрегімді билеп алдың,
Сенен жұмбақ күй қалармын.
Илеуіңе басымды идім...

Билігіңе иланармын,-деп,
өлеңнің илеуіне басын иген ақын, әрі қарай өзін
сиқырлы жыр-ұйық жұтып әкететіндей сезініп,
ойын былайша жалғастырады:

Қалардай ма бітіп өнім,
Түнге неге тұтыламын?
Бір уыс боп бүрісем де,
Жыр-ұйыққа жұтыламын.

Бұл ақын жанының шырылдаған әппақ шындығы
еді.

Өлең деген күдіретті күштің өзегіне бірде нөсер,
бірде дауыл боп соғып, сан түрлі көңіл-күйге түседі.
Әсіресе, табиғат лирикаларына тіл бітіре жырлаған
өлеңдерінде ұлттық болмысты айқындай түсіп, жаны
нұрлана түседі.

Ол жүрек лүпілімен тамырланып, жапырақ
жаяды.

Қорыта келгенде, ақын қыздың түрлі тақырыпта
жазылған өлеңдері оқырманды жыр-теңіздің
тұңғиығына тарта түсіп, бірден баурап әкелері сөзсіз.

Қанша БҰҒЫБАЕВА,

*Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі,
“Алаш” сыйлығының лауреаты, ақын.*

*Беріктас-берік босағам
Ауылым, алтын бесігім,
Сүйікті сенің есімің.
Жап-жасыл кілем жайнаған,
Келбеті қандай төсіңнің!*

*Ауылым, менің ардағым,
Жырымды саған арнадым.
Балалық сезімді оятқан,
Өзіңде асыл арманым!*

*Ауылым, асқақ шынарым,
Өзіңсіз қанбас құмарым.
Жанымды менің тербейді,
Сылдырап аққан бұлағың.*

*Ауылым, мақпал гүл-бағым,
Жайнаған әсем қырларым.
Құстармен ұзап барады,
Өзіңе шерткен сырларым!*

*Қоғыңырқай өскен самалың,
Қырмызы кешті тарадың.
Қызғалдақ жапқан қызыл бел,
Өртеніп саған қарадым.*

*Нұрланып атар әр таңым,
Күйіңді сенің тартамын.
Беріктас-берік босағам,
Сырымды саған сарқамын!*

Туған жерге

Қарлығаштай шарладым қия белді,
Неңдей ғажап жасасам ұяма енді?
Көкірегімде кішкентай сандығымның,
Ішіне бүкіл әлем сия берді.

Сыр сандығым құпия адамдарға,
Сын көзбенен қарайды қадамдарға.
Мен ақтардым барымды көкірегімнен,
Туған жердей қасиетті далам барда.

Туған жерім, жусанды, бетегелі,
Бесігімнен биікке жетеледі.
Ізденуден із кезіп қателесем,
Туған жерім бәрін де көтереді.

Туған жерім сілтейді бағыт әлі,
Қасиеттер қадірін танытады.
Ақын болсаң сілкілеп, сынап алып,
Шың бастаудан ақ қайнар ағытады.

Жетісудың өлкесі мекен елім,
Рухына сиынам әкелердің.
Жамбыл баба, ақындық піріңменен,
Ноқтала да, ботаңды жетелегін!

Тастағы тамшылар...

Тас үңгірден бір жұмбақ үн шығады,
Үн шығады, керемет тұншығады.
Үңірейген үрейлі жанарға ұқсап,
Жылтырайды әріден тұн шырағы.

Түн шырағы түнекті тілімдейді,
Тілімдейді...сан дыбыс күбірлейді.
Кім сенеді...кәдімгі қара тастың,
Қабатында тамшылар дірілдейді...

Десем сырын кім мұның аша алады,
Құпиялар әлемін тасадағы.
Кім сенеді кәдімгі қара тастан,
Тарам-тарам моншақтап жас ағады.

Көрмен едім егілген жасты көптен,
Қара тасқа болмайды қастық еткен.
Тас жыласа мен онда күтеді екем,
Бір мейірім кәдімгі тас жүректен!

Көңілімді қара тас алаңдаттың,
Шашын жайып келеді қараңдап түн,
Тас жыласа күтейік дұшпаннан да,
Ақ ниетін кәдімгі адамзаттың!

Бақ құсым

Армысың, баба арқалым,
Дүмбірлеп атқан әр таңың.
Дүбірлі мынау дүниенің,
Қобызын мен де тартамын.

Өлеңді жазсаң түйіндей,
Мүмкін бе өту сүйінбей.
Шымырлап бойға дарыса,
Қорқыттың қоңыр күйіндей.

*Жарқырап тұрған бағыңды-ай,
Жалтылдап тұрған лағылдай.
Өлеңнен құйсаң ақ күмбез,
Патшаның алтын тағындай.*

*Тағыңда айбар жыр ескен,
Бағыңда жай бар нұр ескен.
Сағымнан тартып бір мұнар,
Ағымға мен де ілескем...*

*Кермарал далам керілген,
Қызыры күннен көрінген.
Бақ құсы көкке самғайды,
Жетісу-жәннат жерімнен!*

Көк байрақ

*Таңдайымда-шоқтай бақ,
Маңдайымда-көк байрақ.
Жер тәңірі, тұрмысың,
Тірлігіме от байлап?*

*Аспан-айдын, мен-құспын,
Самғап едім...көкке ұштым.
Шұғылаға шомылған,
Қанатымын көк түстің.*

*Көк қанатым-қауырсын,
Көкжиекте дәуір-шың.
Көк өзенде кездестім,
Өткел деген ауыр сын!*

Өткелге де өзек ем,
Кеуіп кетпес кенезем.
Кесір жатса көлденең...
Көк найзамды кезенем.

Таңдайымда-шоқтай бақ,
Тірлігімде от қайнап.
Жүрегімде-туған жер,
Маңдайымда-Көк байрақ!

Еңселі елім

Жаңарған елімнің санасы,
Өркендеп қаласы, даласы.
Кеше мен бүгіннің арасы,
Жер мен көк секілді қарашы!

Азап күн қалыпты алыста,
Самғайық көк мұнар ғарышқа.
Әлемге жеткендей қазақ үні,
Күн түссін өрлік пен намысқа!

Сақтайық тәуелсіз ақ таңын,
Қазағым, қамшы ұстап, атқа мін.
Бабалар бастаған ұлы жолда,
Тілейік қызыр-нұр атқанын!

Алау таң ақ шапақ тосады,
Киіктер сол жақта жосады.
Киелі күн туса шаңырақтан,
Сөнбесін тәуелсіз ошағы!

*Биікте тәуелсіз өрлігім,
Босаңсып қалмасын белдігің.
Жойылсын қасірет құрығы,
Ертеңін ойласын ел бүгін!*

*Жұлдыздар самсаған түнің де,
Батырлық-ерліктің үнінде.
Еңселі елімнің еңсесі-
Оралған өз ана тілімде!*

Дара тұлға

*(Ел президенті Назарбаев Нұрсұлтан
Әбішұлы мырзаға)*

*Ешбір жанға ұқсамас дара тұлғаң,
Нұрдан әлде, ерліктен жаратылған.
Марқасқасы, қазақтың мәртебесі,
Сізді қорғап жүрермін ана атымнан!*

*Тыңдар болса дүние ана тілін,
Жер шарының үнімін, қанатымын.
Алмас семсер жүзіндеі жарқылдайсыз,
Қақ айырып өмірдің қара түнін.*

*Қазақ елі алған соң азаттығын,
Танымайды бұл күні қазақты кім?
Мына төрткүл дүние сіз арқылы,
Мойындады қазақтың қазақтығын.*

*Жел тыңдайды қағып ап сыбырыңды,
Самалға орап сары дала тұғырыңды.
Ақ мамық бұлт жөңкіліп барады әне,
Желмаядай ақ табан шұбырыңды.*

*Көшті заман, көшіне ілесті күн,
Иығында уақыттың сіресті мұң.
Асыл туған қазақтың тарландары,
Қайсарлықпен көтерді күрес күнін.*

*Абай көрген әуелде азап елін,
Пешенесі сорлаған назалы елін.
Қара тұман ішінде қарбаласып,
Нарқасқалар көтерді қазақ елін!*

*Ашты содан дүние ақ сандығын,
Төге түссін ошаққа Ақшам нұрын.
Алла өзінің нұрымен нұрландырсын,
Сана менен ақылдың патшалығын!*

*Ақ сәулелер төгіліп шыңдарынан,
Бесігімде сәби боп тыңдадым ән.
Жүзі жарық болса екен болашақтың,
Күн-жөргектің тұрғанда құндағынан!*

*Сізге сенер, сенеді қара халық,
Өрге жүзіп кемеміз барады анық.
Ақ маңдайлы, ай жүзді асыл аға,
Шықшы алдынан, миллионның дараланып!*

Күн ойнады

*Құмай-үміт,
Қуып жеттім сені мен.
Жылт етіп ең,
Дүниенің көгінен.
Ұстап алып,
Ұсқыныма шақ па деп,
Шын ойнағым келіп кетті сенімен...*

*Күн ойнады,
Қылығымен құлынның.
Сен бардың да
Құлағына ілдің...
Күлкім келді сол сәтте
Сиқырына бөлендің бе
үнімнің?!...*

*Түн ойнады,
Сәулесімен шырақтың,
Оны да мен ұнаттым.
Үмітімнің,
Жібін өріп көріп ем...
Бұрымына айналыппын бұлақтың!*

*Шың ойнады,
Құзырында қалықтаған құсымен.
Қауырсын боп
Мен де бірге ұшып ем.
Күле қарап қарсы алдымнан сен шықтың,
Мен өзімді көріп тұрмын,
Жанарыңның ішінен!...*

Көз ұшында

*Күн балағы қысқа тым,
Көкжиектің отын еппен ұстадым.
Көз ұшында балқып жатқан ымыртпен,
Күйіп бара жатыр екен ұшпағым.*

*Бір әуенге салды әуелі тыстағы үн,
Әуелетіп кетті сосын құстарым.
Көз ұшында көріп қалдым сол мезет,
Қоңыр күздің алба-жұлба мыстанын!*

*Қоңыр күздің түні кейде тымырсық,
Қыр үмітім қызға айналды...қылымсып.
Көшіп бара жатқандай ма бір мезет,
Дүниенің бәрі бүгін ыңырсып.*

*Күн балағы қысқа тым,
Өмір сүру нүктедей-ақ мысқалым.
Үмітім бар жасауындай иненің,
Оны қалай ұстатарсың ұшпағым?!...*

Шілтер-көк

*Күбір-күбір Қыркүйек,
Күбісіне нұр тиен.
Күңгірт тартқан өзекті,
Ырысымен тұр сүйен.*

*Гүл қауызын үрлеген,
Дүрмегін-ай, түрлеген.
Дүбірлі той, күз-думан,
Құр қалмайық сірнеден.*

Сыңғыр-сыңғыр сынап-күн,
Сыргасын-ай, сынаптың.
Сүңгілері-шілтер көк,
Сүмбіле айды ұнаттым.

Күмбірлеген күй-ағын,
Құс боп ұшқан қиялым.
Қызыл жалын сүртеді,
Арғымақтың тұяғын!

Құлпырады дала сан,
Атырапқа қарасаң.
Аңызға жеттің бе,
Қазан менен Қарашам!

Жыр тәңірі

Жыр тәңірі көкте ме, әлде жерде ме,
Жету қиын тіршілікте көмбеңе.
Қызыр күннің бесігінде бар болсаң,
Ақ нұрыңды төге түсі, пендеңе!

Күндік жерім секілді бір-күй-бесік,
Өзегіңде бақ пен сорың үйлесіп.
Кезегінде тағдыр деген жазмыштың,
Кетті кеше ақын қандай сый кешіп?!

Мұзбалағы қалықтаған мұнар-көк,
Мұзарт шыңы-Мұқағали шығар,- деп.
Ақпан сайын Алатаулар алқынып,
Ақпан сайын ақтарылды шынар-көк!

Алақаны жұмсақ неткен тылсымның,
Ақ ұлпаның ішінде де жүрсің шын.
Ақ періште пердесіне оранған,
Ақ қайыңдар, бүгін неге күрсіндің?

Күбір-күбір, күбірлейді түн-мұңы,
Күмбез таудың жалт-жұлт етіп күндігі.
Ақ ұлпалар ақ өлеңге айналды-ау,
Мәңгі жырдың жарық болсын түңлігі!

Иірім ой

Иірім ойға ұйыдым,
Ибаңа сенің иідім.
Жұмбақ бір күшпен тартады,
Қара көзіңдегі ұйығың.

Көзіңнің тастап қиығын,
Зулап барасың киігім.
Алдыңда сенің өр шың бар,
Жете алар ма екен биігім?!

Сезімнің тарттым күйігін,
Секілді ме едің тұйығым.
Ауырлау екен құйының,
Көтере алар ма ығым?!

Әуре

Көзіңдегі күнді жасырдың,
Сезімдегі түнді жасырдың.
Тұмшалатп тұл-дүниені,
Көлеңкеңе кімді жасырдың?

Көлеңке, сенен қашады,
Ақ мұнар белеңді асады.
Сол жақтан жылт еткен сәуле,
Ұстатпай менен қашады!...

Ұстатпай айға қонады,
Бір жұмбақ пайда болады.
Мен оны көрмейін десем,
Жүреді айналып әлі.

Шың болып түсіме енбе,
Мұң болып ішіме енбе.
Әуселең көп сияқты ғой,
Әуреңе түсіре көрме!

Апатайым

Дүние жанарымда дөңгеледі,
От-үміт адамдарға ең керегі.
Жылт еткен сәуле ішінен анамды іздеп,
Көңілім көкжиекте сенделеді.

Анашамы, асқар тауым, сағынышым,
Сен менің жаралғансың бағым үшін.
Айналып кеткеніңмен ақ сағымға,
Сен менің кеудемдегі жарығымсың!

Өзіңе қандай теңеу тең келеді,
Айдында жапырағың тербеледі.
Жылынып жүруші едім шуағыңа,
Ақ толқын шайқап кетті-ау, өр кемеңі!

*Бұл өмір гажайып бір шаһардайын,
Дедің бе, мәңгілікке сапарлайын.
Мен сені сағындым ғой, жан анашым,
Жүрші үйге, жүріңізші, апатайым!*

Екі өмір

*Менде екі өмір бардай,
Бірі-көкте, бірі-жерде тұратын.
Мәңгі өлместей,
Көк жақтағы мұратым.
Жердегі тек...
Қоңыз тірлік құратын.*

*Менде екі сезім бардай,
Сую менен сүйе алмау.
Сүйгенімді өңімде тек қиялдау.
Өзімді-өзім жиі алдау...
Жердегі бар
Болмыстан ұялмау!*

*Менде екі төзім бардай,
Бірі-мықты, бірі-морт боп сынатын,
Жалған болып көрінеді қыратым.
Екі айыр жол...
Бірі-тауға,
Бірі-ойға бұратын.*

*Менде екі өмір бардай,
Пенделікке тойып кеткен пешенем.
Есебімді жібермеймін есемен.
Содан кейін жиі-жиі ғашық боп,
Қалт-құлт етіп, жарқ-жұрқ етіп,*

Жүріп келем көшемен!
Менде екі жарық бардай,
Бірі-отты, бірі-жоқты көретін.
Бірде-мамық, бірде-салқын
Жастанамын жел өтін.
Көлеңкемнің өзі кейде
қорқынышты боп тұрар...
Мылқау түннің мысқылына көнетін!

Жас қыран

Секілді ерліктің қыраны,
Жас қыран өрліктің пырағы.
Жастықтың алаулы бейнесі,
Отанын сүюден тұрады.

Қайырмасы:

Жас қыран, жаныған қайратын,
Асқақтап көрінер айбарым.
Көтеріп жүреміз намыспен,
Елімнің Көк туы байрағын!

Тасыған жігері арнадан,
Ұрпақпыз ұлы ізді жалғаған.
Ізгілік жолымен басталар,
Елдікке шақырған бар қадам.

Өз елін сүйетін жас талап,
Құшағын биікке ашқан ақ.
Болашақ биікке самғайды,
Жас қыран, жалынды жас қанат!

Өз елін сүйетін жас талап,
Құшағын биікке ашқан ақ.
Болашақ биікке самғайды,
Жас қыран, жалынды жас қанат!

Арнаған ғылымға жастығын,
Дарынға шуағын шашты күн.
Бабалар ұрпағы-біз боламыз,
Жалғаған қазақтың дәстүрін!

Шоқ, шоқ, күнім

Шоқ, шоқ, күнім, шоқ күнім,
Шоқ дегенім-мына менің тоқтығым.
Сен екеуміз көрейікші саралап,
Шексіздіктің қалтыраған от-гүлін!

Сен-өмірсін, мен-пендемін жай ғана,
Жастығымды асырдың ба пайдаға?!...
Настығын ше...опасыздың жасырдың...
Көше жақта бүрсеңдейді кейуана!...

Сен ғой оның жеген сұлу шырайын,
Тыңдар болсаң сенен сауал сұрайын:
Адам неге тәубе сөзін ұмытып,
Есіне де алмай кетер Құдайын-?...

Билегендей дүние галаматын,
Қу нәпсінің ұмытып қанағатын.
Қыран құстың өр шыңын қарға билеп,
Жапалақтар шығарар жаман атын.

Көк тұманға айналғандай от-күнің,
Мансап барда шын ақиқат жоқ бүгін.
Анау жаққа кету қиын арқалап,
Мынау жалған дүниенің боқтығын!

От ішінде

Періште емес, пендемін...
Пенделіктің өріп едім өрмегін.
Тұлымшағы дүниенің бұлдырап,
Құлын шағым елестетті жөргегін.

Жөргегінде әлдилеген ақ таңым,
Жанымды отқа әлденеше қақтадың.
Көлеңкемен көшіп бірге кеткендей,
Менің тәтті, бал шырынды шақтарым.

Бұлтқа айналып кеткендей ме бар ағын,
Теңбіл көкке телміре көп қарадым.
Қызғалдақтар өртенеді қырдағы,
От ішінде мен де өртеніп барамын.

Мен бақытты секілдімін бәрінен,
Бал ішемін у-дың да ащы зәрінен.
Тылсым күштің құдіретін сезінген,
О, дүние, неткен бүгін жарық ең!

Сыңғырлашы, қоңырау

Сыңғырлашы, қоңырау,
Сырга бөлеп шәкіртті.
Тербегендей бесікке,
Мынау алтын уақытты.

Ізімізден гүл өскен,
Жүзімізден күн ескен.
Балғын кезім бақытты!
Нұрлы таңым атыпты.

Сыңғырлашы, қоңырау,
Жырга бөлеп маңайды.
Барлық шәкірт өзіңмен,
Сырласуды қалайды.
Сағынысып, көріскен,
Қыркүйектің ақ таңы-ай,
Шәкіртіне ұстаздар,
Мейіріммен қарайды!

Сыңғырлашы, қоңырау,
Сыңғыр-сыңғыр үніңмен,
Қауыштырып біздерді,
Жұмбағы көп біліммен.
Жанарында ұстаздың,
Жалын шашқан оты бар.
Қарсы алайын мен оны,
Туған ана тіліммен!

Сыңғырлашы, қоңырау,
Тусын сұлу жарасым.
Сыңғыр-сыңғыр үніңмен,
Жүректерде қаласың.
Кіп-кішкентай балғындар,
Құтты болсын қадамың!
Сен гажайып әлемге,
Еніп бүгін барасың!

Ардагерлер, аман бол!
Сұм соғыстың алауы,
Батырлықтың балауы.
Желбіресін майдангер,
Жеңісінің жалауы!

Есіңде ме қан майдан,
Оралдың ғой шалғайдан.
Сәлеміңді жеткіздің,
Қалықтаған торғайдан?

Жеткен ұлы заманға,
Ардегерім аман ба?
Күн сәулесін төктің сен,
Мынау төрткүл ғаламға?!

Күннен шуақ өрілер,
Қуанышың төгілер.
Ардагерім, сау жүрші,
Сексендегі серілер!

Қасиетті даналар,
Күн нұрынан жаралар.
Есіңде ме қыздарың,
Сыйға тартқан орамал?!

Нардың жүгін артқаның,
Ауырлықты тартқаның.
Бақыт үшін күрескен,
Ардагерім, қарттарым!

*Құтты болсын жеңісің,
Құтты болсын өрісің.
Ардагерлер, аман бол,
Қазақ деген ел үшін!*

Сары ала күз

*Сары ала күз, сағыңып жеттің бе,
Гүлдер, гүлдер қауызын төктің бе.
Қиқулайды ұзап кеткен тырналар,
Сағым қырлар, сарғайып кеттің бе?*

*Сары ала күз,
Сары ала күз сары ала.
Сары алтынын шашып жатыр далаға.
Сары ала қаз көл жағалап ұшқанда,
Толқындарын сүйіп алар шағала.*

*Жапырағын жел шайқаған шынарым,
Желегіңнен күз көрпесін құрадым.
Көл бетінде сыңси ұшты бір аққу,
Іздеп жүр ме әлде жалғыз сыңарын?*

Жас өркен

(әні бар)

*Тілегіндей, жүрегіндей бар елдің,
Өркенміз біз бақытты әлемнің.
Шуақ төккен дүниенің төрінен,
Сенің биік құзырыңа сәлем, күн!*

Қайырмасы:

*Жарқыраған ертеңі,
Сән құраған желкені.
Жаса мәңгі жалындап,
Қазақстан өркені!*

*Сәлем, сенің құдіретіңе жарқын күн,
Қарыздармыз қабағына әр күннің.
Өсіп-өнген тіршіліктің бағында,
Бұтағымыз ата-дәстүр салтымның!*

Қайырмасы:

*Жарқыраған ертеңі,
Сән құраған желкені.
Жаса мәңгі жалындап,
Қазақстан өркені!*

Қара тауда

*Қара тауда қайғы бар,
Қалқа іздей ме ай-мұнар,
Дірілдейді діңгегің,
Кім бар мынау жайды ұғар?*

*Тау жарылды дүмпуден,
Сағы сынды сілкуден.
Шығыс жаққа қараймыз,
Үрейленіп, үркумен.*

*Таң құшағын ашқанда,
Маза кетті тастан да.
Қара таудың ұйқысы,
От боп ұшты аспанға.*

*Көкті тұман жайлаған,
Шаң-тозаң боп айналаң.
“Енші” алып жүр адамдар,
Етектегі пайдадан!...*

*Пайда іздеген пенделер,
Алдауға сен түстің бе-?
Сұрауы бар емес пе,
Мынау қара күштің де-?!...
Бабалардың көз жасы,
Жатқан жоқ па төгіліп,
Қара жолдың үстінде-?*

*Қайғы жұтса орман-ән,
Қалай бүгін толғанам-?
Қайран қара жерім-ай,
Ата баба қорғаған-!...*

*Шыңыраудан шыңғырған,
Қара жердің биесі.
Қорған бола алмайды,
Саған көктің иесі.
Көз байланды қайтейін...
Көкірегім тас-шемен,
Кешіре көр...кешіргін,
Қара жердің киесі!*

Ғайып ерен ішінде...

*(Ақын Қанипа Бұғыбаеваның рухына
арнаймын)*

*Мен сенбеймін,
Ғайып сізді алып кетті, дегенге,
Ақын өлді деген сөзге сенем бе?
Ғайып ерен, қырық шілтен ішінде,
Мәңгі айналып кеткендейсіз өлеңге-!*

*Әлдилейді енді сізді шырақ-таң,
Жаныңызды жұмақ болар жұбатқан.
Періштелер арасында жүрсіз бе,
Ақ көйлекті киіп алып пырақтан-?!...*

*Айналаңа шуақ шашқан жан едің,
Өзгелерге ұқсамайтын әлемің.
Кешірші ана, пендешілік тірлікте,
Таппай қойсақ жүрегіңнің бар емін-!*

*Жыр-анасың, нұр-анасың, сыр-ана,
Күлкің болып төгіледі күн ана.
Деп тұрғандай көрінесіз сіз маған:
-Ғайып жақтан іздеп мені жылама-!*

*Мына әлемнің аясында көгілдір,
Мәңгі ешкімге бұйырмаған өмір бұл.
Дүниенің бұрышынан бір мысқал,
Құс боп ұшып кеткендейсіз жеңіл бір...*

*Қара түннен сізді бүгін сұрайын,
Қара күннен хабар беріп тұрайын.
Мені жалғыз қалдырғаны несі екен...
Рухымен кездестірші, Құдайым!*

*Аясында аялдап ем бағыңның,
Еркелеткен үніңді мен сағындым.
Дүниеден жан таба алмай мен сіздей,
Қара түннің шымылдығын жамылдым...*

*Көктем келді...талмаураған талшығы,
Тіршіліктің тоқтамайды бар сыны.
Тек қара жел әлсін-әлсін сүртеді,
Жанарымнан домалаған тамшыны!*

Тіршілік оты

*О, тіршілік оты,
Өзіңмен тағы қауыштым,
Нұрыңның бәрін тауыстым.
Аллаға аян үмбетің,
Келеді көкке ауысқым.*

*Жердегі дауа,
Көрдегі ауа бір түсті
Байлық пен мансап қырқысты.
Көзіңнің алды-кіреуке,
Жағасы оттың жыртысты.*

*Адам ба... адам...
Адам ғой оған қайғырған.
Емексіп едім ай-нұрдан
Емшегін тосты қара түн...
Емізген сәтте
Аумай қалыптын маймылдан.*

*Соңымнан қалмай сор-балақ,
Барады екенмін жорғалап.
Қыран да емесін биіктен,
Құлап өлетін сорғалап.
Қоңызға сірә ұқсаймын,
Боқ дүнием-көр қанат!...*

*Ей, жарық күн,
Ұсқыны қара қалыптың.
Адам деп ұқсаң сен мені,
Күнін бермегін табыттың,
Сүюге күнді зарықтым!...*

Сабылу

Жалғыз емеспін... Тәңірім бар,
Жүргізетін менің де әмірім бар.
Құлақ тосқан бағыма тыңшыларым,
Жанымды ұқпай бәрің де сабылыңдар.

Ал көзімше аярлық жамылыңдар,
Түтетұғын жанымды тағы кім бар?
Мың сан мәрте Құдайға алып барып,
Алып келіп нұрыма жабылыңдар!

Жабылыңдар...
Шатассын деп сезімнің шабытынан.
Адассын деп өлеңнің бағытынан.
Шулап қоя беріп ең бәрің, бәрің...
Қара түннің ояндым табытынан.

Сонда деймін...
Мына мені тербеткендей жел-кеме,
Тәңір күлген секілді ме пендеге?
Түн-табыттан көтеріп ем басымды,
Біреу жүрді бөлмеде.

Шыңырауға құлатуға
Келген шығар деп едім,
Сен емес деп керегім.
Айналасын ақ сәулемен көмкерген,
Ұсынды әппақ желегін.

Желбіреді...
Жерден қайта көтеріп ап тағымды,

Ақ тұлпар ғып мінгізді әппақ сағымды.
Сәл еңкейіп қарап едім жоғарыдан төменге,
Тыңшыларым әлі іздеп жүр бағымды.

Қызық, өзі бұл мекен...
Рух мәңгі тірі...дейді, шын ба екен?
Менің әлгі әурелерім тірліктен
Тірі ақынға кебін іздеп жүр ме екен?!
Сабылады әйтеуір...сабылады...

Құбылыс

Өмір деген құбылыс,
Иығыңда отырады ібіліс.
Сілкіп едің селк-селк күліп жөнелді,
Шұрайыңа түсе кетті шұғыл іс!

Аңсап едің,
Ібіліссіз әппақ жолын ізеттің.
Сығырайған сәуле шашып сүзек-түн.
Құбылаға жасырынды құбыжық,
Құмырасын келеді ме түзеткің?!

Қара кеште құтылмақсың дүлейден,
Қарға адым жер... ұшырастың үреймен.
Кеберсіген таңдайыңа талшық қып,
Қара суын тамызады Сүлеймен!

Қара күннің қалап едің бау кешін,
Әлегіңе ұсынғандай әуресін.
Ібілістің ізінде тек күл қалды,
Құбылыстың қуып жеттім сәулесін.

Өмір деген құбылыс,
Шұрайыңа түсе кетті шұғыл іс.
Шырағыңа күн түсірді шырайын,
Қара суын Сүлейменнің күліп іш!

Нұр

Бастайын деп ем бір істі,
Түнектің оты тұңғиығына жылысты.
Күлбадам өмір кешегі
Күлкісін жиып жымысқы
Көзінен шапақ төгіліп,
Періштелерім күлісті.

Бастайын деп ем ұлы істі,
Жамбыдан іліп күмісті.
Шыңдарға жетті жыр-керуен,
Қапыда күйіп қара мұң,
Жарқ еткен күннен ығысты.

Әлемді кезіп нұр ұшқын,
Сандығын аштым бір істің.
Ай-доға сонда иілді,
Жүзіндей өткір қылыштың.
Мүсәпір болған мүскіндер,
Қапыда солай құрыстың.

Жарқ ете түсіп шырағым,
Құдайдан ақ жол сұрадым.
Келді ұшып үміт-пырағым,
Алдымда жатыр Құраным,
Я, Аллаһу раббым!

*Жетер емес
Екі өмірдің арасы,
Күн мен түннің таласы.
Күншығысқа көз тіктім,
Көрінбейді қарасы.*

*Қарашығым талғандай,
Түнге сіңіп алғандай.
Сағынышым нөсер боп,
Бұл ішінде қалғандай.*

*От пен өмір арасы,
Шоқтығына қарашы.
Қуырады жанымды,
Қызыл шоқтың шаласы.*

*Өртеп едің... өлмедім...
Көркем едің... шөлдедім.
Аралықты жалғар ем,
Жетер емес Өрмегім.*

Отаным

*Туған жер тұнық байлығым,
Көгімде жанып ай-күнім.
Көк байрақ туы желбіреп,
Ізі қалмасын қайғының.
Отаным, менің ошағым,
Күнім мен түнім-қос ағын.
Қазақы қара жұртымнан,
Қызырлы бақты тосамын.*

Тұғырың биік еңселім,
Нарыңның бердің бөлшегін.
Қазақы қара түңліктен,
Ғаламды шарлып өр сенім...

Жагады өшпес шырағын,
Тәңірден сауға сұрадым.
Елімнің бағын сақтай көр,
Аладан түскен Құраным.

Сақтай көр жердің ырысын,
Тіршілік алсын тынысын.
Тәкаппар таудай биік бол,
Ошағым менің-ұлы, шың!

Ғаламат күнге сенемін,
Бесігі нұрлы белеңім.
Жаныма мәңгі жарық бер,
Қазақы қара өлеңім.

Көрем бе?

Сеңгір бұлттан сең көрдім,
Теңбіл-теңбіл тең көрдім.
Телегей теңіз ақ мұнар,
Тынысыма дем бергін.

Тынысыма жел бергін,
Тыныштықта шөлдермін.
Жанартау боп сен тұрсың,
Мұхитыңда сенделдім.

О, Жаңартау, гәріп-түн,
Жанарымды қарып тым.
Шыңырауға шым баттым,
Нұрын жұтып жарықтың.

Ұзап кетіп Жайыққа,
Тербеліп ең қайықта.
Қол созып ем мен саған,
Жұтылды ғой гайыпқа!

Ғайып-түпсіз... тереңде,
Ғашық едім өлеңге.
Мәңгіліктің отынан,
Бүгін сені көрем бе...

көрем бе?!

Күнді сүйдім

Күнді сүйдім...
Сезіндім от жылуын.
Қараңызшы, дүниенің сұлуын,
Іңкәрлігім қайта оянды тылсымға
Қызық өмір сүруің.

Түнді сүйдім,
Жұлдыздары жап-жарық.
Құйрығына үміт шоғы жалғанып.
Сол үмітке алданып,
Қара түнде отырамын қарманып.

Шыңды сүйдім,
Тәкаппарлығы үшін де.
Мұзарт шыңдар көз қарыған пішінде.
Шыңды ораған көк мұнардың ішінде,
Ұшып жүрмін түсімде...

Отты сүйдім,
Дүние-бір алау-із.
Шамды жағып балауыз,
Сығырайған сәулесіне қарап ем,
Жапырақ боп үзіліпті жалау-күз.

Көкті сүйдім...
Осы ғой деп тірегім,
Тіршілікке тәңірден нұр тіледім.
Бірақ менің ауырады жүрегім...
Табыңдаршы, жүрегімнің бір емін!

Шолпы ғып...

Құс жолының ұзағын-ай,
Қауырсын боп қабырғамды сызады ай.
Темірқазық еліндегі тектім-ай,
Қоя тұрсаң қайтер еді ұзамай.

Қара түнді тербетеді бір кеме,
Шоқтығыңды шоқ жұлдызбен бүркеме.
Ай астында Ақбоз ағып барады...
Кемпірқосақ ұқсайтандай күркеге.

Жарығыңды жақшы, өзің пілтеме,
Үркер де алыс... үмітімнен үрке ме?

*Мүлгіп кету мүмкін емес дәл бүгін,
Пері қыздар бүйірімнен түрте ме?*

*Сені қайда безектетті бақ-шыбық,
Мынау жерде жауыр болған жақсылық.
Кеткендейсің қара түнде сен мені,
С-о-н-а-у Жетіқаракшыға тапсырып.*

*Тапжылмайтын сол гана гой төбемнен,
Тербетесің өмірімді өлеңмен.
Шоғырыңды тағып жүрем шолпы гып,
Сонда сені көрем ылғи тереңнен!...*

Жазбен ұшқан желегім

*Күздің таңы құйтырқы,
Бұлт ішінде боздағандай күй тұрды.
Жапырақтар күннен сая тапқанша,
Керуен көшіп, ит үрді.*

*Керуен көшті...
Жабырқады жаз елем.
Бақтың жайы кешегідей мәз емес.
Қара түннің түнегі де тымырсық,
Көктің нұры таза емес.*

*Жабырқадым...
Жазбен ұшты желегім.
Сұп-сұрқай боп көрінеді белеңім.
Ақ боз тұман арасында адасқан,
Жанымды іздеп келемін.*

Сарғайдым ба,
Сағым қуып жетпедім.
Тіршіліктің жұтып едім от демін.
Иығыма жсауып кетті тырналар,
Күздің қоңыр шекпенін!

Жабырқадым... жазбен ұшты желегім,
Жұбататын-жалғыз ғана өлеңім.
Кешегі күн ізім-қайым жоғалды,
Саған қалай сенемін?

Шұғылаңа қарай

О, қызыл шапағым,
Нұрыңа сенің батамын.
Мың бір түн сынды шаһарың,
Пендеге берсең бір алау,
Таң болып мен де атамын...

Нұрыңа толы гүл-кесем,
Қып-қызыл кешпен үндесем.
Жұмағы-жақұт, бағы-зор,
Енесің ғажап түрге сен.

Ғажапты келем аралап,
Сағымдар ұшып барады ақ.
Жалындар ұшып көзімнен,
Күй кешіп тұрмын ғаламат.

Өртенген жүзі ғаламның?...
Түйіні қалай санамның.
Отыңа сүңгіп кетсем де,
Сене алмай күнге алаңмын!

*Сене алмай түнге мұң артам,
Не дейді маған бұла-таң.
Тамшыдай ғана үмітті
Шұғылаңа қарай құлатам.*

Мысқал ой

*Мысқал ғана мүбәрәк ой,
Кірбіңім болса кіналап қой.
Кірпияз адам мен емес едім,
Шымьлдығыңнан сығалап қой.*

*Сыбызғы ойлар кемірді мені,
Көктемнің тылсым төгілді лебі.
Оңаша қалып егілсем бе екен,
Сен жоқта талай шиіе гүлдеді.*

*Бұйығы күнім бұғауда қалған,
Қылымси күлді қылаулап жалған.
Еріксіз мен де езуімді тарттым,
Шер көңілдерге жылау да арман.*

Көз

*Бүйірі шықты бүйінің,
Қалыңдай түсті күйігім.
Білмей-ақ қойшы сен мені,
Тартпай-ақ сезім күйігін.*

*Көзіңнің байқа қиығын,
Төзімнің ұстап күйігін.
Мен ішкен улы қайтесің,
Тәкаппар таудай биігім!*

Үміттің сездім тұйығын,
Балауыз шамға ұйыдым.
Тартып барады бірақ та,
Қара көзіңдегі ұйығың.

Ауа өтінде

Сен өмір сүр, ауа боп,
Қара жерде дауа көп.
Жансебіл еді жан дүнием,
Жан-жағыма жауады от.

Қараңғы түнде дүние-ғаріп,
Сейілген жоқ па сендегі жарық?
Жанымды қалай жұбатар едің;
Мендегі көзсіз дауылды танып?!

Көріне ме екен дауылдан қарам,
Дүние кейде шуаққа сараң.
Бір жұтым ауа өтінде тұрмын,
Басымды көтер, жынданып барам!...

Күн болып

Қаратау қар жамылды,
Жасырдым арманымды.
Сен маған қарайлап ең,
Қарға үміт-нарға мінді.

Қарға үміт нарға мінді,
Қыл-көпір жалғап үнді.
Сен менің қалайсың ба,
Тамшы боп қалғанымды?!...

Өткен күн-қиял-ағын,
Көзіңнен ұяламын.
Сен егер шық бола алсаң,
Күн болып сүе аламын.

Ақ өлең

Құбыжығым-ай,
Сен сондай сүйкімді ме едің?
Өтірік екен ғой,
Махаббат шикі дегенің.
Ұ-з-а-п кеткеніңде,
Қар түн қобызға айналды,
Осындай күй тілеп едім.

Ібіліс те келді,
Қажет пе ілікпегенім.
Сен оған: “үрікпе”, - дедің,
Шашымнан сипап қояды,
Мен оған күліп келемін.

Жәбірейіл ме,
Әмірге әзір дегенің.
Мазам жоқ қазір де менің,
Мен қалай қарсы алсам екен,
Сайтандар әзілдегенін?!

Перілер де келді,
Желбегей желегі-өрім.
Түн оған ұсынды төрін.
-Жүр, -дейді маған...
Тылсым бір тұңғиық жаққа,
Оларға: “көремін”, - дедім.

Аспанда ай күліп керім,
Періштелерге сай қылып төрін.
Той жасап жатыр тамұқ-түн,
Қалқытып сәйгүліктерін.

Сәйгүлік-періштелерім,
Адамнан шошып кетпегін.
Аққулар тосып көктемін,
Дүние дүр сілкінгенде,
Киіктер жосып өткенін.
Қарашы...
Тірліктің иесі-сенім,
Тылсымды сүйесің,-дедің.
Сан алуан кейіпке енетін-
Ақ өлең киесі ме едің?!

Тәбәрік

Мезгілдің қылығы-ұшпа,
Бір дауыл ұлыды тыста.
Керенау күнге де шүкір,
Тұмша-өмір, тұлымы қысқа.

Малғұнның мерейі үстем,
Тәңірі жебейді күшпен.
Өзірейіл періштеге де,
Алланың өмірі түскен.

Жүрегің егілмес еді,
Тозақ қой көңіл кешегі.
Адамға сайтандар дос боп,
Ғаламда өмір кешеді.

Осындай өмір деседі,
Сұм мен жын көңілдес еді.
Тәркі боп тояттың түні,
Тостақтан төгілмес еді.

Тұрса да жаңарып дала,
Жалғанда аралық қара.
Жақсының соңында қалар,
Көз болып тәбәрік қана.

Іңір

Іңір оты сөнбеген,
Ұзақ, ұ-з-а-қ, телміруге көнген ем.
Алыс-жақын жалтылдайды оттары,
Сол оттарға шөлдегем.
Шөлдегеннен кеберсиді ерінім.
Басылмаған секілді ме желігім.
Айқайлағым келеді ме, меңірейген
жартасқа,
Қызыл шоқтың ішінде жүр елігім!

Елігім де қызығады қызылға,
Қызыл деген іңірдегі құзыр ма?!...
Қызыгудан туады гой қызғаныш...
Әй, көңілім, бұзылма!

Қызыл түске қарамашы өмір деп,
Қызыл түске алданатын көңіл көп.
Қызыл іңір сені ішіп-жесем деп,
Саған қарай ұзарады, қызарады
кеңірдек!

*Кірпігіне жасырынып қиялды,
Нүктедей бір тамшыға да сия алдым.
Қызыл оттар арасында адасып,
Іңір менен...мен іңірден ұялдым.*

*Күн де батты... арбасудан құтылдым,
Қара кеште қашқандай ма құтым мың.
Уысымды ашып қалсам түк те жоқ,
Өзім сірә, сол іңірге жұтылдым!*

Сен кімсің?

*Қапелімде қамықтым,
Сәулесіне жылына алмай жарықтың.
Түсімдегі беймәлім жан, сен кімсің?
Саған тегі жете алмай-ақ зарықтым.*

*Неткен нұрлы жанарың,
Күлімсіреп сағынышпен қарадың:
-Неге кешіп жүрсің дейсің? - сен маған,
Пәтуасыз дүниенің аралын?*

*Шымырлайды жүрегімде шынар ақ,
Сенің жаның екен деймін мүбәрәк.
-Неге кешіп жүрсің? - дейсің сен маған,
Мылқау күннің миығын бұл сұғанақ?*

*Пәруайсыз дейсің адам ниетін,
Мансап үшін бақайымен күйетін.
Өзің айтшы, мынау жердің бетінде,
Шын махаббат бар ма екен күйетін?*

Ашылғандай күннің ыстық құшағы,
Бірақ анау... гайып жаққа ұшады.
Көзімді ашсам себезгі бір сәуле жүр,
Бұл да өзі жақсылықтың нышаны.

*Дүбірлі мынау дүниеде
(Жамбыл рухына арнау)*

Жаһанның кешкен жалпағын,
Армысың баба, арқалым.
Дүбірлі мынау дүниеде,
Дүмбірлеп атқан әр таңың!

Жарқырап тұрған бағыңды-ай,
Жалтылдап көшкен лағылдай.
Өлеңнен құйсаң ақ күмбез,
Патшаның ұлы тағындай!

Тағыңда айбар жыр өскен,
Бағыңда жай бар нұр ескен.
Сағымнан тартып бір мұнар,
Ағымға мен де ілескем!

Қиын боп кетті сұрақ-таң,
Жауабын таппай шырақтан.
Шырпыңды жағып, жан баба,
Қарашы, тұрып, жұмақтан!

Аура

О, пенделік көгім,
Пернеңді басса тиер ме себің?
Алтынды көрсе мысы құрыған,
Періштелердің таптың ба ебін?!

Періште адал...
Перизат қыз ғой қызыққан.
Мәуелі ағаштың жемісің алдың үзіп сан.
Желкілдеп кеткен желегі оның бар әлі,
Құтыла алмаған, сытыла алмаған
қызықтан.

Тұншықты таңым,
Жүзіне тары шашқан кім?
Кірпияз емес, кірбіңі қалың бастанғым.
Пенделік пейіл сан түсті бояу болған соң,
Аурасы ауыр аспанның.

Аурасы ауыр...
Ауырып мен де безердім.
Пенделік көктің пейішін қалай сезермін?!
Ас ішіп, аяқ босату ма еді бұл ғұмыр,
Сезімсіз жандай өзімнен-өзім безердім.

Көңілге демеу көрерміз сонау тау басын,
Сезімге-желеу, шапағы күннің баурасын.
Қауға бас сондай жеп-жеңіл болса
қауіпті,
Жоғалтқан онда адамдық ардың аурасын!

Оралар

Қапырық ауа,
Ішімде өлді құса-түн.
Құса-түн жалған,
Жалғаннан құс боп ұшамын.
Жаныма түскен,

Жарығың сенің жазықсыз
Жазықсыз отпен,
Жанымды тағы тұсадың.

Жазғырып қайтем,
Онсыз да жарық-тұрақсыз.
Келіп те қалар
Жаз өтіп, сосын құрақ күз.
Көзіме менің
Тым ыстық болып тұрсаң да,
Соншалық біздер жырақпыз.

Өмірдің заңы,
Осылай бәлкім кереғар.
Жасай алмаймыз
Сезімге тағы жорамал.
Жарықты сүю,
Өмірді сүю ганибет...
Жүрегім қайта оралар, тағы
оралар...

Қас-қағымда...

Тұрлауың сенің тұрақсыз,
Жылгадан көшті жылап күз.
Тұлымы қысқа ғұмырда,
Жылт ете түсер шырақпыз.

Шапағы күннің лағылдай,
Сусиды күнге бағынбай.
Тіршілік оты-бір тұтам,
Қамшының қысқа сабындай.

Кештің де келте етегі,
Сынаптай жылт-жылт етеді.
Бір ұшқын күннен ұстасам,
Уысымнан шығып кетеді.

Уысымнан шығып кетеді,
Үміттің шолақ жетегі.
Қас-қағым етпей барлығын,
Баянды етсең не етеді,
О, бейопа дүние!

Елең қағып

Бұл үмітім бұлдыр еді,
Оның жайын кім біледі.
Өбектеген түрім жаман,
Жаным нені бүлдіреді?

Келмес тағы жаңылысым,
Елең қағып алып ұштым.
Селдір тұман арасында,
Сезігі жүр сағыныштың.

Түнге кейде тығылады,
Оның жайын кім ұғады?
Сындырмаса екен деймін,
Шыңырау-түн құмыраны.

Ұғысатын ұрын шақ па,
Ұрынбаймын кінә тақпа.
Бұл-сорақы сезім шығар...
О, Құдайым, содан сақта!

Өларадагы өлеңім...

*Толгагы жеткен Ақберен,
Тогайда ма еді бақ деген.
Толагай таудың тылсымы,
Тобыгыңа шақ па екен?*

*Тобылғы түстес тарланым,
Талмаурап кетті бар маңым.
Тақияң толы қызылды,
Шалады көзі қарғаның.*

*Көңілді кейде бақша гып,
Алқынып жетер ақ шабыт.
Сонда да шалқи алмайсың,
Шарасыз еді шақша-үміт.*

*Миымды тесіп мың шыдам,
Миғұла күнде түншығам.
Ақберен шабыт өртенсе,
Уытын түнге ұмсынам.*

*Тұзы бір қалың көлдейсің,
Сорына тағы шөлдейсің.
Өз жанын жеген жанкештім,
Сірә, сен мәңгі өлмейсің!*

*Өлмейсің енді... Ақберен,
Өзегің екен бақ деген.
Өларадагы өлеңім,
Бесігіңе шақ па екен?!*

Жыр құсым

*Сеңгір көгім, сезімімді шерт менің,
Сусылдайды сыбдырымен бөктерім.
Кейуанадай күз қартайып барады,
Кебежеден шығарғандай от демін.*

*Еріндері кеберсіген керім-күн,
Белдеуінде қызыр отыр төріңнің.
Қызыр-өлең бесігінен оянып,
Сәукелеңе сәуле болып төгілдім.*

*Қара күздің алқынғанда үр лебі,
Қара ағаштың үгітілді бүрлері.
Бүлде ішінде бүрсең қағып барады,
Кемпір-шалдың беймаза боп түрлері.*

*Бүлдеменен бүркенеді сыр-ағын,
Бүйірімде бүлк-бүлк еткен бұлағым.
Шарбы бұлттар арасында қалықтап,
Ұшып бара жатыр алтын пырағым.*

*Күздің желі өпті келіп арқамнан,
Қанатымнан қызыл алау қан тамған.
Тұңлігімнен басталғанда тіршілік,
Жібектей боп нұр еседі қалқамнан.*

*Сары алтынга орап көңіл жиегін,
Сағыныштың сазына мың күйемін.
Самаладай жарқыраса жұлдыздар,
Қара түннің қарашығын сүйемін.*

Сырнай тартып сыңғырласа сылқым-бақ,
Сынап-өмір өте шығар жылтылдап,
Өзін-өзі түсінбейтін пендеңе,
Періштелер, күліп қойшы сылқылдап.

Сен-періште,.. қандай еді түр-түсің,
Жібер қуып пенделіктің түлкісін.
Жалт-жұлт еткен қанатыңмен қорғай
жүр,
Жапырақ боп қалықтаған жыр-құсын!

Ұршық-өмір

Тауқыметім-тарам жолда,
Ұмытуға шарам бар ма?
Ғасыр өзі екшелейді,
Соңыңа тек алаң болма.

Нәубат келіп, аштық өтті,
Темір құрсау, тас түнекті.
Етектегі ебелектер,
Ел мен жерге қастық етті.

Толарсақтан саз кешіп ем,
“Елім-ай”, - деп баз кешіп ем.
Әуірімдеп аман қалдық,
Құрсауланған жаз көшінен.

Қайғы жұтып нұр-кешімді,
Бар үмітім түнге сіңді.
“Обал” сөзі күлге айналып,
Бесігімде тіл кесілді.

Тұрған еді сыздап жаным,
Естілді бір құздан сарын.
Құзырыма күн талшық боп,
Жарып шықтым мұз құрсауын.

Солай... бізді күн жебеді,
Тілім босап түрмедегі.
Ұршық-өмір шыр айналып,
Қалай өзі түрленеді?

Жанартаудай жаңғырығым,
Тасты жарды таңғы бір үн.
Ақ бесікке тербетілді,
Тіршілігім-мәңгілігім!

Кие

Қасиет...қасірет...
Аққуда болған бұл кие,
Әлемді шарлап жыр-кие.
Назасы бар деп ойлай бер,
Жағылса аққа бір күйе.

Қасиет күнді тербеді,
Қасірет кімді жерледі?!
Бабалар жолы-киелі,
Өмірде қалған өрнегі.

Үркеді құстар дүлейден,
Үкі де ұшар үйреймен.
Оттың да бар-ау, киесі,
Судың да бағы-Сүлеймен.

Дүние-тылсым... қарашы,
Ішінде бар ма жарасы?
Қалыңдай түсер қайғыдан,
Қара жердің де наласы.

Киені күйші таныған,
Қобыздың іздеп зарынан.
Қасиетті Қорқыт бабамыз,
Жүрегін отқа жаныған.

Домбыра... ол да киелі,
Бар қазақ оны сүйеді.
Қасірет тартса қара түн,
Сырқырап кетер сүйегі.

Жалғанда жұмбақ қара түн,
Жол қайсы шыңға баратын?
Тірлікте қорықсаң киеден,
Пейіште жүрер қанатың-
Қасиет... қасірет!...

Қарға бала

Қара түнге қақ тұнды,
Қара жолда өрнегім.
Қара көзге бақ тұнды,
Қарға бала сен бе едің?!

Қарбаласқан өмірдің,
Қиығына жасырын.
Жардан асқан көңілдің,
Иығында асыл күн!

Тұйығында ғасырдың,
Қарайлайсың қалайда.
Жұлдыз болып шашылдың,
Тез сөнуден абайла!

Жар басында жарық күн,
Күтер сені бір биік.
Арнасында қалыптың,
Көрінеді тұңғиық.

Алып ұшса қанатың,
Жақсылыққа жортамын.
Қара көзің-қара түн...
Қара түннен қорқамын.

Қара түнге қақ тұнды,
Қара жолда өрнегім.
Қара кешке бақ тұнды,
Қарға бала сен бе едің?

Іздеп келем

О, Махаббат, алдың-өрт, артың-елес,
Махаббаттың бұл өзі шарты да емес.
Сезімдердің құпия әлемінде,
Ғашық болсаң біреуге артық емес.
Ғашықтың ба, білмеймін...жасықтың ба,
Өртенеді дүнием тасып нұрға.
Салмақтағым келеді сабырымды,
Сүйгізуге өзіңді асықтырма.

Үзілдірмей қоя тұр өзегіңді,
Қиялыңа тербетіп кезегіңді.
Махаббаттың ғаламат әлемінде,
Түсіне алмай қалармын өз-өзімді.

Сүю деген
Сатылардан қаланатын талай шың,
Сүйгеніңді періштеге балайсың.
Сен біреуді жақсы көру арқылы,
Рухыңның өлмегенін қалайсың.
-Өлме!-дейсің,
Шым-шым етіп жүрегіңнен құлын-ән.
Сағыныштың жібек есіп қылынан.
Шертіп едім төгілді бір шерлі күй,
Шын махаббат әлдеқашан құрыған...

Жо-жоқ, мынау-
Құбылғандай күн-бағы.
Жүрегімнің үкімі емес бұл-дағы.
Махаббатсыз дүниеден қорқамын,
Өмір деген махаббаттың құндағы...

Өмір деген-мына мен,
Сенсің!-деді Тәңірімнен сұрап ем.
Қас-қағымда ғашық болсаң несі айып,
Лапылдаған сезімдерге құмар ем.
Мазасыздық ...
Сабыр қашты төзімнен,
Сырласасың баяғы бір кезіңмен.
Өмір деген арпалысу десек те,
Жанталасу екен мәңгі өзіңмен.

Жанталасу...

Біреу үшін жан пида.

Көңіл құсым бұтағында қалғи ма?

Ақ әлемде ұшып келем жоқ іздеп,

Сезімдерім өрт әлемде қаңғи ма?

Махаббаттың жолы неткен асқар ең,

Мені бірде тұңғыққа тастап ең.

Танып тұрып тәлкек еткім келген-ді,

Шын сүюдің тозағынан қашқан ем.

Екеумізге ашылғандай басқа әлем,

Сен бір тұнық аспан ең,

Біле тұрып жалт бұрылғым келген-ді.

Шын сүюдің азабынан қашақан ем!

Мезгіл екен бәрін де тізбектеген.

Ұлы шыңның басынан мұз кетпеген,

Ұлы күннің дір еткен кірпігінен,

Нағыз ұлы махаббат іздеп келем!

Мұң-жанымның бөлшегі

Түлен тұрткен ойымның,

Тұрмесіне қамалдың.

Сол қапастан мен сені,

Шығара алмай алаңмын.

Кінәлаудан аулақпын,

Тұнжыраса қабағың.

Жанарымда саулап мұң,

Түн жұтқанын қаладым...

Сендегі бар сезім-жұт,
Қалай десең еркінде.
Түсінбейсің өзің түк...
Жұтыламын мен түнге.

Мұң-жанымның бөлшегі,
Ойымды үңгі, оймақ-күн.
Кешір, жаным...мен сені,
Ғашығым деп ойлаптын.

Түсін... мейлі түсінбе,
Қайтем шоқпен таласып.
Өз жүрегім ішінде,
Жүрмін әлі адасып...

Бір мезет

Жапалақ-жапалақ қар жауса,
Қарғалар ұшар қарқылдап.
Мұзбалақ сүйген мұзарт-шың,
Өзекті күнмен жалтылдап.

Үдеген қыстың бораны,
Беймаза күйге орады.
Қызарған нарттай жүзіңді,
Шыңылтыр аяз сорады.

Шыңылтыр аяз...құйтырқы,
Қасқырдай ұлып, ит үрді.
Тыныштық орнап бір мезет,
Иіні қанған күй тұрды.

Сол сәтте ерке күй ақты,
Ақ ұлпа жауып қияқты.
Үкілі талдар майысты,
Ибалы келін сияқты.

Көзімді қарып шың басы,
Жылтылдап жақұт сырғасы.
Үлбіреп тұрды қыз-қайың,
Сәукеле киіп сұлбасы!

Сүрлеу жолда

Сүрлеу жолда сүңгі бар,
Сүйем жерін сыр ғып ал.
Жәудір көзді пендесін,
Жәбірлеуге түн құмар.

Сауалыңды сезермін,
Зауалыңды кезермін.
Қылуетте сұрақ көп,
Қияметке төзер кім?!

Бетегедей биігім,
Белбеуіңде-тұйығым.
Емеурінің тым ессіз,
Бебеулейді күйігім!

Байғыз

Жазықсыз еді байғыз құс,
Байызын Тәңір кетірген.
Бақаның бағы-ми батпақ,
Бақылдап тақта секірген.

Көз салсаң ізге байыпты,
Жапалақ жарға лайықты.
Жалғыз ақ осы байғыз құс,
Болды екен неге айыпты?...

Ниеті құстың кесірлі,
Талайдың бағын өшірді.
Бұл күнде байғыз жоғалып,
Адамдар алды-ау, есімді...

Жүректі сақта

Ғашығым,
Бәрі неге жасырын.
“Сүйем” деп айту тым ерте,
Сағымға кетті асылым.
Себебін іздеу қиын-ды,
Сергелдең еді гасырым.
Күтпеймін сені,
Күтпеуге тағы себеп көп.
Кезіге қалсаң
Кетпеші жаным ебектеп.
Шын сүю деген...
“Қауіпті” деп ең сен маған,
Жүректі сақтау керек,-деп.
Жүректі сақта,
Сақтағай мәңгі көктемді,
Артпаймын саған
Назымды әлде өкпемді.
Тұңғыық жалын
Жетектеп бара жатқан соң,
Өзіңнен емес... өзімнен қашып
кеткем-ді.

Кездеспе енді,
Кездесу қиын білемін.
Алыстан аңсап жүре бер...
Жалғыз тілегім
Сүймеймін сені...
Сүймеймін деп ем алайда,
-Сүйесің!-дейді жүрегім...
Жүректі сақта,
Өртеніп кетер қас-қағым.
Лақтырып сені
Санамнан алып тастадым.
Сенбесең қара, мұнарға...
Ақ мұнар көшкен аспаным,
Мұңлық емеспін, мен бүгін...
Басқамын...басқамын!

Батыр анаға

Осы сөзде өмір жатыр қаншама,
Қиындықпен арпалысар жан сала.
Күн көзіндей жанарынан от шашып,
Мейірімін төгіп тұрар баршаға.

Аналардың бал тамады тілінен,
Бар әлемді әлдилеген үнімен.
Сақтау үшін адамдардың өмірін,
Тас емшегі тас түнекте жібіген.

Ана есімі әлімсақтан ардақты,
Көтереді нар жүгіндей салмақты.
Үзілерде адамзаттың тынысы,
Ақ сүтімен өмір жібін жалғапты.

Нұрландырар шуағымен даланы,
Аналарсыз өмір өшіп қалады.
Азуынан жолбарыстай жыртқыштың,
Аман алып қалған жалғыз баланы.

Батыр ана,
Батырлығы шексіз тым.
Сыннан талай сынабыңды өткіздің.
Қазақ елін, қазақ жұртын көбейтіп,
Осы күннің етегіне жеткіздің.

Отқа түскен, оққа түскен бұл ана,
Аналардан туған талай гұлама.
Ана-өмір, ана-бақыт, ана-жыр,
Тек ананың қайғы-шерін сұрама!

Әулие баба

Қызыр қонған жанына,
Қыдыр қонған тағына.
Шуақ шашып тұратын,
Дүниенің бағына
Әулие баба, бармысың!

Өмір ізің-арман, өн,
Жақсылықты қорғаған.
Ақ әлемнің ақ нұрын,
Жүрегімен толғаған
Әулие баба, армысың!

Тылсымменен тыңдасқан,
Құдіретпен сырласқан.
Бабалардың ақ жолы,
Ғасырларға жыр-дастан
Әулие баба, бармысың!

Ақ ниетті жол басың,
Уақыт-бесік толғасын.
Бабамыздың әруағы,
Қазақ елін қолдасын!
Қазақ жерін қорғасын!

Шамшырағы елінің
(Сидней Олимпиядасының чемпионы,
боксышы-Бекзат Саттархановтың рухына
арнаймын)

Ағып түскен жұлдыздай тылсым
түннен,
Оның жарық үмітін кім сөндірген?
Қазақ ұлы-біртуар,-Бекзат еді,
Бүкіл әлем тынысы дүр сілкінген.

Қазақ ұлы қашан да нар тұлғалы,
Сын,-жебенің жүзінен тартынбады.
Көк байрағын елінің желбіретіп,
Тұғырында жеңістің жарқылдады!
Арман етіп боксты тал-бойына,
Тағдыр сынның тап болды қандайына?!
Найзағайдай жарқ етіп, көкті тіліп,
Сыймай кетті-ау, қазақтың
маңдайына!

Шамшырағы секілді қара күннің,
Жарығынан ізіңді табатын кім?!
Үркері боп үміттің тудың ба екен,
Жұлдызындай жарқ етіп қара түннің.

Музасына айналдың мұз-белеңнің,
Сұрағына айналдың күзгі өлеңнің.
Пырақ болып аспанда ұшып жүрсің,
Мәңгі сені жүреді іздеп елің!

Әлем жұрты қызыға алар демін,
Шыңнан асып кетер ме барар жерің!
Афинаның алқасын тірі болсаң,
Қоржыныңа тағы да салар ма едің?!

Ана тілім

Уақыт ізі жаңғырған,
Жаралғандай таң-нұрдан.
Білім нәрін іздейік,
Абай менен Жамбылдан.

Міржасқып пен Шәкәрім,
Түзеп көштің қатарын.
Алтынменен аптадың,
Ана тілдің шаһарын.

Ана тілім-киелім,
Тұғырыңды сүйемін.
Бабаларға кешегі,
Басымды мен иемін.

*Ана тілім албырт тым,
Келеді бәрін жаңғыртқым.
Қазақ тілі болмаса,
Күнін кешем мәңгүрттің.*

*Ана тілім-тірегім,
Лүпілдеген жүрегім.
Бабаларым кешкен-ау,
Бұл өмірдің түнегін.*

*Көрген тағдыр азабын,
Темір тордың тозағын.
Мен солардың көз жасын,
Ана тілмен жазамын.*

Елік қыз

*Үлбіреген үр қызындай,
Табиғаттың сыр қызындай.
Жігіттердің қол жетпейтін,
Аспандағы жұлдызындай.*

*Көктем қыздың гүліндейсің,
Нәзік үнмен дірілдейсің.
Бүршік жарған ақ қайыңның,
Ашылмаған бүріндейсің.*

*Мойыл көзің қарақаттай,
Жастық өмір, дара шақты-ай!
Елеңдеген елік қыздың,
Көзіндегі бала шақты-ай!*

Баба тарих

*Толгай-толгай күн де атар,
Тогынына түн батар.
Шежіре боп тереңнен,
Баба тарих тіл қатар!*

*Мынау-аспан, мынау-жер,
Бірін-бірі сынауда ел.
Бір шөкімдей болса да,
Санамызға қылау бер!*

*Уақыт жаңа, жаңа ұғым,
Түсіргендей жарығын.
Бабалардың рухы,
Тигізер ме шалығын?!*

*Баба тарих-ғасыр күн,
Сынығындай асылдың!
Бір жұтымдай болса да,
Жарығын бер, жасынның!*

*Жалау-жалау күндерім,
Жамау-жамау түндерім!
Ай-кезбе боп айналам,
Ұлы жырдың діңгегін!*

*Ұлылықты өлшедің,
Тәңір алды бөлшегін.
Жұлдыздар да емеді,
Уыз түннің емшегін.*

*Жырды сүйіп жанарым,
Ұлы жолға қарадым.
Жалаң аяқ, жалаң бас,
Безіп кетіп барамын.*

*Безгелдегім, тоқтай тұр,
Зымырайсың оқтай бір.
Жалт-жұлт етіп көрінер,
Сонау жақтан шоқтай нұр!*

Желтоқсан таңы

*Желтоқсанның таңы атты,
Желтоқсаным-алапты.
Не көрмеді бұл қазақ,
Ақтарып күн парақты!*

*Қуғын көрген бабамыз,
Сүргін көрген данамыз.
Солқылдады бір кезде,
Сахарадай даламыз!*

*Не көрмеді бұл қазақ,
Маңдайында тұр ма азап!
Сеңгір-сеңгір сең көшкен,
Сүйрегені мың “ғажап”.*

*“Жақсыларға” бас ұрды,
Олар қорлап асылды!
Бір күндері дүлейдің,
Қылығына ашынды!*

Қарсы шығып басқаға,
Дүр сілкінді Астана.
Тәуелсіздік құрбаны,
Болды сонда жас бала!

Тәуелсіздік туды күн,
Кесті жаңа кіндігін.
Азаттықтың жолында,
Ашты жаңа түңлігін!

Жатқа бермей өрісін,
Намысы мен елі үшін.
Құрбан болды Қайраттар,
Қасиетті жері үшін!

Арсыздықтан кекті алып,
Талай қазақ сотталып.
Аққан жұлдыз секілді,
Аспан жақтан кетті ағып!

Сол қазақты есіңе ал,
Ақиқатты шешіп ал.
Ел мен жердің киесі,
Қызыр қонған көші бар!

Иесі бар бағыңның,
Киесі бар тағыңның.
Туған жердің қасиетті,
Топырағына табынғын!

Дүбәрә

*Күзүры биік күн-ием,
Сыңғыр-сыңғыр дүнием.
Дөңгелесе сүйінем,
Сөйлемесе күйінем!*

*Сөйлегені-дүбәрә,
Шалды-күйлі шығар ә?!
Білмегені күнә да,
Тіл дегені шұбар ә!*

*Сөйлесуге ес керек,
Мінезі де көш бөлек.
Сырты сырбаз болғанмен,
Ішкі жағы-бос кебек!*

*Қақтық оны арқадан,
Салмақты деп әр қадам.
Менің бірақ көзіме,
Көрінгендей жарты адам!*

*Жарты сана, жарты-ұғым,
Бұл жартының арты-мұң!
Жалбалақтап “жартыға”,
Жарығымды сарқыдым!*

*Жұлым-жұлым ой-кешін,
“Жырым-жырым той” десін.
Аузы қисық болса да,
Бай баласы сөйлесін!*

Сөйле... сөйле дүбәрә,
Тілден тікен шығара.
Қолпаштаумен күнара,
Батып жүрміз күнәга!

Ләззат ару

(Желтоқсан құрбаны)
Ереуілге шыққан елдің,
Ерлігіне сүйін, күн.
Ләззат-өмір, Ләззат қызды,
Алып кетті... күйіндім!

Қанды шеру... қақаған қыс,
Құтырды “иттер” астаналық.
Қылмыс өрті тақаған іс,
Сүйреді оны шаштан алып.

“Өкпесін ез, желкесін үз!”-
Деп жендеттер желікті.
Өлімнің де еркесіміз,
Жас ғұмырын беріпті!

Бесігінде қалықтады,
Қалқығандай арман-әні.
Шыңыраудың ғаріп-таңы,
Қыз ғұмырын жалмаған!

Талау өмір... тепкідегі,
Тоқтатпады арбасын.
Құламасын көк тірегі,
Тауып мәңгі жалғасын.

*От жалында азап таңы,
Алау болып жанды іште.
Ләззат ару-қазақ бағы,
Намысы үшін ант ішкен!*

Құлазу

*Көңілге тылсым күй тұнды,
Бөлгенің қалай ұйқымды?
Күлшелі бала сен бе едің,
Сүмбіле айдай сүйкімді?!*

*Ғашықтың күні-күн бе екен,
Ғашықтың тілі-мұң ба екен?
Өз жанын өзі үгетін,
Дегбірі қашқан жынды екем!...*

*Жындының ісі құрысын,
Тарылып кетті тынысым.
Жап-жарық күнде адасқан,
Жындыға бар ма бір үкім?*

Жабайы қыз

*Ауылдағы “жабайы қыз”,
Қалай көңіл сарайыңыз?
Мұңаясыз неге бүгін,
Тотыққандай арайыңыз?!*

*Таңды күліп атырамыз,
Сіз жайында жатыр аңыз.,
Уақыт заңын бұзар болсаң,
Ұятыңды сапырамыз!*

Мұңдылау гой көктем күні,
Шығармайды шектен мұны.
Басынғандай біреулердің,
Дүлей сөзі...өктемдігі.

Шеңбер-өмір шыр айналар,
Төбесінде күн айналар.
Шығып кетсең жиегінен,
Бәрі саған “Құдай” болар!

Ойыңды отқа қарып өстің,
Айналаңның бәрі-көшкін.
Романтика!... Өлген ол да,
Фантастика!...Жарым ессің!

Ауылдағы жабайы қыз,
Тотыққандай арайыңыз.
От-көмбеге қуырылдың,
Қызыл шоқтай сарайыңыз.

Өлең жолы қиын деген,
Жындан, осы күйіңменен.
Лирикаңды кім сүйеді,
Көк есектің миын жеген?!

Қайда әлгі асыл бағың,
Айтасың-ау, гасырға мұң.
Жақсы еді гой одан да сен,
Өлең-қылға асылғаның!

Сергелдеңім

*Сұсты өмір сұңғыладай,
Сұрланады сұрша-қыз.
Жібегімді жүн қылады-ай,
Шуағыңнан бір тамыз!*

*Бір күдікпен бір үмітпен,
Қарайладым қарғашым.
Таусыласың үгіліп сен,
Тақуалау бар ма сын?!*

*Таңданасың, таң қаласың,
Көргендей ай-кезбені.
Қара түнге жар боласың.
Тылсымның көп безбені.*

*Бір күдікпен, бір үмітпен,
Түртіп түннің күркесін.
Әлденеден түңіліп сен,
Ай-кезбеден үркесің!*

*Сол күдіктен секем алдым,
Сезіктенер пендемін.
Түсінбей тек кете бардың...
Сергелдеңім сен бе едің?!*

Тіршіліктің өзегі...

*Ана болар тіршіліктің өзегі,
Құдіретті жүрегімен сезеді.
Арнасынан ана арқылы тасиды,
Еліміздің тәуелсіздік өзені.*

Ана арқылы өркен жаяр гасырым,
Ақ қыраудай белгісі бар шашының.
Өмір гүлін бесігінде тербеткен,
Ана деген-ырысың мен нәсібің!

Ана жайлы талай-талай айтар өн,
Уақыт талай жаңарады қайтадан.
Жанарынан аналардың өшпейтін,
Мәңгіліктің гұмыр ізін байқағам!

Мәңгіліктің үміт оты жарысқан,
Батыр ұлы көрінеді гарыштан.
Батыр қызы от пен суда алысқан,
Ал, рухы демеп жүрер алыстан!
Анаң барда асқак, болар айбының,
Шуақ оттың кешерсің бір айдының.
Айдын- өмір алақаны ананың,
Ана арқылы жарқырайды ай, күнің.

Ана деген-өмір гүлі, өзегі,
Қиындыққа қайсарлықпен төзеді.
Ана жолы-мәңгі жасар асқар бел,
Ана жолы тіршіліктің өзені.

Тобылғы

Тобылғы гүлі түссе де,
Тозаңы қалған шығар-ау.
Солқылдақ еді... тулақтың,
Соқтасын алып тынар-ау!

Сабауға құмар сары әжем,
Ысқырып желді осқандай.
Найзағайдың отына,
Кемпірқосақты қосқандай.

Ысылдап арқан ескенде,
Зәрінен оның сескенбе.
Ақ әже әппақ бұлт болып,
Аспанға әлде көшкен бе?!

Сабаудан шыққан ақ мамық,
Барады қайда аттанып?!
Жүрерміз тулақ өмірдің,
Тобылғысынан сақтанып,
Соқтасына қақталып!

Меңдуана

Меңдуана, меңдуана,
Қара жерге қалқасың!
Қалың мұңды сен, қуала,
Қағып көңіл қалтасын!

Қара жерге қаулап өстің,
Қауашағың бар қалың.
Күннен шуақ аулап өстің,
Дертке дауа әр талың.

Өмір берді өзекті-күн,
Өзегінен у тамды.
Удай ащы кезекті мұң,
Көрсете бер, шипаңды.

Меңдуана, меңдуана,
Мейрам күні туганмын.
Удай ащы, удай тәтті,
Сезімге мен уландым.

Шипаңды бер, меңдуана,
Екі ұдайы күй кештім.
Сезім деген у болмаса,
Мүмкін оны сүймеспін.

Хош, мектебім!
Тәуелсіз елдің шырағы,
Жарқырап ылғи тұрады.
Өз елін сүйген ұландар,
Болады мәңгі қырағы.

Қырағы көздер қияда,
Дүниеге бір сәт сия ма?
Қимастықпен қараймыз,
Балалық өткен ұяғы.

Саялы бағым сен едің,
Ержетіп міне, келемін.
Теңіздей мені тербеттің,
Ақ желкен жайып желегің.

Толқиды тербеп күй-ана,
Арманды жалғап қияға.
Ұшқалы тұрмыз өзіңнен,
Хош дейміз ыстық ұяға!

Күн шуақ болып тараған,
Сәби боп тудың анадан.
Намысын елдің қорғаймыз,
Бәйгеге түсіп аламан!

Ұландар әні

Гүл жайнаған даламыз,
Нұр жайлаған қаламыз.
Күлкі шашқан жүзінен,
Біз бақытты баламыз!

Біз-ерліктің қыраны,
Жаңа ғасыр ұланы.
Жасай берсін асқақтап,
Тәуелсіздік ұраны!

Біз-ерліктің еркесі,
Көштің бастар серкесі.
Қазақ елі көркейсін,
Өркен жайып өлкесі.

Балдай тәтті кезіміз,
Батырлардың өзіміз.
Ғасыр ізін жалғаған,
Бабалардың көзіміз!

Әз-Наурыз

Көптен күткен ұлы күн,
Желбіреді тұлымың.
Теңеледі күн мен түн,
Бұлттан есіп бұрымын.

Келді бүгін ұлы күн,
Көктем ашар қылығын.
Ақтарылар ақ сандық,
Асыр салып құлының!

Құттан ағып ырысың,
Ашылсын бар тынысың.
Ата-баба қорғаған,
Алдымызда-ұлы сын!

Алдымызда-ұлы шың,
Жалтылдатар қылышын.
Көктен жаусын бар нәсіп,
Әз-Наурыз күн үшін!

Көктен қызыр, бақ келді,
Дастарханға ақ келді.
Тәуелсіздік елімді,
Тіл көздерден сақта енді!

Ұстаз

Ұстаз! Ұстаз!
Есімің мәртебелі,
Ұстаз десе көңілге ән келеді.
Есіміңде гажап бір ұлылық бар,
Бағыттайтын өмірге әр кемеңі.
Ұстаз деген есімің биік көктен,
Бір бойына даналық жиып өткен.
Ұлылыққа ұлылар әр қашан да,

Ұлы басын мәңгілік иіп кеткен!
Білімде ғой адамның талай бағы,
Айналамыз жұмбақ бір шарайнаны!
Арманы не қазақтың бір басында,
Бар емес пе, Шәкәрім, Абайлары?!
Ұстаздардың еске алып қасиетін,
Ұлылардың сақтайық өсиетін.
Ұстаз деген тұлғада даналық бар,
Даналыққа қашан да бас иемін!

Үрей

Бейбақ күздің сояудай ғой тырнағы,
Қайың-қыздың жүрек отын тырнады?
Лыпасынан айырылды тал-шабық,
Оны-дағы желаяғы ұрлады.

Желаяқтың байқамайсың жетегін,
Алма бақтың ашып кетті етегін.
Жерге ұшып кеткендей ме үмітім,
Желаяқты қашан қуып жетемін?!

О, бейбақ күз! Бейбастығың бір төбе,
Бейсауытсыз дүниені бүркеме.
Сені қойшы...қорқатыным тек қана,
Қызыл көздің қызыл иті ұлып жатыр
күркеде.

Ай сәулесі

Қараңғыда ай-мамық,
Сәулесіне байланып.
Ақ мұнарда қалқисың,
Әппақ бұлтқа айланып!

Бұлдыр, бұлдыр, бұлдыр-ән,
Ұйықтап жатып шыңғырам.
Ай сәулесін сіміріп,
Ай сәулесін сындырам!

Дейді біреу сағым іш,
Сағыныштың қағын іш.
Қара ошақты көсе де,
Қызыл шоқтың табын іш.

Қараңғыда ай-мамық,
Сәулесіне байланып.
Кеткендеймін әп-сәтте,
Әпнақ құсқа айналып.

Көктегі алау

Бармақтай ғана бағымнан,
Байлаулы жібек сағымнан.
Сындырып алған сынабым,
Қорқамын сенің тағыңнан.

Қашасың кейде бағыңнан,
Ұстай алмадым ағымнан.
Қараңғы түнде қамықтым,
Мұң жұтып ащы қағыңнан.

Сөндірмей үміт-белгісін,
Көктегі алау сенбісің?
Көлеңкем болып қалмайсың,
Суылдап соғар желмісің?

Әлде сен айға бардың ба,
Сынаптай өмір бар мұнда.
Елес пен емес ішінде,
Адасып сенен қалдым ба?

Мәңгілік емес ештеңе,
Мәңгілік жүзер көш-кеме.
Өзің деп соққан жүректен,
Жүремін ылғи сескене!

Сүйе де алмай басқаны,
Сезімнің сұрқы қашқаны.
Елеске айналып кетердей,
Махаббатымның аспаны!

Мыстан-күз

Шашын жұлды арман-бақ,
Жапырақтары жалбаңдап.
Қара жерді көмкерді,
Қарға-үміті қалбаңдап.

Қалтыраған шынар көп,
Сытыр-сытыр сынар тек.
Қара суық келгенде,
Көз қарытар мұнар-көк.

Қалжырайды белес те,
Айналып ақ елеске.
Алба-жұлба киімі,
Мыстан кемпір емес пе?!

Талдың бәрі қураған,
Бар дүние шулаған.
Мыстан кемпір, кәрі күз,
Ысқырығы зулаған.

Бұғы-Ана

Мазалаймын мен сізді,
Тәнім емес... жаным құсқа айналып.
Таңсәріде терезеңе байланып,
Ұшып кетем...қас-қағым,
Сіз қаларсыз ойланып.

Жаныңызды түсінем...
Жабырқайсыз жүдеу күздің түсінен.
Сөйлескіңіз келмей ешбір кісімен,
Ұмсынасыз құтыға... мен күлемін
Құтыдағы зәмзәм судың ішінен!
“Көңіл деген біздегі егіз” дейсіз,
Құпияны тірліктен көп іздейсіз.
Сүт ұйыған дүние толғатып тұр,
Толарсақтан саз кештім, емізгейсіз!

Сүттей ұйып осылай қалады ақ күн,
Тоңып едім... қалқана сағалаттың.
Жанарыңның жарқылдап ұшқын оты,
Қанатымнан нұр тамды жағалап тым!
Мазалаймын мен сізді,
Жалын болып шығам да құмырадан.
Қанатыңның астына тығылам сан!
Бұғы- Анадай көрініп сіз тұрасыз,
Мың құбылып қып-қызыл шұғыладан.

Із

Қар астында із басылды,
Көтер, көтер, мұз басыңды.
Күні кеше сұңқылдаған,
Байғұз үні құзға сіңді.

Із басылды...көшті керуен,
Нарға артқан көшті көргем!
Жапалақтап қар жауып тұр,
Қыс қоржынын шешті белден.

Қар астында қалды бәрі,
Өмір қайта жаңғырады.
Ақ көбелек-үміттерім,
Енді қайда қаңғырады?

Қанаты ма ең от тараптың,
Қайда барып тоқтамақсың?
Күз айырған шапанымды,
Шешіп, алып отқа жақтым.

Күз шапаны...тозған кеше,
Ой-ошағым қозған неше.
Қайтам егер уақыт маған:
Аяз биің озған десе?!...

Төзімді қайрау

Жаныңды же, жебірім,
Қалған менің тіршілікте көңілім.
Дүлейлерге керегі де бір дүрмек,
Әспеттейсің дүмшелердің өмірін.

Шошынасың...

*Бұл басыңның досынан қасы басым.
Өп-өтірік алдына тосып асың,
Жылы сөйлеп алдайды, амалдайды,
Ынданына ерксіз қосыласың.*

*Қара жолдың қарайсың тұйығына,
Аярлықты қондырып иығыңа.
Өзіңді-өзің таппайсың іздесең де,
Арың қалды бұғынып бұйығыда.*

*Жаныңды же, сен енді,
Мұзға сүйреп, құзға сүйреп кемеңді.
Сонда келген бір тосқанды көрерсің,
Тек өлтіріп алма сәби-өлеңді.*

Дүниенің кезегі

*Қысылтаяң кез еді...
Қызыр емес, қызық менен безеді.
О, безгелдек!
Қызығыңның қысқа ма еді ғұмыры,
Құрғап кеткен секілді ғой өзені.
Қызығы да таусылғандай қырғидың,
Сығырайған үмітінен сырғимын.
О, безгелдек! Көзің сатпа, қызылға,
Қызығына құм құйдым!
Басқа түссе баспақшыл ма кезегі,
Мынау неткен ынсапсыздың өзені?!...
Қылымсиды қыл үстінде тұрғандай,
Қылығына төзеді.
О, безгелдек! қызық сенен безеді,*

Бұл өйткені-өткелсіздің өзені.
Соның бәрін қу жүрегің сезеді,
Келер тағы дүниенің кезегі.

Бөліс

Амалдап едім ай,-күнді,
Қамқаға орап қайғымды.
Бөлісіп жатыр біреулер,
Өмірден алған бәйгімді!

Көңілім талай іркілді,
Жоғалтып алдым күлкімді.
Бөлісіп жатыр біреулер,
Көзімнен ұшқан күлкімді.

Бөлісіп жатыр барымды,
Бөлісіп жатыр нарымды.
Бағымды шешті “көріпкел”,
Бөліске салып арымды.

Тұғыры қайсы жеңістің,
Тұлымы қайсы өрістің?...
Қырық құрақ болған жүректі,
Қосылып мен де бөлістім.

Бөліске салдым санамды,
Көңілім көпке алаң-ды.
Тұрағым неткен тұрақсыз,
Лақтырсам қайтер қаламды?

Ертегі емес

Жалған-ай!

*Жарығыңды беріп едің там-тұмдап,
Шыға келдім жалтылдап,
Менің жаным тұрған еді оранып .
Қылдай нәзік от ішінде қалтылдап,
Қалтыратып содан соң сезім-жырды.
Бір құдірет бақшасын сезіндірді,
Нұрдан да ыстық саялы алақанға.
Ай жарықта алаңсыз көзім тұнды,
Содан кейін...
Қара түн де көрінген-ді тым сұлу,
Мөлдіреген адалдықтан қымсыну.
Үлбіреген еріндерге ұмсыну,
Жаратылыс тылсымына тұншығу.
Бар дүние тылсым әнін шертеді,
Жүректерді сиқырына ертеді.
Қалай болар екен демеі ертеңі,
Басталды бір ертегі.
Құдығына сезім өзі құлаған,
Тағдырың ба тәңіріңнен сұраған.
Тәлкек-сезім тәлтіректен тұрғанда,
Ертегілер елі сені сынаған.
Солай...солай...көзің тұнды шыраққа,
Төзіміңді тастай қаштың жыраққа.
Құдіретті ғайыптардан іздейсің,
Ертегі емес бірақ та!*

Бейғамдық

*Биігімнен көрінді де бір шынар,
Төзімімді қайрап кетті құлшынар.
Үілдеген үкі неткен ұйқысыз?...
Үілінен ерте оянып, күн шығар.*

*Күн шығады...сындырам сырақ басын,
Бейгамдықтан қарайды құлпытасың.
Әлде іздеп тұрмысың бозторғайдың,
Қой үстіне қалдырған жұмыртқасын?...*

*Бейгамсың сен...
Сені іздеумен ақ түсіпті шашыма,
Көңілімнің дақ түсіпті тасына.
Үйге кірді алаңсызда бір жылан,
Ақ сүт құйып шығарамын басына.*

*Арамызды жалғайтындай жиі ағын,
Сенсіз қандай дүниеге сиямын?
Сені жұтқан бейгамдықтың көзіне,
Айтшы, нендей қорғасынды құямын?*

Қасқыр

*Бұл ауылда қасқыр көп,
Жеп қояды қорадағы малдарын,
Атқызады ұйқысыз көп таңдарын.
Қасқыр жайлы ертегілер құрыған,
Әрең-әрең сақтап отыр жандарын.*

*Тағылармен алысу да құмарлық,
Қасиеті бар ма адамға ұнарлық.
Азулыдай өткір болу үшін деп,
Күрек тісін тағып алдық тұмар гып.
Жыртқыш қой ол,
Есегін де ауылдың жырымдады.
Ойға-қырға, итке де қырындады,
Қасқыр-адам бәрінен қиын болар,
Түк емес-ау, ендеше мұның бәрі!*

Жаз өтеді...

Жаз өтеді...

Жайлауында мұнар-күн.

Мұнар-күннен мұң іздеуге құмармын.

Елік-өмір зымырайды қырқа асып,

Қыр басына елес қуып шығармын.

Қара кештің көрдім сонда қармағын,

Жұтып жатыр жүректердің арманын.

Қорым тастың тасасында бір адам,

Тістеп отыр бармағын!

Жаз өтерін көрмегендей жанары,

Айналага ойсыз көзбен қарады.

Мәңгүрт емес...мәңгіреді бірақ та,

Тау ішімен лағып қайда барады?

Етегінде еліргендей қанша адам,

Ебелегін, көбелегін аңсаған.

Елік-өмір еркелетіп алар-ау,

Бірақ...бірақ... есіркеуге шаршаған!

Сүйретеді шудасын...

Ақылгөйлер көбейді.

Жаныңды отқа бөлейді.

Түйсігінде түйін жоқ,

Қара күнім не дейді?...

Қара түнім не дейді...

Өмір кейде өгей-ді.

Мүләйім боп мысығым,

Сүйкенеді, жебейді!

Қара кеш те бір керім,
Не дейді екен үркерім?!...
Сыбдырлайды алуа-бақ,
Ұзатқандай бір келін!

Бар дүние-у да шу,
Шудан жүрек туласын.
Ақылгөйлер неліктен,
Сүйретеді шудасын?!

О, Марикарина!

О, Марикарина!
Мазалама мені,
Не деген гажап...дала гүлдері!
Жапырағыңда
Бір тамшы шық тұр,
Бұл әлде сенің жанарың ба еді?

О, Марикарина!
Төгілді шерім!
Не деген мынау шиқандай ерін?
Жана алмай жатып мүлгіп кетпеші!
Көргенім қалай
Ғашықтың көрін?!

Ғашықтың көрі...
Құласам ба екен?
Үміттің отын
Сынасам ба екен?
Шырақшы қыздар шырмауына алды,
Бір шөкім нұрдан сұрасам ба екен?!

О, Марикарина!
Жанарым менің,
Асығып тауға барамын,-дедің!
Әлде сен мынау,
Жалғандағы оттан
Жалт етіп соққан
Маралым ба едің?!

Үміт

Ей, көбелек-үміт,
Көздерге жарық себелеп жүріп!
Сүйкімің кетті өзіңнің
тұрақсыздығыңнан,
Қаға да алмаймын
мен сені шегелеп тұрып!
Үмітсіз талай өмірден ширығып өтем,
Тағдырдың бар ма тағы да сыйлығы
бөтен?!
Алдамшы уақыт әлі де алдайды мені...
Үміт дегенің сайтанның құйрығы ма екен?

Абайша

Абайды сүйген жүрегімен,
Сезімің сенің дір еткен!
Тұңғыық ойда жүр едім,
Шығарып алышы, түнекпен!

Түнекте тұрған түйіннің,
Шешуін таппай қиылдың!
Махаббат іздеп, мұң іздеп,
Абайға тағы сиындың!

Сабырдың іздеп жолдарын,
Абайша тағы толғадың.
Көңілдің жүдеу тұстарын,
“Толық” адаммен қорғадың!

Абайша солай арқалан,
Толғайтын талай бар қадам.
“Салқынсың” деп ең сен мені,
Секілді болдым “жарты адам”.

Қарадың сосын шолып бір,
Көзіңде жұмбақ толып тұр.
Жарты әурең сенің болайын...
Сезімді өзің толықтыр.

Сұлулық

Ей, сұлулық,
Тәкаппарсың сен неге?!
Сені көріп түсіп кеттім көмбеңе!
Жап-жарық боп
Уысыңда күн тұрды,
Күннің нұрын шашыраттың пендеге.

Ей, сұлулық!
Тұла бойың-жыр-дастан.
Сұлу таңның ажарымен сырласқам!
Сұлу қыздың жанарында жұлдыз-бақ,
Жымың-жымың ететіндей түнгі аспан!

Ей, сұлулық!
Құдіретті күшке ендің!
Құдығыңа мен де құлап түскенмін!
Көзім жұмып, сезім тұнып тұмаңа,
Шырыныңды сіміріп көп ішкенмін!

Кездім солай сұлулықтың шаһарын,
Сұлу сырға, сұлу жырға батамын!
Кейде бірақ бар сұлулық сұп-сұр боп,
Қара түннің жамыламын шапанын!

Ей, сұлулық!
Белдеріңнен күй ақты,
Сиқырыңда сұлулық көп қияқты.
Сұлу өмір аясында көз жұмсақ,
Сұп-сұлу боп қалу керек сияқты!
Ей, сұлулық!
Жүректердің дерті болған-сұлулық!
Әйелдердің көркі болған-сұлулық!
Бар сұлулық қалтырайды бірақ та,
Адам жанын жаратпаса сұлу ғып!

Азамат

Азаматтар қорғаны ғой өмірдің,
Азаматтар орманы ғой өңірдің.
Үй иесі, ақылшысы, тірегі,
Жұбанышы әрқашан да көңілдің!

Олар барда басымызда жоқ қайғы,
Олар бізді қасіреттен қорғайды!
Олар бізге жүрек үнін жолдайды,
Ал, ерлерсіз өмір ізі болмайды!

Көретеді керек кезде көңілді,
Еркелетсе күміс күлкің төгілді.
Азаматсыз жауды жеңу мүмкін бе?
Азаматсыз мүмкін емес елестету
өмірді,

Мүмкін емес өмір сырын ұғу да,
Мүмкін емес шыңға өрлеп шығу да.
Әйелдерді аққудайын аялап,
Жүректерін ұсынады сұлуға.

Секілді олар таусылмайтын гажап
жыр,
Түсінбесең тілектерін азап бір.
Осы ерлердің арқасында әлемде,
Мың-миллион қара сирақ қазақ жүр.

Көбейе бер, қазағымның ұрпағы,
Қазақ үні көкке жаңа шырқады.
Аяласын әр ошақты сыр-таңы,
Аяласын мамыражай жыр-таңы!

Мезгіл деген алмасудан құралып,
Тағдыр тұрар бұйрығына сұранып.
Алыптар да, батырлар да осы-ерлер,
Әйелдердің сүйенетін пірі анық!

Арыстаны солар болар ерліктің,
Ғарышта да қорғаушысы өрліктің.
Ел жүрегін, жер жүрегін қорғайтын,
Сақта, Тәңір, Азаматын ел-жұрттың!

Ән бақыты

Өнер сүйген,
Өлең сүйген қазағым,
Тайлағандай дүниенің базарын,
Құлағынан күмбірлеген күй кетпес
Қалықтатып ұшырады наз-әнін.

Сыр бесікті тербетеді төзіммен,
Көтереді еңселерін езілген.
Ұлы өнердің қасиетті рухын,
О бастан-ақ сезінген!

Биігіміз жетеді әлі шықпаған,
Өнер жолын, баба жолын құптаған.
Ақ жүректі елімізге нұр жаусын,
Ақ уыздай көрінеді құт-қадам.

Ән бақыты ұсынғандай кезегін,
Асқақтаған құдіретін сеземін.
Тамшылатып, тамылжытып болса да,
Тулатайық ұлы өнердің өзенін!

Өзен-өмір, алақанын жайған күн,
Өзегіне тамшы болып байландым.
Ақ қанатты қауырсының қалықтап,
Гәкку адам, аққу құсқа айналғын!

Байқа, бала...

Бақталастың осы өмірде бары шын,
Биік болсын десең егер гарышың.
Өз тіліңді өз анаңдай сүйе біл,
Жоғалмасын десең егер намысың.

Өз тіліңнің сақта ұзақ ғұмырын,
Биік болсын десең егер тұғырың.
Жаңа ғасыр ұрпағысың сен деген,
Берік болсын құрығың!

Заман жүгін иығына теңдеген,
Жеңісінді сезе алдың ба көмбеден?
Өз тіліңді рас болса сүйгенің,
Өз тіліңде сөйле ұлы пендемен.

Ақ жолыңды алған болсаң даралап,
Қауырсының өрге қанат қағады ақ.
Жаңа уақыт адамзатқа-ұлы сын,
Ана тілмен арыңды ізде саралап.

Ана тілдің сақта ұлы арнасын,
Тілді білмеу шындығында арға-сын.
Байқа бала, байқамасаң қапыда,
Өз тіліңнің бүлдіресің алмасын,
Өз тіліңе құйып алма қорғасын!

Хауа ана

Қалқып ұштым ауада,
Кешіре көр, Хауа ана.
Сенің нұрлы көз жасың,
Бұлт ішінен жауа ма?

О, Хауа ана, Хауа ана,
Нұрыңды шаш, дауама.
Періште ана бар болса,
Тас емшегін сауа ма?!

Емірендің, езілдің,
Миуада көз ілдім.
Оянып ең о, сұмдық,
Дүниеден безіндің.

Ізін сездің ызғардың,
Күнді өздеген қызғандым.
О, бастан-ақ мен сенің,
Әміріңді бұзғанмын.

Қиястықты жөн көріп,
Билеп кетті пенделік.
Ғашық болдым...дүлейге,
Сайтан етті жеңгелік.
Жынды алдадым бір күні,
Махаббаттың дүлдүлі.
Екі жүзді бір адам,
Біліп жатыр кім мұны?!

Шуга толып аспаным,
Сан қызықты бастадым.
Бір кішкентай болмысты,
Күлге апарып тастадым.

Ісін жасап мыстанның,
Перімен де ұшқанмын.
Алтын берсең тасимын,
Тірлігіндей тышқанның.

Тірлігі оның-ін екен,
Алба-жұлба кім екен?
Шошып кеттім...оянсам...
Түсім екен...түн екен.

О, Хауа ана, Хауа ана,
Қалқып ұштым ауада.
Пенделікті кеше көр,
Көктен нұрың жауа ма?
Бұлт емшегін сауа ма?...

Киелі керуен

(Жамбыл баба рухына)

Ұлы керуен көшіндегі тұманның,
Сылдырынан бір шөкім нұр сұрадым.
Ақ нар мінген бір әулие алыстан,
Жылт еткізді қолындағы шырағым.

-Шөлдеп едім, шырағыңнан қи,- дедім,
Өзге бақты, өзге өмірді сүймедім.
Азабыңда ащы уыңды сіміріп,
Тозағыңда жалаң аяқ биледім.

Базарыңда, гажабыңда билеттің,
Сыр-бағыңды, жұмбағыңды үйреттің.
Бірде гайып, бірде айыпты пенде боп,
Қара түнде, қара мақпал сүйреттім!

Төзімді илеп, сезім билеп өтермін,
Ей, Тәңірім, тәлкегіңді көтердім.
Жыртығына жамау керек аспанның,
Шүмектеген нәсер болып жетермін.

Керуен тартып келе жатқан кешеден,
Әулиелі жыр бабамның көші екен.
Дүмбірледі дүниенің жүрегі,
Күңгірледі күн астында неше өлең?!

Ұлы көштің естідім де дүрсілін,
Қыран құстай арқамды бір сілкіндім.
Жанарымда жасын оты жарқ етті,
Шәрбатына шомылғандай күлкінің.

Көргенімді баба, менің жазғырма,
Қиқу салып бара жатыр жаз-тырна.
Құс болып ұшқан Қызырыңа бас идім,
Жан жылытып алайыншы Әз-нұрға.

Көш-керуеннен өмір көрдім кеше мен,
Көшпен бірге көрінеді пешенем.
Мәңгі тірі рухыңмен жебей жүр,
Ақ нұр болып, ақиық боп көш, өлең!

Бақ

Бақ дегенің бақаға да қонады,
Пенде шіркін ұмытқанда тобаны.
“Тоба“!- дейміз жақсылықтың барына,
Жамандықтан жаның сонда тоңады.

Бақ дегенің есектің де есіркейді есімін,
Қара күштің ашқан кезде есігін.
“Бағын өзі көтере алмай жүр анау”,
Дегендерге бар ма сірә кешірім?

Бақ дегенің емес шығар бақталас,
Бақталастар бірін-бірі мақтамас.
Бақ дегенің-мынау жарық дүние,
Тіршіліктің өзі болар тоқтамас!

Бақ іздеумен дүниеден талай пенде
өтіпті,
Оның бағы өзіне де, өзгеге де жетіпті.
Көк есекті “бағы бар” деп отқа айдап ем
бір күні,
Есек сорлы боққа қашып кетіпті...

Сүйінші!

Тұсауымды кескен күн,
Құрсауымды шешкенмін.
Тәй-тәй басқан қадаммен,
Қалт-құлт етіп өскенмін.

Шамын жағып өшкеннің,
Шұғылаға көшкенмін.
Сүйіншіңді бергейсің,
Мәңгі жарық көш көрдім!

Тұп-тұнық қой аспаным,
Бақыт қонар қас-қағым.
Жаңа күннің жаңғырған,
Жаңалығын бастадым!

Бұлдыр-бұлдыр күн өткен,
Бұрынғыдан кім өткен?
Тәуелсіздік ақ таңы,
Жарқ етеді түнектен!

Бұлттан шыққан күн-ащы,
Тұттан шыққан тіл-ащы.
Құзға жетсін құрығым,
Сермейін бір құлашты!

Ай астында

Сарғаю да сірі екен,
Сағындырған елесің де пір екен.
Шолақ ойға қарап едім үмітпен,
Ай ішінде періштелер жүр екен.
Мен оларға: “Қайда деймін керегім”?
-Тозаңданған,- дейді маған тереңің.
Кірбің түскен терезесі көңілдің,
Шоқ жұлдыздың жамылайын желегін.

Сарғайдым ба, сарылдым ба ішім-мұң,
Сенсіз өмір сүру қиын...түсіндім,
Ай астында көлеңкелер көшіп жүр,
Періштелер, жерге сәуле түсіргін!

Белдігіңді шеше алмай...

Беймезгілде белбеуледім,
Сезген едім өмірдің селеу көшін.
Шүкірлікке тағы да иланасың,
Жанға жалау етеді желеу-кешін.

Сайқымазақ секілді қара түнің,
Қарабайыр өтеді нала-күнің.
Сен де жүрген шығарсың “шүкір”
деумен,
Қалың нөпір ішінде қарақұрым.

Ызғарлы да емес-ті ырыс-таңым,
Секілді тек илеуі құмырсқаның.
Белдігімді шеше алмай белбеулеймін,
Ей, бейопа-дүние, тырыспағын!
Жазылады қашан бұл құрысқаның?!

Белең...

Ақтабаным-айдауда еді,
Қара көзім байлауда еді.
Алқакөлім сұлама боп,
Жұт жайлаған жайлау көгі.
Бар дүние керең еді,
Шерлі күнді елемеді.
Беймаза өмір қалтыраған,
Бесігі-сор белең еді.

Қайғы оралып қарымына,
Зардың түсті сарынына.
Сүйретілді сүлдер адам,
Өз бейнесін таныды ма?...

Шел басқандай көзқарасын,
Танымады өз баласын.
Аштық қысқан өмір...өлім...
Жарға соқты жазған басын.

Бар ма сірә, есті білген,
Мәңгүрттік ой шешті бірден.
Өлмеудің тек оңай жолы-
Үміт тапты пеш түбінен.

Тіршіліктің жұмбақ таңы,
Неге сонша қымбаттады?!...
Сорлы адамға талшық бопты,
Бала еті құндақтағы.

Күнәларын күн біледі,
Аңыз емес...шындық еді.
Содан қалған екен дейді,
Дүниенің сүңгілері.

Түні жылап түнегінен,
Зейнет қашқан білегінен.
Мәңгі жарық тамды бірде,
Ұлы күннің шүмегінен.

Жаңғырық боп зарыққаны,
Атты уыздай жарық таңы.
Тербетеді күн шуағы,
Бесігіңді мамықтағы.

Қайтадан бір туып бағым,
Өшті мәңгі суық зарын.
Күн-күмбезге тұрғызайық,
Жаңа ғасыр уықтарын.

*Құпия емес...күн бүгінгі,
Сақта елім, бірлігіңді.
Белең асып, белге жеттік,
Ашып қойғын, тұлғіңді!*

Боран

*Долы боран борбайлады,
Боркеміктер сорлайды әлі.
Ішімдегі қасқа-үмітті,
Желісінен зорға айдады.*

*Боз қасқам-ай, желкілдеген,
Көсіле алмай еркіңменен.
Долы боран борбайласа,
Шыңғырасың жер түбінен!*

*Дегбір таппай сор-аяғы,
Қасқа шабыт молаяды.
Алай-дүлей, іште-дауыл,
Сыртта боран зораяды!*

Қаңбақ

*Меңіреу емес мына күн,
Намыстың оты сынатын.
Дүниеге келген күніңнен,
“Қазақ” емес пе шын атың?!*

*Марғау да емес мына күн,
Мақпалдай еді қыратың.
Шолақ ойлы шорқағым,
Ұмытқан қалай шын атын?*

Мұнар да мұнар күн кешем,
Күйгендей ме әлде гүл-кесем.
Шүлдірлеп...шіркін не дейді,
Дінсізбен қалай тілдесем?...

Семсердей еді сын-кесем,
Мұңсызбен қалай тілдесем?
Уақыт, сенің еркінде,
Қаңбақты қалай үрлесен.

Кеткен бе әлде күнге есең,
Ұлтыңның тілін білмесең,
Бабаңның жолын ілмесең,
Білмеймін...сені кім десем?!

Тоналу

Пенделігім жазылған пешенеме,
Бұлт ішінен бүлдіргі еселеме.
Тырнағымның астынан кір іздеген,
Кірпияздар көбейді кеше неге?!

Тон пішеді ертеңгі тіршілігіме,
Күн түсірмей таулардың күндігіне.
Тоңдырады жанымды тонап бәрі,
Айналдырған секілді күнді түнге.

Айналдырған секілді күнді түнге,
Бесігің тұр қара жер кіндігінде.
Сонау аппақ әлемнен ұшып келіп,
Тығыласың қалайша мұң түбіне?!...

Пендесің зой, ... өйткені, пері күлді,
Жоғалтқандай боласың, көрігіңді.
Қаламыңды қайта іздеп қалтырадың,
Бір өлермен жеп отыр өрігіңді.

Айқайлағың келген-ді шұғылаға,
Шұғылаға ащы күн тығыла ма?
Тұншықтырған жаныңды-пендешілдік,
Жасырынды көлеңке құбылаға!

Тоналады үмітің... алайда сан,
Аңға да ұқсас екенбіз... абайласам.
Перде ішінде-пенделік ниғылым бар,
Мен өзімнен білмеймін қалай қашам?!...

Құбыланың ұнаттың көк терегін,
Сен өйткені, құбылма көктем едің.
Бірде ақын... бірде жай пенде еткен,
Келеді ме Тәңірге өкпелегің?!

Пендесің сен... өйткені пері күлді,
Жел түртеді қашан да желігіңді.
Өлерменге тоналған өрең-әлсіз,
Енді қайтып табасың көрігіңді?

Бір хабар

Тыру, тыру тырналар,
Жеткізе ме бір хабар...
Көктем келіп қалған ба?
Сылқ-сылқ күліп жылгалар!

Жыл барады жылыстап,
Жақын қалды ұлыс-бақ,
Күркіреді найзағай,
Көк аспанды қылыштап.

Күркіреді көк өзен,
Шалқып көңіл терезем.
Таңдайыма шық тамбай,
Кеуіп кетті кенезем.

Келер көктем шашып бақ,
Көктем жерді жасытпақ.
Асып-тасқан нұрыңнан,
Берші, маған, қасықтап!

Сол да жетер бағыма,
Өмір деген сағым ө!
Көктем, сені жүр едім,
Жүрегіммен сағына.

Тыру, тыру, тырналар,
Жеткізе бер, бір хабар.
Көктем келіп қалыпты,
Сылқ-сылқ күліп жылғалар.

Жан ботам

Жан ботам, кішкентай қарашығым,
Дүниенің сыйлаймын бар асылын.
Қарлығаш қанаты секілдісің,
Сен менің мәңгілік-жанашырым.

Өзіңсің жайқалған жасыл бағым,
Көзімнен күн болып ашылғаның.
Әлдилеп өтейін бесігіңді,
Ақ ботам, мен сенің қасыңдамын.

Сыр-бағым, Гүлзарым,
Көктемдей құлпырған гүл-бағым.

Ұқсайсың көктемгі далаға сен,
Аққулар ән салып барады әсем.
Ақ қанат, аяулы балапаным,
Күлкіңді сыйлашы, мамаңа сен!

Жан ботам, кішкентай қызғалдағым,
Өзіңмен баянды ізгі-арманым.
Жүрегімнің лүпілі-ботақаным,
Бақытты болса екен құлын шағың.

Күдік

Құлап кете жаздап өмір-кемеден,
Жалын болып өртенемін неге мен.
Күні ертең ұмытпасаң болғаны,
Сезімімді әпнақ нұрға бөлеген.

Бал тамызып жүргендейсің таңдайға,
Күні ертең кетерсің сен шалғайға.
Жанарыңда жыпырлаған жұлдыз бар...
Соның бірі жерге құлап қалмай ма?

Кінәлау

Шерім бе, шемен болған,
Шерменде неден болған?!...
Керенау күнді көріп,
Көр соқыр, керең болғам!

Көр соқыр!...Керең болғам.
Жарым ес...неден болған?
Өзегім-отқа күйіп,
Өртенген өлең болғам!

Өртенген өлең болғам,
Өкініш неден болған?
Жаныма мұң сыйлаған,
Бір бәле сенен болған!
Сенен болған!

О, тоба!

Мас сияқтымын,
Жас сияқтымын.
От сияқтымын,
Жоқ сияқтымын!
О, тоба!

Тал сияқтымын,
Қар сияқтымын.
Құдіретті өлеңге,
Жар сияқтымын!
О, тоба!

Нұр сияқтымын,
Жыр сияқтымын.
Әміріне өлеңнің,
Құл сияқтымын!
О, тоба!

Құса-сезім

Ұзап кетті құстың әні,
Бұған бәлкім қыс кінәлі.
Қас пен көздің арасында,
Құса-сезім қыстығады.

Құстар ерте ұшқан екен,
Мезгілі оның қысқа ма екен?!...
Жырым-жырым жарты кешті,
Қай жарықпен тыстап өтем.

Сырласуға қара таппай,
Жүрегінді жарақаттай.
Жар басынан көрінеді,
Жалғыз үміт қарақаттай.

Жалғыз үміт шырақтай ма,
Мініп алған пырақ-жайға.
Қалтырайды қыл үстінде,
Сол үмітті құлатпай ма!

Ерте үзілер құстың әні,
Бұған бәлкім қыс кінәлі.
Сырласуға қара таппай,
Құса-сезім қыстығады.

Теңдік

Ғасырдың көрген талай өктемдігін,
Қазағым, күлімдейді, көкпен күнің.
Тәуелсіз туымызды тік ұстайық,
Теңдікке рас болса жеткендігің!

Уақыт зымырайды мың құбыла,
Мойыңға түскен ескі қылды бұра.
Үзілді санамыздан темір-құрсау,
Адамзат айналмасын құлдығыңа!

Алапат күшпен алға барады ағын,
Жап-жарық шамы бүгін замананың.
Алайық сүртіп әппақ орамалмен,
Уақыттың жүзіндегі қара дағын.

Күресіп өткен қазақ, қилы күнмен,
Мәңгі өлмес жұлдыздарды жиды
түннен.

Жерде де, ғарышта да биік болғай,
Өзіңді басқаратын билігіңмен.
Ғасырдың шықтың жаңа белесіне,
Оралды өшкендері ел есіне.
Қарасын бүкіл әлем қайран қалып,
Қазақтың өрге жүзген кемесіне!

Адам...

Адам, сенде бәрі бар кереметтің,
Жылылыққа келеді бөлеп өткім.
Адал достың қадірін кеш білеміз,
Жақсыларды кезінде елемеймін.

Қалай ғана асылды аңсамайын,
Көп нәрсені жоғалттым, қаршадайын.
Келе жатқан көшеде бейтаныстың,
Білгім келер көзінен жан сарайын.

Адамнан шығар талай жат қылық та,
Жібiмес қара тастай қаттылық та.
Адамдар бақталастан бiрiн-бiрi,
Шың құзға жібереді лақтарып та!

Айтылар құпиясы кереметтің,
Келеді жылылыққа бөлеп өткім.
Адамға тағдыры тек бұйырмағай,
Отқа өзі түсіп кетер көбелектің.

Шағалаға айналам

Тұңғиығың тартады, жағалауды қарманам,
Құс боп кейде ұшамын айдыныңды шарлаған.
Сіз ұқсайсыз неліктен, тыныш жатқан
теңізге,
Қалықтайды кеудемнен қауырсын боп
арман-ән.

Сырлас болып көрінер, аспандағы ай маған,
Аспан...аспан аспанның жұлдыздары жайнаған.
Жанарыңнан төгілді майда күміс тамшылар,
Тамшы сүйген мен бүгін шағалаға айналам!

Апат

*Тағатым мүлде таусылды,
Талдырып жетер тамшы-үміт.
Ести алдым ба даусыңды,
Жанымды менің қалшы үгіп!*

*Көктемім ерте түскен бе,
Шаншуы жаман жүректің.
Көзіңе көзім түскенде,
Тоқ ұрған сәттей дір еттім.*

*Жұмбағы қиын бар әлем,
-Ұғып көр, дейді өмір бұл.
Ұрланып сізге қарап ем,
Айдынды көрдім көгілдір.*

*Айданда ма екен бір сиқыр,
Тұрғаным қалай тартылып.
Дәрменсіз болған бір күй тұр,
Лап еткен отқа шарпылып.*

*Сезімге мейлі кінә тақ,
-Көктем ғой,- дейді балаң қыр.
Құдіреті күшті бір апат,
Күлімдеп маған қарап тұр.
Төзімге мейлі кінә тақ,
Көктемге сондай асықтым.
Тұрса да күтіп бір апат,
Ғашықпын саған, ғашықпын!...*

Сынбаймын

*Қанатымнан түн сорғалап кеткен бе,
Ақ парактың беті сұмдық ащы мұң.
Жағалауы әппақ толқын көктемнің,
Көтере алмай қалар ма екем тасқынын?
Сол баяғы тоңы қалың-торығу,
Бірте-бірте сенен суи бастадым.
Керек емес біздерге енді жолығу,
Мені жұлып жүрегіңнен тастағын!*

*Жанарымнан тамса тамсын, ыстық жас,
Төзімді күн астында шыңдаймын.
Арамызға бір салқындық түсті рас,
Йілгенмен сынбаймын!*

Әппақ нұр

*Шыңырау ой-бір түпсіз,
Ақ түн неткен кіршіксіз.
Дүниенің тозаңын,
Тұрғандайсыз сүртіп сіз.*

*Дүние-әппақ, ой-әппақ,
Нұрлы неткен сая-бақ.
Бар тіршілік тұрғандай,
Әппақ нұрмен тояттап.*

*Көңіл-әппақ, гүл-әппақ,
Сұлу неткен қырат-бақ.
Әппақ мынау әлемге,
Жарық енер тұрақтап.*

Әппақ бәрі, сүттей ақ,
Жапырақтағы шықты оят.
Қол созамын сәулеңе,
Басқа бақыт күтпей-ақ!

Әппақ сыны-бейненің,
Әппақ сенің-көйлегің.
Уысымда-әппақ нұр,
Әппақ таңмен сөйле, күн!

Киелі жердің құсымын

*Киелі жердің құсымын,
Қауырсын жырым қанатым.
Жанымның ашсаң іші-күн,
Періштем жаққан жан отын.*

*Пейіштен тамған тамшы жыр,
Тамұғың сонау-биікте.
Талдырып бүгін алышы бір,
Айналам-өлең киікке.*

*Айналып соқса жыр-киік,
Бабамның әппақ-киесі.
Тұлғасы таудан тұр биік,
Мәңгілік жырдың иесі.*

*Ақ жібек өлең-көйлегің,
Желбіреп тұрар жылдарға.
Жаңғырып таудан сөйледің,
Тал бітіп мұзарт-шыңдарға.*

-Өлмейді,-дедің ұлы өлең,
Азабын ақын таниды.
Өлең болмаса сірә мен,
Құлы болармын пәнидің.

Пәниім-жалған...кейде бұл,
Өзгере қалар қас-қағым.
Құс болып ұшам бейне бір,
Өлеңнің шарлап аспанын.

Жыр-ұйық

Пері жырдан сақтанбадым,
Тозағыңда тапқан бағым.
Өлең, сенің аулыңа,
Мәңгілікке аттанғаным-.

Жүрегімді билеп алдың,
Сенен жұмбақ күй қалармын.
Илеуіңе басымды идім,
Билігіңе иланармын.

Азабыңа көнгеніме,
Жан алғыш боп төнгеніңе.
Өкінбеймін...түссе жаным,
Бүркіт-жырдың шеңгеліне.

Шеңгеліңе бүре бергін,
Шерім қанып жүре бердім.
Жыр-перісі соқты мені,
Жыр-ұйыққа тірелермін.

Қалардай ма бітіп өнім,
Түнге неге тұтыламын?
Бір уыс боп бүрісем де,
Жыр-ұйыққа жұтыламын!

Ақын жүрек

Маңдайына соры көп ақындардың,
Таңдайына у дәмін татырған түн.
Барып келер ақысыз ақыретке,
Ақыреттен ақ мұнар шақырған күн.

Жаным ұшып кеудемнен шыққандайсың,
Үмітім де сол кезде құтқармайтын.
Жан ұшырып жетеді жалғыз өлең,
Өлең сырын мен сонда ұққандаймын.

Сол өлеңнен уландым...тірі қалдым,
Әлдеқандай мың мәрте құбылар күн.
Келіп қалса жан алғаш мәңгілікпен,
Мәңгі өлеңнің өзіне тығылармын!

Мәңгі өлеңнің тозақтан шақыр, күйін,
Толғақ қысып жанымды жатыр қиын.
Қыдыры мен Қызыры бірге жүрер,
Өлең-жырсыз дүние-пақыр тиын.
Қалай, қалай мен өзі тірі қалдым,
Әлдеқалай мың мәрте құбылар күн.
Енді өлмеспін...өлетін күн туганда,
Ақ өлеңнің өзіне тығылармын.

Өлең-жырсыз жолымда солғандай күн,
Сорыңмен жұт, мен бірақ
қорғанбаймын,
Ақын-жүрек тілінер қан жоса боп,
Ақын-жүрек, сен деген-сормаңдайсың!

Ұлы Абай!

Жаралы тәні зар-заман,
Ізің бар бізге жалғаған.
Запыран ішкен Ұлы Абай,
Шеріне бүгін зар болам!

Зар-заман мұңы-шерменде,
Жырлауды бізге бергенде.
Қазақтың бүкіл шерлі үні,
Тіріліп кетті көрден де.

Қарайған жерден көшті өлең,
Қаратау асты-көш кілең.
Қара төбенің үстінен,
Абайдың мұңын естіп ем.

Күңірене жетті бір белең,
Күйіне өмір сүрген ең.
Жасыңды жұтып қойды анық,
Күн астындағы дүрбелең.

Дүрбелең өмір-қаралы...
Ақынның жаны жаралы.
Өлеңнің пірі-Ұлы Абай,
Дүниеден өтіп барады!

Дүрбелең өмір қаралы,
Дүрліге ауып барады.
Кеудесін өксік тырнаған,
Ақынның жаны жаралы.

Тұншыға шыққан назалы үн,
Азабың-сорлы қазағың.
Өлеңді сенің бір тамшы,
Жасыңмен енді жазамын.

Тамшы жас түнді жуатын,
Қазағың қайта туатын.
Дәуірде сенің зор тұлғаң,
Көтерді күннің қуатын.

Қуатыңа ыстық жылынам,
Шырқырап тұрсын құлын-ән.
Өлеңнің құйсаң уытын,
Қолымды жайдым, құбылам!

Құбылып келер сағым-күн,
Өлең жыр-азап, бағымсың.
Абайдың таңын оятқан,
Құбыла күнге табындым.

Құбыла күнім-Тәңірім,
Тірліктің тыңдап бар үнін.
Қаламға қарай қол созсам,
Жағып қой, Абай жарығын.

Жанады мәңгі жалын-күн,
Айдары биік тағыңның.
Абайдың әнін әлдилеп,
Құбыла-күнге табындым!

Бабам менің

Бабам менің-ұлы ақын,
Ұлылықтан тұнатын.
Жарқын жырым-қуатым,
Әлем кезіп жүр атың.

Қайырмасы

Бабам, Жамбылым,
Анам ән-жырың.
Жақтың өмірге,
Әппақ таң нұрын.

Туған жерім жәннат-бақ,
Із қалдырды салмақтап.
Сенің ізің өлкеңе,
Мәңгі жарық орнатпақ.

Өскен жерің миуа-бақ,
Жырдан мүсін құйған ақ.
Сенің бейнең еліңе,
Мәңгі сәуле сыйламақ.

Сенің үнің-тынысым,
Ғасырымның жырысың.
Жамбыл бабам рухы,
Мәңгі жасар- Ұлы шың.

Ойдағы ауыл

*Ойдағы ауыл ішінде,
Ой қамап сені жүрсе екен.
Көңілдің әппақ төрінде,
Қалмаса екен бір секем.*

*Ойдағы ауыл ішінде,
Ойланып қарап тұрғам-ды.
Ойпаңды-ойдым жотада,
Оймақтай ғана сыр қалды.*

*Оймақтай ғана сыр қалды,
Ойымды тұршы қайшылап.
Жартасқа тағам сырғамды,
Қалмасын қойны ойсырап.*

*Ойдағы ауыл...ит үрді,
Орманы шулап алыстан.
Өмір дегенің-құйтырқы,
Құйын мен күйің жарысқан.*

Өларада

*Өларада түн-әппақ,
Айға қонды шырақ-бақ.
Шым етеді жүрегім,
Оны қалай жұбатпақ?!
Оны қалай алдамақ,
Түн бесігі-жарқабак.
Жарқабакқа түстім бе,
Сағынышым сорғалап?*

Сағыныштан шөлдедім,
Отқа күйіп өрнегім.
Жайып қойды, түн бүгін,
Өлараның жөргегін.

Келді күліп ұрын-бақ,
Сәби-жырым шырылдап.
Жөргегіне ораймын,
Әппақ түнмен ырымдап.

Өларада түн-әппақ,
Айға қонды шырақ-бақ.
Шым етеді жүрегім...
Оны қалай жұбатпақ?!

От өмір

Күн қуырған тамшы мұң,
Тал бойыңды аршыдым.
Түн суырған өзегің,
Таңдайыма-талшығым.

Көз алдымда-көк аспан,
Көк сағыммен жарасқан.
Көк аспанның астында,
Өмір жатыр таң асқан.

Күннің салқын от-демі,
Кімнің қалай көктемі?!
Көк аспанның астында,
Кездеседі Көк бөрі.

Аспан асты-ши, күдік,
Аспан асты-шикілік.
Көкке тіреп тұмсығын,
Шоқияды ит ұлып.

Аспан асты барға-сын,
Аспан асты- *қорғасын.
Жалған өзі жаратар,
Қыраны мен қарғасын.

Аспан асты баққа-сын,
Аспан мұңға батпасын.
Құзғын болып Құдайға,
Бас июден сақтасын!

Көзімді отқа қаримын,
Көк Тәңірін танимын.
Мен адам боп бас ием,
Құзырына пәнидің.

Аспан-менің қызығым,
Аспан-менің Қызырым.
Жүрегімде-от өмір,
Шырақ қуған қызымын!

Жалғыздық...

Жалғыздық үміт...және мен,
Жалғыздық қызық әлем ең!
Жаныма өзің орнатқан,
Түбірі мықты бар емен!

Дауылдан ешбір құламас,
Жауыннан көмек сұрамас.
Жалғыздық маған төнгенде,
Жәдігөйлерім, тұра қаш!

Бұрыла көрме, соңыңа,
Ұрына көрме жолыма.
Шам ұстап түстім мен бүгін,
Жалғыздық үміт-торына.

Жалғыздық жағар шырағын,
Жалғыздық тағар тұмарын.
Жалғыздық, сенің жолыңда,
Жарық жұлдыз боп тұрамын!

Жарқырап шығам биіктен,
Үнімді тыңда, ұйып сен.
Өмірде мынау өтермін,
Жалғыздықты да сүйіп мен...

Өлең-қыз

Сүліктей түннің сүйкімді қызы,
Сүйрей бер, мені жағаңа.
Мезгілдің мынау құйтырқы күзі,
Құйылып келсін далама.

Сүйкімді қызы қиыла келген,
Қылтия көктен түстің бе?!
Көзімнен мұңым құйыла берген,
Құмыраңа құйып іштің бе?!

Сүйкімді қызы-өрілген өлең,
Толқынды неткен ақ шашың.
Көзіме менің көрінген белең-
Шабытым-әппақ патшасың!

Шабытпен бірге шаһарға кірдім,
Қолымда болмай билігім.
Сыры бір жұмбақ сапарда жүрмін,
Өлең-қыз айтсын билігін!...

Өлең қыз-өрім, өзегімді үзді,
Үзілер кезге шақ тұрмын.
Құдіретті сезім не деген күшті,
Жүрегімді саған тапсырдым!

Жұмбағым...

Жұмақ дүние-жұмбағым,
Жұмақ дүние-күн бағым.
Мәңгі сақтай алар ма,
Тылсым өмір түн бағын.

Түн бағы да бір тұтам,
Күндағымда тіл-жұтаң.
Көлеңкелер көшіп жүр,
Қалай қарай сырғытам?

Көлеңкеден жалықтым,
Елеңдеп ем...қамықтым.
Пейіш-өмір періште,
Түбінде екен тамұқтың.

Тамұғыңа иілдім,
Қалыбыңа құйылдым.
Ақын жаны-ақ берен,
Шалығыңа сиындым.

Тұнық неткен тамұқ-түн,
Тұнық неткен жарық-күн!
Тұнып жеткен үніңе,
Сағынышпен зарықтым!

Марғау шың

Ей, Марғау шың,
Естіле ме жан даусым?!
Марғау тірлік соңында,
Базарынан қалмау-сын!

Өтіп жатыр күйкі-өмір,
Іші-сырты шикі-өмір.
Илеуіндеі құмырсқаның,
Тозып кетті жүйкем бір.

Ой кемірген жүйкемнен,
Мені жұтар күйге енгем.
Ақтармақ ем ішімді,
Ішімде бір ит өлген.

Қалды бәрі ішімде,
Түсін, мейлі, түсінбе.
Кінәм болса кеше сал,
Шикілеу бір ісімде.

Таңды бүгін таңға ұрдым,
Үні келді жаңбырдың.
Оятпақ ем мен сені,
Меңіреудей мәңгірдің.

Ой кемірді санамды,
Санам саған алаң-ды.
Түсінбесең теңізге,
Батырамын қарамды!

Ей, Марғау шың,
Базарынан қалмау-сын.
Батып барам күнге ұқсап,
Жетер емес жан даусым!

Үмітсіз шайтан

Үмітсіз шайтан, сен өлме,
Керексің маған, өлеңге.
Қараймын таңға боп-боз боп,
Бозамық сәулем көрем бе?!

Бозарып тұр ғой шұғылам,
Бақтың да шуы құрыған.
Басыма қонған қай бақыт?
Түп-түгел екен құбылам...

Түп-түгел орны өмірдің,
Түп-түгел орны көңілдің.
Санасыз, ойсыз, қайғысыз,
Жандай боп неге көріндім?

Қапырық...шілде...күн ыстық,
Қай жақтан жауды ырыс-құт.
Үмітсіз шайтан алдайды,
Ұйықтап тұр өлі тыныштық...

Ой мен шабыт

Мимырт тірлік мүлгіп кетпе,
Миғұла күн-сырғып текке.
Миды тесті көлеңкелер,
Шегелендім бір нүктеге.

Миғұла емей немене енді,
Жел жұлқиды керегемді.
Мен ұқсаймын “көрсөқырға”,
Жанымдағы “көрегенді”.

Жанымдағы ұяң, керім,
Көрсетпейді қияң белін.
Ал мен болсам қиялыммен,
Қиқу салған “қияңқы” едім.

Бәлкім ол бір зиялы адам,
Көзіне ары ұялаған.
Ал мен болсам отты қуған,
Жоқты қуған “қиял” адам.

Өртеп кетем жаңбыр астын,
Өрт жалыны таңға ұласты.
Өрттен шыққан сорақы ойлар,
Сорлы қардай қаңғыбассың!...

Қаңғып-қаңғып көз ілдірттің,
Күнмен шаям көңіл кірін.
Іші-қара, сырты-әппак,
Кірпияздан безіндірдің.

Бақ пен сордан сыр алмастым,
Ойсыз бір күн тұра алмаспын.
Бар екені анық менің,
Шабыт түртер бір “албастым”.

Шабытым ғой тұрған оғаш,
Шабытсыз күй-сорғаламас.
Өлең тумап шырқырап бір,
Ой мен шабыт-тыржалаңаш.

Жарығым бар

Менің бір жарығым бар,
Сезіндірер бақыттың не екендігін.
Жарыққа табыңдар,
Дүниенің сыйлайтын шекер-гүлін.

Жарығым тәтті қандай,
Шөлдегенде армансыз сіміретін.
Көрінеді кіршіксіз ақ шынардай,
Сенсіз мынау жүрегім-тірі жетім!

Сенің барың өмірде қандай бақыт,
Жанарымның қарашы, байланғанын.
Жарықты да қаласа жалмайды уақыт,
Менің ащы мұңыма айналмағын.

Шындыққа да бұл өмір шорқақ екен,
Кінә тағып қоямыз заманға тек.
Бақыттан да сұмдық-ай, қорқады екем,
Сені абайсыз жоғалтып алам ба деп!

Жарағымсың...жүректің айтар емін,
Сезімімнің тұндырып шайқа көгін.
Мыңа әлемнің көгілдір жанарында,
Алсам сені жоғалтып қайтер едім?!

Құдірет

Күнге айналсам деп едім, шуағыммен орайтын,
Түнге айналсам деп едім, жұлдызың боп
қарайтын.

Гүлге айналсам деп едім, жұпарымды
шашатын,
Желге айналсам деп едім, кірпігіңді тарайтын.

Күн боп көрдім, бірақ та бұл өмірден
жалықтым,
Түн боп көрдім, бірақ та қараңғыда
қамықтым.

Гүлге айналып не керек, қысқа екен ғой
ғұмыры,
Желге айналып не керек, терезеңде зарықтым!

Нәсер болып төгілсем көңіліңе бір рет,
Найзағай боп сен менің жүрегімді тіліп өт.
Сезіміне ұйтқып соғып өтті сан дауыл,
Табындырған өзіңе мені қандай құдірет?!

Тәтті мұңым

Тәтті мұңым, кірпігіме жасырын,
Шаттығымның күйін шертсе гасырым.
Ақ мұнардың арасынан көз байлап,
Шыңға айналған менің сол бір гашығым.

Ұлы шыңға ұқсап кеттің сен бүгін,
Ұлылыққа шомалғандай кеңдігің.
Саған жаным, ұсынар ем жете алсам,
Ұлы таудың әппақ гүлі-Еңлігін!

Тәтті мұңым, жүрегіме ұяла,
Маңдайыма осы бақыт сия ма?
Сияр болса гұмырымда өкінбей,
Ғашық болып өтер едім қияңа!

Сырлы-сырлы дүние

Сіркіреген нәсердің үні неткен сырлы еді,
Сыры жұмбақ жыр әлем мазалаумен жүр мені.
Тереземнің әйнегін қақты түнде тамшылар,
Сыңғыр-сыңғыр күлкімен есіп бірге тұр лебі!

Сырлы-сырлы дүние... сырға толы қатпарың,
Бірін тапсам жұмбақтың, бірін кейде
таппадым.

Жаныңды ұқпас адамға керегі не сыр айтып,
Сыны кетпей тұрғанда жүрегіме сақтадым.
Сырлы-сырлы дүние...сырын бүгін жырлаймын,
Үні келер бір уақ құлағыма сырнайдың.
Сынай қарап көзіме жүрсің неге, сырбазым,
Кірпігіңнен мен сенің сырларыңды ұрлаймын!

*Сырлы-сырлы дүние...сырын шашып өтеді,
Көңіліме сыр тұнса сол да маған жетеді.
Өмір деген ұқсайды кейде неге сынапқа,
Бәрін...бәрін бір сәтте жаңбыр шайып кетеді!*

*Сырлы-сырлы дүние,...сырларыңа күн ие,
Сонау-сонау заңғарға мұз құрсаулы шың ие.
Жымыңдаған жұлдызға-қара мақпал түн ие,
Көз алдымда дөңгеле, дөңгелей бер, дүние...*

Сарқып іштім

*Бұлт ішінде қалқып ұштым,
Сиқырлы бір тартылысың.
Саған деген сағыныштан,
Сабырымды сарқып іштім.*

*Түн ішінде күйіп-жандым,
Арай нұрын сүйіп таңның.
Оттан да ыстық сезім болып,
Жанарыма құйылғансың!*

*Арпалыстым жан отыммен,
Әлдиле, сен, қанатыңмен.
Мұң боп неге көрінесің,
Ұйып тұрған қара түннен?!...*

*Ұйып тұрған қап-қара түн,
Жанымды отқа қақтамақсың.
Мені өртеген сағынышты,
Жүрегіме сақтамақпын!*

Сағынған бұл кездерімде,
Мұң іркілді көздерімде.
Төрт қабырға, қанас бөлме...
Қуырылдым, сезбедің бе?

Бұлт ішінде қалқып ұштым,
Сиқырлы бір тартылыссың.
Саған деген сағыныштан,
Сабырымды сарқып іштім!

Ауа шым-шым

Ауа шым-шым, түн-шымыр,
Жүрегімді шымшы бір.
Түн шәрбаты ащылау,
Ащылау бір мұң сімір.

Тұрғандай ма түн-ұйып,
Ай қарайды жымып.
Түн тостақтың түбінен,
Тартатындай мұң-ұйық!

Айналдырды түнек тек,
Көкке қандай сын өтпек?
Күрсініп ем бұлтты емін,
Аспан кетті шүмектеп...

Шүмектеген нәсер-күн,
Миымды осы тесерсің.
Түйілейін мен де анық,
Түйінін сен шешерсің!

Құйын өмір

*Құлдық ұрдық мезгілге,
Құрығына төздің бе?!
“Қуыршақ” ойын, қу өмір,
Секілді екен сездің бе?*

*Құлдық ұрдым мезгілге,
Құрығына төздім де.
Қуып кеттім қу тірлік,
Қу елестен бездім де!*

*Қуып жетті құмай-күн,
Пендесімін-Құдайдың.
Бір күндері мен оның,
Құдығына құлаймын!*

*Көрмей сонда өте бер,
Көрмей сонда кете бер.
Ақын деген-құйын ғой...
Құйын-өмір көтерер!*

Тас төзімі

*Тас төзімім таусылды,
Қирап қалған тау сынды.
Үңілемін құмдай боп,
Ести алмай даусыңды.
Тас төзімім күйредің,
Тас түнекке сүйредің.
Тасқа айналмай мен қайтем,
Бұрмай тұрса бүйрегің.*

Тас төзім де сірі екен,
Тас бұлақты жыр етем.
Тұма-сезім тұншықты,
Саған көптің бірі екем.

Саған көптің бірі екем,
Тамшы шықтай дір етем.
Тасқа байлап төзімді,
Тіршілікте жүр екем.

Тас төзімім таусылды,
Қирап қалған тау сынды.
Үгілемін құмдай боп,
Ести алмай даусыңды.

Жанартауым

Жанартауым, өртендің бе, сұмдық-ай,
Қуырылып кеткен несі күн бұлай?
Қайда барып соғыларым белгісіз,
Бесігіме келеді әне, түн құлай.

Ысыра алмай, түннің қара тұңлігін,
Көкірегімді найзағайдай тілді күн.
Жанартауым, өртке оранған қып-

қызыл,

Көп екен ғой көрсететін сұмдығың!
Жанартауым, сөне көрме жарығым,
Сенсіз өткен дүниенің бәрі-түн.
Жер бетінен өзімді іздеп таба алмай,
Сенде кеткен жүрегімді таныдым.

*Жанартауым, өртедің бе, сұмдық-ай,
Қуырылып кеткен несі күн бұлай?
Қайда барып соғыларым белгісіз,
Бесігіме келеді әне, түн құлай!*

Түнгі көбелек

*Отқа неге құмар болдым,
Есеңгіреп-құлар болдым.
Басым мең-зең айналады,
Оңы қайсы шығар жолдың?!*

*Оңы қайсы сыңар жолдың,
Есімді алған шынар болдың.
Төзімнің бұл-осалдығы,
Сағыныштан сынар болдым.*

*Өмір деген-ебелек пе?...
Жел ұмтылды жебемекке.
Отқа бірақ құлап түстім,
Ұқсап түнгі көбелекке.*

*Отқа да бұл құлайды адам,
Қарамашы, сынай маған.
Көзсіз түнгі көбелек боп,
Сені неге шыр айналам?!*

Сары жапырақ

*Сары жапырақ...сағынышын құйған күз,
Келді алдыға саған бағын қиған қыз.
Бұйығымын...тірелерім-тұйықтық,
Бұйымтайым-тұйықтықтан бұйдамды ұз.*

Бұйдамды үз де бұлт ішіне лақтырғын,
Сел-сел болып төгілуге шақ тұрмын.
Сен ұқпаған көл сезімді көгендеп,
Ізін кезем, жоқ іздеген тапқырдың.

Сары жапырақ...сағынышқа күген қыз,
Еріп кетті көңіліме тиген сыз.
Келді алдыңа тұйықтыққа тосылып,
Жанарымен сені сұмдық сүйген қыз.

Сары жапырақ...сатыр-сұтыр құйды күн,
Әппақ жауын, ұстатпайды құйрығын.
Жанып кетпес үшін осы бір сәтте,
Жүрегіме керек қандай бұйрығың?!

Құмырамда-қызыл күн

Шыңыраудың түсіп кеттім түбіне,
Бұл өмірге қарайым кейде түңіле.
Сен айналсаң Ұлы шыңның біріне,
Мен қонар ем көбелек боп гүліңе!

Жүрегіме түсті сенің шұғылаң,
Шұғылаңа шуақ іздеп тығылам.
Сағынышым сақтап жүрген бір күні,
Сынып кетсе қайтем,... көңіл-құмырам?
Шуағыңа тамшы болып үзілдім,
Шөлдегендей шырынына жүзімнің.
Мені өртеп кетсе қайтем,... бір күні,
Құмырамда балқып тұрған қызыл күн?!

Өкініш

Тұншығады тұл-сезім,
Түннің бүркеп күркесін.
Жақпай-ақ қой бықсыған,
Балау шамның пілтесін.
Азап оты билесін,
Төзіміңді иелесін.
Салмай-ақ қой көңілдің,
Үзілген көк түймесін.

Мұнар-ойлар қаңғырсын,
Қалқа болма, мәңгүрт шың.
Мәңгүрттіктен құтылмай,
Санам қалай жаңғырсын.

Сынап-ойлар сүйресін,
Бұзба, көңіл күймесін.
Бір өкініш жаныма,
Қадап кетті инесін.

Ей, өкініш, безгелдек,
Безбеніңе төзгем жоқ.
Бықсығаны боққа ұқсас,
Өмір барын сезгем жоқ.

Ақ тұман

Ақ тұман,
Тұмшалама айналаны!
Жанарым,
Ақ мұнарға байланады!
Жер мен көк арасында қалқып
тұрмын..
Неліктен басым сонша айналады?!

Ақ тұман,
Таудан түстің, тауға барғын!
Күн іздеп сенен бұрын бауға бардым!
Сенсіз де,
Соқыр болған жайымыз бар,
Жанымды жапырақпен сауғалармын!

Ақ тұман,
Жардан түстің...жарға барғын!
Сенсіз де адамзатқа арман әр күн!
Көр соқыр емес едім, көз алдама,
Біреудің байлап бердің “жарқанатын”!

Ақ тұман,
Жайдан түстің, жайға барғын!
Арбасын дөңгелетер, айдап әркім.
Жер-тұман, көңіл-тұман, тұман-бәрі...
Тұманда түскен шыққа айналармын!

Өлара-шақ

Өлараға жеттім бе...жеткен екем,
Алатауға ақ бұлттар шөккен екен.
Өксіп жатыр еңісте өмір-өзен,
Өзегінен жарылған көктем екен.

Уызынан жарылды өлара-шақ,
Өн бойында сиқырлы болар ошақ.
Қызыл гүлің болса егер қызыма бер,
Қызыл нұрың бар ма екен балама шақ.

Өлара шақ...келеді кезегімен,
Көктем-бұлақ оянды, сеземін мен.
Ілби басып Ібіліс кетті қашып,
Су атасы-Сүлеймен өзенінен.

Кетсін безіп...Ібіліс, сорға туган,
Жақсылықты көре алмай жолда туган.
Өмір туды, жыр туды, көктем туды,
Өлара шақ осылай толғатудан.

Күн іздеп ем...

Ей, Тәңірім!
Жарықтан жаралдың ба?
Саралайсың пендені ар алдында,
Жіберерсің қаласаң көкке ұшырып,
Үмітімнен адастым таң алдында.
Айдыныңнан ақ бұлтқа қалықтадым,
Дүниенің кездім бір жарық таңын.
Жартысында көлбеңдеп көлеңке жүр,
Енді бірде қараңғы табыттамын!

Мұнар оты жиекпен ұштасыпты,
Көре алмадым биіктен ұшқан құсты.
Бақалардың басына бақ қонған-ау,
Жер астынан мүләйім мыстан шықты.

Көбелектер қайда өзі гүл іздеген,
Үкілер де жоғалды түн іздеген.
Мынау жарық әлемнен табар ма екем,
Тірлігімнің бетінен күн іздеп ем?!

Аманат

(Қарасайдың үні)

Иә, сарбазым,
Сары дала иесісің сен бүгін,
Сақтап жүрген елдігі мен теңдігін!
Бесігіңде батырлықтың қаны бар,
Беліңдегі босамасын белдігің!

Намысың бар, көкіректе көп көрім,
Қасиетті қорғар сені Көк бөрің.
Ер боп тусаң қайда сенің ерлігің,
Тумай жатып ұнамайды шөккенің!

Жерді сатпа,
Жерді сатсаң-анашыңды сатқаның,
Қара суға, қара түнге бақтаның!
Содан кейін ұшып кетер ғайып боп,
Басыңдағы ырысың мен бақтарың.

Қара жерде жатыр талай боздағың,
Қара жердің сезесің бе тозғанын?
Қара бастың қамын ойлап тек қана,
Қара түнде айға қолды созбағын!

Ерлікпенен атқан еді әр таңым,
Мынау-найза, мынау-менің қалқаным.
Сен анаңнан туған болсаң ер болып,
Аманат қып саған үміт артамын.

*Тырналар нотасы
Желпілдек күз желігеді,
Жапырақтар төгіледі.
Етегінде жел үйірсе,
Елпілдек қыз еліреді.*

*Тылсымға орап түн қамалы,
Тал-қайыңдар ырғалады.
Сыбдыр қағып күз-омырау,
Жиегінен сыр тамады.*

*Елпілдек қыз, елірген қыз,
Қыз жүрегін кемірген күз.
Дүниеге симай отыр,
Сағынышқа көмілген қыз.*

*Қарап ауыл жотасына,
Қалың ойға батасың, ә!
Өмір ұшып бара жатыр,
Тырналардың нотасында!*

Қоңыр тірлік

Қоңыр тірлік...

Қоңыр ғана күй кештім.

Моп-момақан қоңыр кешті сүймес кім?!

Қоңыр әнмен тербетілді қоңыр күз,

Қоңыр күзге келді менің үйлескім...

Қоңыр өлең...
Сен де қоңыр күй-кештің.
Қабағыңа қонақтатып күй-көшкін.
Ей, жарығым, кешіре көр, жалғанның,
Жарты нұрын жамылғандай күй
кештім.

Жарты нұрдан қоңыраулатып ұшқан ән,
Дүниені жапырақпен тыстаған.
Жапырақ-мезгіл,
Бұтақ-өмір, мен болсам-,
Сол бұтаққа қонақтаған құс болам!
Қоңыр тірлік...
Қобыраған қоңыр бақ.
Ай жарығын түсіреді шоғырлап.
Қоңыр кеште, қоңыр төбе үстінде,
Отырармын тылсым күннен жоқ ұрлап.

Мүсәпір

Мүсәпірдің қалы нешік,
Көзі сұмдық мүләйім.
Шарасыз бір үмітпенен,
Шақырады Құдайын.

Құдайы бар елеңдеген,
Түсіп жатыр нәсібі.
Мешкей емес, дегенменен...
Мүсәпірлік-кәсібі.

Езу тартып, сәл жымыды,
Өзгере қап ұсқыны.
Бүгін сондай бақытты екен...
Жылтылдайды міскіні.

Мүсәпір де күле алады,
Мүсіркеме ұдайы.
Беріп тұрар бір нәсібін,
“Мейірімді” Құдайы.

Басқа амалы қалған да жоқ,
Берілмейді сезімге.
Бар үміті жалғыз ғана,
Адамдардың көзінде...

Жаутаңдайды жанарларға,
Жәудіретіп қарасын.
Емдей алмай жүрміз бірақ,
Осы өмірдің жарасын.

Тылсымда

Мен қайта тудым,
Көкжиектен манаурап күн емізді,
Жетелейді тылсымға тілек ізгі.
Әпнақ жолда ақ мұнар керуен көшті,
Қарсы алады құпия жүрек бізді.

Ақ жол, әлде ақ әлем...жұмбақ бәрі,
Бұл сынақта төзімің шыңдалады.
Біреу жаңа туғандай іңгәлайды,
Ал, біреулер ес-түссіз жынданады.

Құбылыстар көне бір ғасырдағы,
Зәмзәм суы, қор қызы, жасыл бағы...
Кім түнесе басына Ақмазардың,
Қасиетті түн дейді басындағы.

Қып-қызыл боп қорымға күн батады,
Қыдыр келіп кетеді түнде тағы.
Қыл-көпірдің үстіне отырғызып,
Әулие-әмби рухы тіл қатады.

Тіл қатады тозаққа салып көріп,
Кеткендейсің бір сәтте гәріп болып.
Пендешілік пердеңді лақтырғанда,
Кетеді екен дүние жарық болып.

Жарқ етеді көңілдің ақ шынары,
Байлауында тылсымның бақ сынады.
Сонда ашылар Алланың аян берген,
Қасиетті сәуегей, бақсылары.

Қара түнде медет қып Ай-Тәңірді,
Қуалайды құдірет сайтаныңды.
От пен өмір арасы неткен тылсым,
Менің жарық дүнием қайта туды.

Шетен

Тау басында жалғыз Шетен,
Сырын кімге шертеді?

Жалғыз Шетен...

Жалғыз Шетен...

Қойнауында ертегі.

Құзар жартас көк тіреген,

Көк жүзінде жарқ етті.

Қорым тастан

Қор іздеген

Қарғалары қарқ етті.

Белдеуінде бебеулейді,
Бұлбұл сайрап, сылқым-бақ.
Тау ішінен естіледі,
Байғұс үні сұңқылдап.

Сұңқылдауы қандай суық,
Тітіркенер жүрегің.
Ащы үнінде ажал жатыр...
Тажал құстың бірі едің.

Жалмауыздай жар қабағы,
Жар жағалап өтерде.
Шуағыңды төкші, күнім,
Сонау жалғыз Шетенге!
Жалғыз Шетен,
Жалғыз Шетен!

Тұңғығым

Құлазыдым...
Жүрегім сені іздеді,
Сызат салған тағдырдың көп іздері.
Періштедей сен мені көруші едің,
Періште-күн бірақ та емгізбеді.

Құлазыдым...
Айтуға тіл жетпейді,
Көмескі-үміт санамда дірдектейді.
Сыртым-сұлу болғанмен ішім-тұман,
Көңілімнен жасырын мұң кетпейді.

Мұң кетпейді...
Өмірдің әр тұсында,
Күйгелектің тіршілік тартысында.
Күйіп тұрған секілді сенің орның,
Сағыныш боп жүрегім жартысында.

Қапастамын...
Қапырық қара кеште,
Жанарыңды қара түн салады еске.
Еміс-еміс алыстан қараясың,
Ілескендей пенде боп қара көшке.

Түсірер-ау,
Түсірер күн қиығын.
Секілдісің сен менің бір биігім.
Абай тартса елінің мың күйігін,
Сен тартып көр досыңның шын күйігін,
О, менің тұңғығым!

Аралық

Құдіреттің бары анық,
Бақи менен пәнидегі аралық!
Алмасады, жалғасады кезекпен,
Хауа анадан тірлікке от таралып!

Құдай сүйер пәнидегі жақсыны,
Мәңкүр келер қияметтің тақсыры.
Аралықтың азғындары қанша екен,
--Біліп кел,--деп жібереді бақсыны!

Қара бақсы паналаған қалтарыс,
Дүниеге лақтырады ортақ іс.
Бақтан әлде оттан барып басталар,
Қара жердің үстіндегі арпалыс!

Көрінеді содан кейін қара түн,
Адамзаттың сынағандай санасын.
Қара ниет қаптап кетсе амал не,
Жер мен көктің түншықтырып арасын!

Содан барып түншығады аспан да,
Бақ қашады адамнан да, тастан да.
Жауап беру қандай қиын күні ертең,
Дүниеге сәби көзін ашқанда!

Жүрегіміз, ниетіміз мастанды,
Ай да көрді сәбилерді тастанды.
Рухыңды тауып көрші, адасқан,
Паналап жүр мүмкін сонау аспанды!

Бақи менен пәнидегі аралық,
Қүдіретпен шыққан едік жаралып.
Қүдіретке қайта бәрін табындыр,
Айдыныңнан аққу ұшсын таранып!

Ғашық ән

Сырымды қалай жасырам,
Кеудемді шертші, ғашық ән.
Өзіме-өзім сия алмай,
От болып қайта басылам.

Қайырмасы
Ғашық ән, ғашық ән,
Көруге сені асығам.

Жүректі шертші, ғашық ән,
Жұлдыз боп түнге шашылам.
Мүмкіндік болса өмірді,
Бастар ем қайта басынан.

Көңілді шертші, ғашық ән,
Күн болып қайта ашылам.
Толқын боп мені тербетсең,
Теңізді сүйем тасыған.

Сырымды сездің, сезбедің,
Бақытты мынау кездерім.
Ғашықтық деген бір бақыт,
Оятқан мені көздерің.

Қарасайға
(Толғау)

Ғасырларға куә болған найза-шың,
Құдірет пен қулықтардың айласын.
Жақпарыңа текшелетіп үйдің бе,
Қара жердің жебеушісі қайдасың?

Қара жердің жебеушісі-Көк-төңір,
Құйып тұрар лапылдаған отқа нұр.
Менің жаным қуырылып шоқта тұр,
Найза шыңдар, тілдесейік тоқта, бір.

Найза шыңның мұнарланып тұр басы,
Қара өзеннің сыңғырлайды сырғасы.
Күркіреген Қарасайдың үні ме,
Қаратаудан көрінеді тұлғасы.

Қара тауға айналғандай бір басы,
Қара сайдан сұңғыла боп сұлбасы.
Қара жолдың үстіменен сең көшті,
Қара судың төгілгендей тұнбасы.

Көз алдымнан мұнар көшкен көк-сеңгір,
Көкжиекке көгілдір боп шөккен нұр.
Жаугершілік заманында жер үшін,
Бабаларым қара терін төккен қыр.

Қызыл нұрлы қызғалдақты құшқандай,
Тіршілікке табындырған күш қандай.
Қара жерге басымды идім, тәу етіп,
Құшағына бір сәт мені қысқандай.

Сені мәңгі қарашықтай қорғармын, ем,
Бабамыздың қаны тамған жолдардың.
Жиегінде жебеушісі жүр ме ұшып,
Олар жайлы әлі талай толғар күн.

Жан сауғалап тұра қашқан жоңғардың,
Найзаласқан күнәсі бар қолдардың.
Сыбағасын берген еді Қарасай,
Әлі талай гасырларға толғар түн.

Деп айтармыз: Дархан қазақ даласы-ай!
Кермаралдай керілуін қарашы-ай!
Қара жолда өруағыңа сиынып,
Ұран болған Ер бабамыз, Қарасай!

Қыран болған Ер-бабамыз, Қарасай,
Қалмақтарға жортқан ізін тамаша-ай!
Енді қайтып туар ма еді өзіңдей,
Алты алаштың асыл туған баласы-ай!

Қарасайлап шапақ атқан ақ таңда,
Жүрмей ме ұшып үміт құсы, бақ-маңда.
Бірақ ол құс үркіп ұшып кетпей ме,
Қара жерді “қара құсқа” сатқанда?

Қара құстың мекені ме мына аймақ,
Шоқығаны қара құсқа ұнайды-ақ.
Қара қорым, қара ормандар сиреген,
Қара жер де қасіретке шыдайды-ақ.

Пана болған “қарғаларға” қара жер,
Сақтау үшін қара жерді сана бер.
Иесі ме, киесі ме беймезгіл,
Шыңғырады әлдеқайдан Қарагер.

Кісінейді шыңыраудан шырқырап,
Жер үстінде шыққан тері бұрқырап.
Рухыңа тағзым етер ұрпағың,
Қарасай боп қорғап жүрсе бір пырақ.

Құдіреттің бесігінде арман ән,
Жер ұйығын ата-баба қорғаған.
Найза-шыңдар биігіне көз тастап,
Бірде-күн боп, бірде-түн боп толғанам.

Түсіме енбе!

Есіме түссе, сол көктем шырақтай жанам,
Жанымда менің тұма бір бұлақ қайнаған.
Түсіме еніп қайтесің, түсіме еніп,
Мазамды алдың-ау, шешілмес сұрақтай маған.

Шынарым болып, жырақтан көктейсің кейде,
Көзіңнің жасын көл қылып төккейсің дей ме?
Биылғы нәсер сезімді сірнелеп кетті-ау,
Көмескіленген бір үміт көкке сіңбей ме?

Есімде сол бір күндерде дірілдегенім,
Қорғансыз құстай торыңа ілінген едім.
Үзіліп қалған секілді қауырсындарым,
Бекерге енді жанымды тілімдемегін!

Ессіз қыз

О, ессіз қыз,
Болмайды адам еш мінсіз.
Сенің мінің-біреуді,
Сүйіп қалдың ес-түссіз!

Есіңді жи, сәл гана,
Өмір неткен жалған ә!
Енді саған қалғаны,
Қыз намысы-ар гана!

Сені қорғар бар ақ таң,
Елеңдейсің қарап сан.
Әйел жолы-жіңішке...
Қызды солай жаратқан.

Келмей жатыр күз неге?...
Күзден де оны іздеме.
Сабырыңды сақтай біл,
Сенің жолың-мұз-кеме!

Сабыр еткін жай ғана,
Жаныңды ұғар-ай ғана.
Отқа күйген жүректі,
Шоққа енді байлама!

О, ессіз қыз,
Болмайды адам еш мінсіз.
Сенің мінің біреуді,
Сүйіп қалдың ес-түссіз...

Кілт

Тіл жетпейтін болады екен сезім де,
Бір сиқыр бар жаныңда, әлде көзіңде.
Кеш оянған сенсің, менің көктемім,
Жүрегімнің кілті бүгін өзіңде!

Әппақ таңда қиялдаумен көз ілгем,
Құдіретін сиқыр сәттің сезінгем.
Махаббатсыз өмір сондай сұп-сұрқай,
Махаббатсыз өмірден мен безінгем.

*Құпияны құпиямен ашқан ең,
Көздеріңнің ұшқын отын шашқан ең.
Сұлуланып жүре берді дүние,
Жүрегімді билеп алды басқа әлем.*

Жазған

*Не жаздым саған, жазған,
Мұңыңды берші, аздан.
Отыңа күйдім жаздан,
Көріңді көрдім қазған.*

*Жүйкең де сенің тозған,
Заманым сірә, азған.
Ай-балта үміт келіп,
Қолымды кесті созған.*

*Үмітім қайта келмес,
Сұмдыққа құлақ сенбес.
Деп пе едің мені өлмес,
Деп пе едің көзім көрмес?!*

*Көрде де сені көрем,
Жерде де сені көрем.
Көрсөқыр түннен бір сәт,
Құтқарып алар-өлең!*

*Не жаздым саған, жазған,
Жүйкем де сірә, тозған...
Түссем бе барып өзім,
Көріңе сенің қазған?!*

Алдар көсеге

*Алдар көсе, алдағаның әдемі,
Адамдарға ақылыңның бар емі.
Ал, бүгінде дүниені жапқандай,
Құлық пенен сұмдықтардың әлемі.*

*Шыны қайсы, сыры қайсы белгісіз...
Белгісіз бір дүниеге келді қыз.
Өлерменнің өңешіндей мына өмір,
Етегіне өзі өртеніп өлді күз.*

*Шыны қайсы, сыры қайсы таппайсың,
Сырлы аяққа сырыңды құй, жақпайсың.
Қылтың, сылтың,... жылтың-жылтың
көздерден,
Аяғыңды үрке-үрке аттайсың.*

*Алдар көсе, алдап неше кеткенмен,
Бір жақсы әсер қалған екен өткеннен.
Ал, бүгінде байқалады адамдар,
Өзін-өзі аяқ асты еткенмен.
Алдар көсе, бірге жүрген шығарсың,
Бізді неше алдап кеткен көктеммен?*

Сең

*Ақ жауын майда ғана себелейді,
Бір күйге сені қалай бөлемейді.
Ақ жауын астындағы өппақ сырды,
Сезімсіз жандар ғана елемейді.*

*Ақ жауын майда гана сіркіреді,
Жанына адамдардың сыр тілейді.
Қоңыр жел орамалын баяу желпіп,
Ақ жауын астында бір сыр түлейді.*

*Ақ жауын тереземді аймалайды,
Ақ жауын кірбің жібін байламайды,
Ақ жауын дүниеге бүркіп өткен,
Жаныңды қалай гана қайрамайды.*

*Кетердей күйіп бүгін отқа жаным,
Нөсерге бар сырымды ақтарамын.
Өртеніп барам әпнақ махаббатқа,
Бұл отты енді қалай тоқтатамын?*

*Бұл оттан айтшы қалай сақтанамын,
Сақтайтын жүрегінде жоқ та амалың?
Ақ жауын астында бір сең көшеді,
Сенделсем маған кінә тақпа, жаным!...*

Жұлдыз боп...

*Көктемде неге түнердің,
Жайыңды қалай білермін.
Жаныма қайта түсті мұң,
Көзімді қайтіп ілермін?...*

*Мұңдылау ма еді көктемің,
Мұңымды қалай шерткенің?
Қапыда маған байқатпай,
Санама түскен дерт пе едің?*

Сырласу бізге рас қиын,
Отырам кейде тас-түйін.
Өзімді-өзім түсінбей,
Сезімге мынау мас күйім!
Көзімнен қайта сөнбе күн,
Төзімге бұлай көнгенім.
Аялап тұрар жанарың...
Күлкіңе сенің шөлдедім.

Мұңдылау ма еді көктемім,
Мұңымды қалай шерткенің?!
Өтінем, менің көзімнен,
Жұлдыз боп ағып кетпегін!

Түнгі элегия

Айқаспады-ау, кірпігім, ояу жаным,
Сыңсытқандай мақпал түн баяу зарын.
Сыбырлайды үздігіп жапырақтар,
Түнгі әлемнің сөйлетіп бояуларын.

Түн...тіршілік...гажайып ертегі елі,
Ұл-қыздары не деген көркем еді.
Сылқ-сылқ еткен сиқырлы сал күлкілер,
Қытықтайды тәнімді көрпедегі.

Билеп алған бойымды сезім қызық,
Дөңбекшимін еріксіз төзімді үзіп.
Құлап жатыр төсіме шок жұлдыздар,
Ай сәулесі қарайды көзін сүзіп.

Есік ашты әлдекім сықырлатып,

*Түн-бесікке үрейді тыпырлатып.
Қанатымен сипайды көбелектер,
Тереземнің әйнегін сытырлатып.*

*Түн сиқырын сезіммен тұсадым да,
Ерік бердім бойдағы күш-ағынға.
Тербетеді бесігі айлы түннің,
Талықсыдым құдіреттің құшағында.*

Пенде

*Көкөзек-көктем, күн-амал,
Ойларға баттым дүдәмал.
Дүние-бесік, мың бір түн,
Арыңда сенің күнә бар.*

*Ойлап бір тауып мың амал,
Пейіштен пейіл сұрап ал.
Періште емес, пендеміз,
Пенделік кешіп, жылап ал.*

*Содан соң қолға шырақ ал,
Құдайға құл боп тұра қал.
Отқа да түсіп көргейсің,
Төгілер болса күнәлар.*

*Кешірет Тәңір барлығын,
Шығарып үкім, жарлығын.
Көтеріп алар қаласа,
Адамның айтқан зар-мұңын.*

Алайда пенде-пенде еді,
“Құдайдан өзі кем бе еді?”
Тағы да батты күнәға,
Өзге емес, өзін жеңбеді.

Өзге емес, өзін жеңбеді,
Өлермен екен өңмені.
Замана кірілген,
Тарихтың беті көң бе еді?

Секілді өмір ермегі,
Асылын ерте жерледі.
Көзі емес, жаны соқыр боп,
Жарықты неге көрмеді?

Көрмеді солай тұнықты,
Сапырып талай былықты.
Төбеден бірақ байқатпай,
Тәңірі қарап тұрыпты.

Кінәлап түн мен жарықты,
Өмірден солай жалықты.
Адамның әппақ рухы,
Кірленіп содан қалыпты.

Дүние жанарында

Тылсымына өмірдің көз байланып,
Көңіл кейде шуақты жазға айналып.
Пенделікке қарасаң кешіріммен,
Жүрегіңде бір үміт маздайды анық.

Бұлақ сылдыр қагады бүлкілдеген,
Сұлу таңның ажары үлгілдеген.
Дүниенің тұп-тұнық жанарында,
Қайта тудым өмірге бір күнде мен.

Қандай ғажап...өмірдің туған бағы,
Нөсерлетіп сезімді жуган таңы.
Күні кеше бәрінен безініп ем,
Бүгін сүйіп тұрмын-ау, қу жалғанды.

Жалған,.. жалған,..жалған-ай, дір етпелі,
Тіршілікті керемет түлеткені.
Мәңгі жұмбақ тылсымның құдіреті-ай,
У қорғасын балқыды жүректегі!

Күліп тұрып

Тырналарға қарасам тыраулаған,
Шуга толып кеткендей мынау-далам.
Алақанын аспанның өртеп тұрып,
Көтерілді жиектен күн аунаған.

Көкжиекке самғайды қос қанатым,
Диқаншының естимін қостан әнін.
Бұрқылдайды әр үйде Науырыз-көже,
Берекеге толтырып тостағанын.

Құт құйғандай Науырыз қазанына,
Дүниенің тарқамас базарына.
Төгіледі көңілдің әппақ нұры,
Кең пейілді осынау қазағыма.

Жарқабак па жасырар жағдайыңды,
Жарқабактың жағасы тал-қайың-ды.
Пана іздеймін деп мен де өмір-жарқабакқа,
Соғып алғам сан рет маңдайымды!

Қорған боп

Ақпанда туған жан аға,
Ұқсайсыз сәби данаға.
Кіршіксіз әппақ көңілің,
Ақ сәуле құйды санама.

Әппақ бір таңым атқандай,
Сырымды жүр ем ақтармай.
Көрінді мынау дүние,
Өртеніп бара жатқандай.

Жүрегі нәзік жан аға,
Ұқсатам сізді далаға.
Тылсымы тұнық жұмбақ күш,
Жанымды жаулап бар ма?

Жанымды айтпай түсіндің,
Көзіңнен ұшқын түсірдің.
Ақ қанат мынау жырымды,
Көгершін етіп ұшырдым.

Мейірім төгіп баршаға,
Жүре бер, аға, шаршама.
Дәл бүгін менде арман жоқ,
Дүние тоқтап қалса да!

Арман жоқ, менде арман жоқ,
Сөзімде титтей жалған жоқ.
Жүрсеңіз болды ақынның,
Сыртынан күндей қорған боп.

Анаға тағзым

Тағзым саған, Жер-ана,
Тағзым саған, Ер-ана!
Тұтқасындай өмірдің,
Тұғары биік, өр-ана!

Құдіретті көр, ана,
Қасиетті Ер-ана.
Дөңгелейді дүние,
Шуағыңа орана!

Күн шуақты нұр-ана,
Шежіредей жыр-ана.
Нұрландырар әлемді,
Мейірімді сыр-ана!

Көкірегі-сел ана,
Жомарттығы көл-ана.
Ғасырларды жалғаған,
Адамзатқа бел-ана!

Тағзым саған, Жер-ана,
Тағзым саған, Ер-Ана.
Ел басына бақ қонсын,
Ақ батаңды бер, ана!

Жыр әлемде

*Жамбыл бабам, алып жырдың иесі,
Асыл сөздің келер бүгін жүйесі.
Сен туған күн, қазақ үшін ұлы той,
Ұлы жырдың шықшы алдымнан киесі!*

*Ақындықтың киесіне жолыққан,
Жыр әлемде ізін жатыр жорытқан.
Домбыраны семсер етіп, серт етіп,
Өттің бабам, өмір атты жорықтан.*

*Жолың биік, тағың биік, киелім,
Қасиетіңді Ұлы шың, деп сүйемін.
Дарияңнан таралады мың бұлақ,
Бастауыңа басымды мен иемін!*

*Сенің үнің өмір нұрын құрамақ,
Әркімнің де алдында бар шығанақ.
Шығанаққа қалам тіреп шығайын,
Ақын баба, қарап қойшы, сығалап!*

*Жамбыл бабам, алып жырдың бастауы,
Тасып кетер айдын-жырдың астауы.
Сен туған күн, бұл- қазаққа ұлы той,
Сыңғырласын, тойыңыздың шашбауы!*

Өң мен түс

*Өң мен түстің арасы ашақ емес,
Шыңға айналды бір сәтте қаншама елес.
Талмаураған маусымға талып жеттім,
Таңсық болған жұмбақпен таңға кеңес.*

Өң мен түстің арасы пердедей-ақ,
Бір тәтті елес жаныма келген таяп.
Құлап бара жатыр ем шыңырауға,
Жұлып алдың жүректі көрден аяп.

Өң мен түстің арасы-қылдай ғана,
Көмескі кеш шындықты ұрлайды ана.
Жүректердің жасырын нәзік жібі,
Сәулесіне сол шамның тұр байлана.

Өң мен түстің арасы қысқа ғана,
Еркіндікті о, өмір, құсталама.
Жасырынып отырмыз тысқы әлемнен,
Еркін өмір сүретін құс қана ма?!

Өң мен түстің арасы бір-ақ адым,
Жұмбақ сонда күлгенім, жылағаным.
Өмір сүріп жүр екем өң мен түсте,
Ғайып болар бір күні құрағаным.

Бір өкініш қалады сыр түбінде,
Бір өкініш қайғыңның бүршігінде.
Өң мен түстің арасы тұр дірілдеп,
Қағып қалған көзімнің кірпігінде!

Көмескі үміт

Бір-ақ шешім-

Осымен бітті бәрі.

Көзінде бір

Дір еткен шық тұнады.

Сен бе, мен бе...
Әйтеуір кінәліміз...
Уақыт деген
Түбі бір ұқтырады.

Бітті бәрі...
Ештеңе айта алмадым.
Өткен күнді
Келмейді қайталағым.
Өкінішті, өткініші,
О, өмірі-ай,
Бүлдіріп аларымды
Байқамадым!...

Бітті бәрі...
Сен жайында
Ештеңе түрте алмадым.
Жалғыз тамшы
Жасымды сүрте алмадым.
Жылтырайды көзімнен,
Көмескі үміт.
Сәулесіндей жылт етіп,
пілте шамның...

Күн дегенім...

Күннен түскен сәулеге жанарымды қарыдым,
Күн де кейде қызғанар қызыл түсті жарығын.
Кірпігімнен от ұшты, еніп гажап тылсымға,
Тұмшаланған әлемде айналамның бәрі-мұң.

Ағатындай жүректен
Жылап қаным!
Солай...солай...
Мен бүгін жырақтамын!

Тұрақтылық...
Бағытыма ұстармын=
Шырақ қылып.
Айып етпе,
Бір кеште жан досыма:
-Сүйем!- дедім,
Мен сені жылап тұрып:
Осы-дедім,
Мәңгілік тұрақтылық!

Ешкімге де ашылмас
Сыр-сандығым,
Сол қалпыңнан өзгермей
тұрсаң күнім!
Саған деген
Сезімнің қалқаны бар
Сауыт киген
Құртқадай құрсаулымын!

Өкінбе сен
(Әні Бақытжан Рахметжановтікі)
Арманда жүргенде аяулым,
Көктем нұры бізді тербеткен.
Мен сені қалай сағынбаймын,
Іздесем табам ба жер-көктен?.

Мен сені сүйдім,
Сен үшін күйдім.
Жарқырап атқан таңда!
Өкінбе сен,
Өкінбе сен,
Жетерсің мүмкін арманға!
Өкінбе өткенге аяулым,
Өмір нұры көкте жайнаған.
Мен сені қалай сағынбаймын,
Армандап табам ба қайтадан?!...

Күнге айналсам

Күнге айналсам деп едім, шуағыммен орайтын,
Түнге айналсам деп едім, жұлдызың боп
қарайтын.

Гүлге айналсам деп едім, сені сүю үшін де,
Желге айналсам деп едім, кірпігіңді тарайтын.

Күн боп көрдім, бірақ та бұл өмірден
жалықтым,
Түн боп көрдім, бірақ та қараңғыда
қамықтым.

Гүлге айналып не керек қысқа екен гой гұмыры,
Желге айналып не керек, терезеңде зарықтым.

Нөсер болып төгілсем, көңіліңе бір рет,
Найзағай боп сен менің жүрегімді тіліп өт.
Сезіміме ұйтқып соғып өтті сан дауыл,
Табындырған өзіңе мені қандай құдірет?

Жарқабак па жасырар жағдайыңды,
Жарқабактың жағасы тал-қайың-ды.
Пана іздеймін деп мен де өмір-жарқабакқа,
Соғып алғам сан рет маңдайымды!

Қорған боп

Ақпанда туған жан аға,
Ұқсайсыз сәби данаға.
Кіршіксіз әппақ көңілің,
Ақ сәуле құйды санама.

Әппақ бір таңым атқандай,
Сырымды жүр ем ақтармай.
Көрінді мынау дүние,
Өртеніп бара жатқандай.

Жүрегі нәзік жан аға,
Ұқсатам сізді далаға.
Тылсымы тұнық жұмбақ күш,
Жанымды жаулап бар ма?

Жанымды айтпай түсіндің,
Көзіңнен ұшқын түсірдің.
Ақ қанат мынау жырымды,
Көгершін етіп ұшырдым.

Мейірім төгіп баршаға,
Жүре бер, аға, шаршама.
Дәл бүгін менде арман жоқ,
Дүние тоқтап қалса да!

Арман жоқ, менде арман жоқ,
Сөзімде титтей жалған жоқ.
Жүрсеңіз болды ақынның,
Сыртынан күндей қорған боп.

Анаға тағзым

Тағзым саған, Жер-ана,
Тағзым саған, Ер-ана!
Тұтқасындай өмірдің,
Тұғары биік, өр-ана!

Қүдіретті көр, ана,
Қасиетті Ер-ана.
Дөңгелейді дүние,
Шуағыңа орана!

Күн шуақты нұр-ана,
Шежіредей жыр-ана.
Нұрландырар әлемді,
Мейірімді сыр-ана!

Көкірегі-сел ана,
Жомарттығы көл-ана.
Ғасырларды жалғаған,
Адамзатқа бел-ана!

Тағзым саған, Жер-ана,
Тағзым саған, Ер-Ана.
Ел басына бақ қонсын,
Ақ батаңды бер, ана!

Жыр әлемде

*Жамбыл бабам, алып жырдың иесі,
Асыл сөздің келер бүгін жүйесі.
Сен туған күн, қазақ үшін ұлы той,
Ұлы жырдың шықшы алдымнан киесі!*

*Ақындықтың киесіне жолыққан,
Жыр әлемде ізін жатыр жорытқан.
Домбыраны семсер етіп, серт етіп,
Өттің бабам, өмір атты жорықтан.*

*Жолың биік, тағың биік, киелім,
Қасиетіңді Ұлы шың, деп сүйемін.
Дарияңнан таралады мың бұлақ,
Бастауыңа басымды мен иемін!*

*Сенің үнің өмір нұрын құрамақ,
Әркімнің де алдында бар шығанақ.
Шығанаққа қалам тіреп шығайын,
Ақын баба, қарап қойшы, сығалап!*

*Жамбыл бабам, алып жырдың бастауы,
Тасып кетер айдын-жырдың астауы.
Сен туған күн, бұл- қазаққа ұлы той,
Сыңғырласын, тойыңыздың шашбауы!*

Өң мен түс

*Өң мен түстің арасы алшақ емес,
Шыңға айналды бір сәтте қаншама елес.
Талмаураған маусымға талып жеттім,
Таңсық болған жұмбақпен таңға кеңес.*

Өң мен түстің арасы пердедей-ақ,
Бір тәтті елес жаныма келген таяп.
Құлап бара жатыр ем шыңырауға,
Жұлып алдың жүректі көрден аяп.

Өң мен түстің арасы-қылдай ғана,
Көмескі кеш шындықты ұрлайды ана.
Жүректердің жасырын нәзік жібі,
Сәулесіне сол шамның тұр байлана.

Өң мен түстің арасы қысқа ғана,
Еркіндікті о, өмір, құсталама.
Жасырынып отырмыз тысқы әлемнен,
Еркін өмір сүретін құс қана ма?!

Өң мен түстің арасы бір-ақ адым,
Жұмбақ сонда күлгенім, жылағаным.
Өмір сүріп жүр екем өң мен түсте,
Ғайып болар бір күні құрағаным.

Бір өкініш қалады сыр түбінде,
Бір өкініш қайғыңның бүршігінде.
Өң мен түстің арасы тұр дірілдеп,
Қағып қалған көзімнің кірпігінде!

Көмескі үміт

Бір-ақ шешім-

Осымен бітті бәрі.

Көзіңде бір

Дір еткен шық тұнады.

Сен бе, мен бе...
Әйтеуір кінәліміз...
Уақыт деген
Түбі бір ұқтырады.

Бітті бәрі...
Ештеңе айта алмадым.
Өткен күнді
Келмейді қайталағым.
Өкінішті, өткінші,
О, өмірі-ай,
Бүлдіріп аларымды
Байқамадым!...

Бітті бәрі...
Сен жайында
Ештеңе түрте алмадым.
Жалғыз тамшы
Жасымды сүрте алмадым.
Жылтырайды көзімнен,
Көмескі үміт.
Сәулесіндей жылт етіп,
пілте шамның...

Күн дегенім...

Күннен түскен сәулеге жанарымды қарыдым,
Күн де кейде қызғанар қызыл түсті жарығын.
Кірпігімнен от ұшты, еніп гажап тылсымға,
Тұмшаланған әлемде айналамның бәрі-мұң.

Талмаураған өлара...тамшы үзілді көзімнен,
Ұшып түсті қызыл от, табаныма төзімнен.
Көсегенім кешегі сексеуілдің шоғы екен,
Қайда қашсам құтылам, сорақы бұл
сезімнен?!...

Күн дегенім күн емес, сәулесіне алдандым,
Қуанышын жасырып етегімен қалған түн.
Жетегінде көктемнің желіп кетті жастығым,
Ауылынан алыстап қала бердім арманның.

Бұлыңғырау көрінер кейде мынау бұла-таң,
Бұла таңға жанымның жапырғын сынатам.
Сыбырлайды бейуақта сарғыш тартқан сая-
бақ,

Сыбырыңнан мен сенің.
Сыр ұрлауды ұнатам!

Сағанышым

Сағанышым,
Сезесің бе, бүгінде жалын ішім.
Сені көрсем,
Қашқақтап жүрем ылғи.
Мұның бәрі-
Бір сенің
Бағың үшін!
О, менің сағанышым!
Жырақтамын,
Сезбейсің-ау,
Сыр ашам бұлаққа мың!
Кеудем толы
Сағаныш қысқа кезде,

Ағатындай жүректен
Жылап қаным!
Солай...солай...
Мен бүгін жырақтамын!

Тұрақтылық...
Бағытыма ұстармын-
Шырақ қылып.
Айып етпе,
Бір кеште жан досыма:
-Сүйем!- дедім,
Мен сені жылап тұрып:
Осы-дедім,
Мәңгілік тұрақтылық!

Ешкімге де ашылмас
Сыр-сандығым,
Сол қалпыңнан өзгермей
тұрсаң күнім!
Саған деген
Сезімнің қалқаны бар
Сауыт киген
Құртқадай құрсаулымын!

Өкінбе сен
(Әні Бақытжан Рахметжановтікі)
Арманда жүргенде аяулым,
Көктем нұры бізді тербеткен.
Мен сені қалай сағынбаймын,
Іздесем табам ба жер-көктен?

Мен сені сүйдім,
Сен үшін күйдім.
Жарқырап атқан таңда!
Өкінбе сен,
Өкінбе сен,
Жетерсің мүмкін арманға!
Өкінбе өткенге аяулым,
Өмір нұры көкте жайнаған.
Мен сені қалай сағынбаймын,
Армандап табам ба қайтадан?!...

Күнге айналсам

Күнге айналсам деп едім, шуағыммен орайтын,
Түнге айналсам деп едім, жұлдызың боп
қарайтын.

Гүлге айналсам деп едім, сені сүю үшін де,
Желге айналсам деп едім, кірпігіңді тарайтын.

Күн боп көрдім, бірақ та бұл өмірден
жалықтым,
Түн боп көрдім, бірақ та қараңғыда
қамықтым.

Гүлге айналып не керек қысқа екен зой зұмыры,
Желге айналып не керек, терезеңде зарықтым.

Нәсер болып төгілсем, көңіліңе бір рет,
Найзағай боп сен менің жүрегімді тіліп өт.
Сезіміме ұйтқып соғып өтті сан дауыл,
Табындырған өзіңе мені қандай құдірет?

Түнгі сағым

*Көмескі бейне,
Құрдымды аңсайды-ау шамасы!
Көк тұман кейде,
Бұлт пенен жердің арасы.
Ғайыптан емес,
Айыптан туады бәлкім
Алшақтап кетсе
Қимас көңілдердің арасы!*

*Көз тұнған кезім,
Қараңғы түндей түнек бір.
Құшағымды өртеп
Ыза-кек оты түтеп тұр.
Сағымға сіңіп барады
Әппақ махаббат...
Ал, жүрегім-
Ақ бұршақтарды тілеп тұр!*

Терезе

*Бірде жылап, бірде күліп тұрсың сен,
Арпалысып бейуақытта сиқырлы бір
тылсыммен.
Жүрегіңді мұзға қарып, мұздап анық
қайтесің,
Түнгі әлемнен елестеген өзің емес, сүлдерің.
Өзіңе-өзің тағдыр тілеп, жаңбыр тілеп не
еткенің,
Көз алдыңа елестей ме, елеңдей ме
көктемің-?
Қаңтардың да қаталдығы, батыр күнін
ұмытып,*

Өмір-ұршық

Тынысыма дем бергін,
Ауа жетпей сенделдім.
Құтқарар деп қапастан,
Саған ғана сенгенмін.

Көңіліме нұр бергін,
Бұлтын серпіп түндердің.
Құтқарар деп сен мені,
Ақ сағымды күнге ердім.

Ауа жетпей тұншықтым,
Мазақтайды қырсық-күн.
Жібi болып айналдым,
Өмір деген ұршықтың.

Тынысыма дем бергін,
Ауа жетпей сенделдім.
Құтқарар деп қапастан,
Саған ғана сенгенмін,
Саған ғана сенгенмін!

Хатқа жауап

Жалмауыздай жалғыздықтың апаны,
Мына өмірде жұтып бәрін жатады.
“Жалғыз қалдым” деген сөзің қашан да,
Жаныма тек батады...

Жалғыздықтан күйің бар-ау шошынған,
Жалғыз үміт күттің білем, досыңнан.
Жабырқаулы жаның жүдеп кеткен соң,
Хат жазыпсың тосыннан!

*Хат жазыпсың жаның күйіп шалғайдан,
Тірлік үшін күресетін бар майдан.
Жалғыз парак хатпен бірге жасырын,
Сағынышың талып жетті шалғайдан...*

*“Жалғызбан” деп досым, енді теңселме,
Қайратыңмен өмір сүргін, белсен де.
Тұрған кезде жанып жарық жұлдызың,
Жалғызбын...деп айта көрме, өлсең де!*

Періштем

*Ғайыптан пайда болған жұмбақ бала,
Жайыңды жасырып көп жұмбақтама.
Сен қалай сиқырладың сезімімді,
Барасың жүрегімді ұрлап қана.*

*Ғайыптан пайда болған елесің бе,
Толқытып қойдың ойдың кемесінде.
Жоғалтып қойған жастық сәттерімді,
Қайтадан тауып алдым, сенесің бе?*

*Бір ғажап көңіліме күй тұнады,
Жан едім жүрген бей-жай ұйқыдағы.
Оянды бұлбұл құсым сайрап бүгін,
Гүлдердің елестейді сиқыр бағы.*

*Сезімге сиқырлы әуен құяды әлі,
Қыраным, қалықтай бер қиядағы.
Мен сені періштем деп бағалаймын,
Жанарым періштеден ұялады!...*

Ақын қыздарға

*Қара көздерім менің,
Мұң болып мөлт етесіңдер.
Дірілдеп қас-қабактарың,
Сезімге өртенесіңдер.*

*Жұмбақтау жан дүниелерің,
Көктемдей қарылғаштарым.
Тамшыға шөлдеп жүреді,
Қара көз қарындастарың.*

*Жақсыға шөлдеп жүреді,
Шапағын аңсап күннің.
Келеді көктем, көктем,
Әлемге ән сап бүгін.*

*Көктемнің жаңбырыменен,
Жазыңдар талдырып өлең.
Бәрің де бақыттысыңдар,
Сәл қиын тағдырыңменен!*

*Қара көздерім менің,
Мұң болып мөлт етесіңдер.
Дірілдеп қас-қабактарың,
Сезімге өртенесіңдер!...*

Дүмше дүние...

*(Алматыда өткен бір жыр
жарысынан кейінгі әсер)*

*Құлын даусым кеткендей құмға сіңіп,
Айқай салсам қайтеді шыңға шығып.
Құз түбіне құлдырап күн құлайды,
Алабұртқан сезімді түн басынып.*

*Ағып түсті бір жұлдыз қарап көктен,
Көздің жасы шық болып тарап кеткен.
Мынау дүмше дүниенің мысы қалың,
Үмітімнің құйрығы шолақ неткен?*

*Арсыздықты ұқсайды бөліскенге,
Арсыздықты адамға бөліс, теңге!
Жаным сұмдық шошынып дір етемін,
Шошынғандай дір етіп періштем де!*

*Арсыздықтың келбетін қара, мына,
Ит жармасқан секілді балағыма.
Құндақтаулы жыр-бөпем, сені аядым,
Бөрілердің түскендей талауына!...*

Сезім-шырпы

*Кейде өзімді түсіне алмай қаламын,
Күннен-күнге бұйығы боп барамын.
Селк еткізген көңілімді қандай күш,
Жанарыңа үрке-үрке қарадым.*

*Жалын отқа қалғандаймын байланып,
Бағындырып жүрегімді қойды анық.
Арманым жоқ, кетсем егер дәл бүгін,
Көздеріңнің тұтқынына айналып.*

*Тұтқындадың, тұтқындалдым бір күні,
Қалтыраған жайым неткен күлкілі.
Жақындама, жақындасаң өртенем,
Лап еткізіп жақтың сезім-шырпыны.*

*Есім ауып, ауаны тек қарманам,
Қиялыммен, үмітіммен алданам.
Сел-сезімнің құлы болған жүрегім,
Жарылудан сәл-ақ бүгін қалды аман!...*

Сен арқылы

*Сен жайында жазбаймын жырды қайтіп,
Үмітім боп көңілде тұрғаныңда.
Есеңгіретіп санамды кете бардың,
Менің тәтті күлкімді ұрладың да!*

*Сен жайында жазбаймын жырды қайтіп,
Көктемім боп тумасаң көңілімде.
Сен арқылы сан алуан қайшылықтар,
Соқтығысып жатады сезімімде.*

*Сен жайында жазбаймын жырды қайтіп,
Асылым боп қалмасаң ұғымымда.
Сен арқылы жететін секілдімін,
Армандаумен бақыттың тұғырына.*

Көгілдірім

*Сенің даусың, шынымен сенің үнің,
Жанарымнан моншақтап төгілді күн.
Қалай ғана ұмыттың Гүл-нәріңді,
Ұсынамын мен саған-өмір гүлін.*

*Өмір-гүлім, о, менің көгілдірім,
Жанарымнан моншақтап төгілді мұң.
Көктем болып мен сені өбейінші,
Ақ нөсермен шайқашы, көңіл кірін.*

*Көгілдірім, о, менің көңіл нұрым,
Жүрегімнен төгілген көңіл-жырым.
Қоңыр күзде қоштасып кетіп едік,
Қайта оралды-ау, қоңыр күй, қоңыр
мұңым!*

*Тастағы сурет басындағы ой
Ай көрінді жарқырап бір төбеңнен,
Мәңгі сөнбес жарығыңа сенем мен.
Сонау-сонау шексіз жатқан қиырға,
Телміре сен қарап тұрсың белеңнен.*

*Күн көрінді ай шуақты төбеңнен,
Мәңгі сөнбес шуағыңа сенем мен.
Телміремін суретіңе тастағы,
Сөйлеп тұрған секілді бір тереңнен.*

*Кенет...кенет...қызыл тасқа тіл бітті,
Сүюші едім дейсің әппақ шындықты.
Шындық іздеп аттандым бұл сапарға,
Қайтем дейсің жалған мынау тірлікті?*

Аттандым деп тұрсың ұзақ сапарға,
Өмір деген дөңгелеген ат-арба.
Дөңгелегің тоқтап қалған бір күні,
Кездесерміз,- дейсің сонда шаһарда.

Өмір деген дөңгеленген күй-табақ,
Күй табақтан алдым дейсің күй қалап.
Әруағыңа басымды идім, мен сенің,
Суретіңді орамалмен сипалап.

Суретіңді орамалмен суртемін,
Шыққан болса маңдайыңнан бір терің.
Жапан түзді жарқыратып түнде бір,
Жанып тұрар сенің жалғыз Үркерің.

Кірпігіңді көкке қарап тесілдің,
Суретіңе қарап мен де шешілдім.
Сағыныштан келіп едім таусылып,
Жаным, мені кешіргін!...

Өлең күт

Терең, терең тұңғиық,
Тұңғиықтан түн құйып.
Белең-белең белді астым,
Белден асқан шың биік.

Қою, қою, түн-киік,
Түн-киікті ұңғиік.
Ою-ою өрнек ой,
Өрнек ойға сұңғиік.

Мұнар-мұнар, мұнар күн,
Мұнарыңа құмармын.
Құпиямды қағып ал,
Қабағымнан шынар-күн.

Шынар-шынар тым биік,
Табындырар күнді иіп.
Табындырды мені де,
Сендегі бір тұңғиық!
Түпсіз, түпсіз тереңдік,
Тереңдікті белең зып.
Құлазиды жан күйім,
Енді менен өлең күт...

Жан сырым

Бұйығы жатқан жұмбағым,
Жұмбағымды енді тыңдағын.
Аршы пап әппақ сезімді,
Сеніміңмен шыңдағын!

Бәйшешек-сезім көктеген,
Қарып ем оны шоқпенен.
Қараңғы түнде көз байлап,
Қыр асып сонда кеткен ем!

Тағдырдың сезіп сынауын,
Таптың ба, көңіл құрауын.
Үзіп сен бірде жібердің,
Жалған бір ойдың бұғауын.

Үміттің жалған талшығын,
Кеудеме найза-от шаншыдың.
Сыртыңнан бірақ ғашық ем,
Кешір,...бұл менің-жан сырым!

Нәзіктік

Сендегі бар тәкаппарлық,
Менде де бар сүйіктім.
Сені айға телігеніммен,
Мен өзіңнен биікпін.

Мейлі қанша паңдана бер,
Кеуде керіп, жүз теңсел.
Тек өзіңнен нәзіктікті,
Аласартып жүрме сен!

Нәзіктігі қыз жанының,
Дүниеде тым биік.
Оған жер мен аспаның да,
Табынады иіліп.

Табынады күннің көзі,
Жұлдыздар мен айың да.
Нәзіктікке бас иеді,
Сонау әппақ қайың да!

-“Сыры неде бұл жұмбақтың“?-
Деп біреуден сұрама.
Бар әлемді табындырған-
Әйел атты ұлы ана!

Қоштасу

(Әні Ш. Шоманованікі)

*Кешіретсің арман құсым сен мені,
Көңілімді көктем нұры тербеді.
Қоштасуым қиын екен өзіңмен,
Жүрегімнен махаббатым сөнбеді.*

*Кешіретсің аяулым сен,
Сенен ұзап барамын.
Көңіліңді қимай неге,
Жаутаңдайды жанарым!...*

*Кешіретсің арман әнім көктегі,
Нәсерлетіп келді сезім көктемі.
Көк айдыннан кетер ұшып аққулар,
Аққу құстың үні неге жетпеді?*

*Көктем, көктем оралар бұл өтпелі,
Кешіретсің арман бағым көктегі.
Қош бол, жаным...ұзап кетсем алысқа,
Бұл өмірде ұмытпаспын тек сені!*

Ақ нәсер

(Әні Ш. Шоманованікі)

*Көктемде, жанарыма нұр толып,
Үмітім тек өзіңе ұшқандай.
Жүрекке толқиды әпнақ сыр толып,
Тербеткен көңілімді күш қандай?*

*Сырластық ақ жауынның астында,
Сезімге шуағыңды шаштың ба?
Сіркіреп, аймаласа ақ нәсер,
Айналап кетердеймін тасқыңға!*

Қайырмасы

Ақ нөсер...нөсер жауған күн қандай,
Тамшылар мөлт-мөлт етіп тұрғандай.
Жанымның сіркіреді нөсері,
Әппақ нұр сүйіп мені тұрғандай!

Ақ нөсер аймалашы, аймала,
Шашымды тарап өтіп жай ғана.
Өзіңді сүйіп өтем көктемдей,
Өмірді сүйіп өтем қайда да!

Ақ нөсер! Нөсер жауған күн қандай,
Тамшылар тереземді ұрғандай.
Жанымның сіркіреді нөсері,
Әппақ нұр сүйіп мені тұрғандай.

Көктемде оянады тіршілік,
Бұр жарып ақ қайың мен гүл-шыбық.
Нөсер боп сіркіресем бейуақытта,
Қалма сен, іштей сонда күрсініп.

Наз

Еркелігімді көтере алмасаң,
Көңілімді неге көктем қылдың?
Алдыңда сенің тентектеу ме едім,
Ауыр тиді-ау, өктемдігің!

Тәкаппарлығымды аға боп көтере
алмасаң,
Биіктігімді неге асқарға теңедің?
Жауатын күндей түнермей жүрсең,
Алдыңда сенің асқақтар едім...

Назымды аға боп көтере алмасаң,
Нәзіктігімді неге гүлге теңедің?
Сол нәзік гүлді осып өтетін,
Семсерің барын білмеген едім.

Аңғалдығымды аға боп көтере алмасаң,
Ақынға мені неге теңедің?
Бекер-ау деймін жіберген қателіктерімді,
Қайткенде кешірер дегенім...

Жалғыз жұлдыз

Жалғыз жұлдыз-серігі сынған айдың,
Ару таққан әлемі сырғадайсың.
Жалғыз үміт аспаннан жылт-жылт етіп,
Қара түнге, сен қандай сыр қалайсың?

Жалғыз жұлдыз қалайша ақпай қалдың,
Әлде сені Ай-ару сақтай ма әр түн?
Қара жолдың үстінде келе жатып,
Жалғыз соқпақ алдында тоқтай қалдым.

Жалғыз соқпақ, жалғыз ой, жалғыз арман,
Келеді атып арайлы таң қызарған.
Өзің айтшы, ай-ару неге, неге,
Қара түнде бір жұлдыз ақпай қалған?!...

Ақ тұман

Таудан түсті ақ тұман,
Тұманданды жанарым.
Күннен күнге өзімді,
Түк түсінбей қаламын!

*Айналдырып бір нүкте,
Айға қарап мұңайдым.
Көз байланды тірлікте,
Пендесі едім Құдайдың!*

*Көз байланды тас түйін,
Үміт болмай айдан да.
Ғашық дертке мас күйім,
Қалтыраймын қайраңда.*

Өмір қуап келеді

*Отырғаным, тұрғаным сынақ бәрі,
Күлгенімді біреулер ұнатпады.
Тағдырыма таңданып жүрген болар,
Әлде кімдер ныс-ныстап жырақтағы.*

*Сынақ бәрі жалт етіп өтсе белең,
Сын көздерге құйттай да өкпелемен.
Сен де сынап қарай бер, ал, соңымнан-
Өмір қуып келеді өкшелеген.*

*Жылағаным, күлгенім сынақ бәрі,
Сын-сағаттың шексіз зой сұрақтары.
Есеңгіреп қалармын...өмір бірақ,
Өз қалаған өрімнен құлатпады.*

*Құлағымнан кеткенде ұзап бір ән,
Қайшылықтың семсерін шырақ қылам.
Осып өтсе жанымды ай жүзімен,
Жат көзбенен өзімді сынап тұрам.*

*Уақыт бәрін бұлбұл ғып сайратардай,
Сын семсерге жанымды қайрата алмай.
Кей сәттерде жұмбақ бір күй кешемін,
Өзімді-өзім жұтатын айдаһардай...*

Мең

*Сенің қара сөздеріңнен мұң көрем,
Мұң көрем де айналамын түнге мен.
Желеу болған ақ перденің сыртынан,
Сыпайы боп күлген ең!*

*Сенің сырбаз мінезіңнен сыр көрем,
Сыр көрем де айналамын күнге мен.
Желеу болған ақ перденің сыртынан,
Сыпайы боп күлген ем!*

*Күлдік бірге...күліп тұрды бар әлем,
Ақ перденің сыртынан мен қарап ем.
Көңіліме шоқ түсірген секілді,
Жүзіңдегі кіп-кішкене қара мең!*

Шашу

*Жас дәурен жанарында шырқайық,
Кетпесін жүзімізден нұр тайып.
Дүние сұлу неткен әнменен,
Тербетіп тұрсын бізді бір қайық.*

*Шырқа көкке үніміз,
Тойға шашу-жырымыз.
Тойға шашу әніміз,
Әнмен келер сәніміз.*

Гүл жайнайық, күлейік,
Күліп өмір сүрейік.
Келгеннен соң өмірге,
Шашу шашып жүрейік.

Жас дәурен, жұлдызыңды жағайық,
Жас дәурен үмітіңді тарайық.
Жайнаған тіршілікте нұр шашып,
Әнменен лаулап көште жанайық!

Айлы түн, көңіл жырын толғасын,
Айлы көш өмір нұрын жалғасын.
Аяулы махабаттар бақ кешіп,
Жүректің әнмен қоссын арнасын!

Сен кіргенде
(Құрбыға)

Жаның сұлу жаралған жан шығарсың,
Айта жүрер біреуге ән шығарсың.
Есіміңе Қарлығаш сай екенсің,
Қанатыңмен су сеуіп, тамшыларсың!

Көктем сайын гүл жарып аршыларсың,
Бүршік жарған нәп-нәзік тал шығарсың?
Сен кіргенде бөлмеге күн кіргендей,
Алаулаған аяулым, таң шығарсың!

Аспандағы сен бәлкім ай шығарсың?!...
Найзағайдың отындай жай шығарсың.
Күнге сені теңесем жарасады,
Ақындардың жырына сай шығарсың.

Бәлкім сонау еңліктей гүл шығарсың,
Кейде мынау өмірден түншығарсың.
Аққуға да теңесем жарасады,
Жырланбаған бәлкім сен, жыр
шығарсың?!...

Кешірерсің

Мазалайды елесің жиі мені,
Тағдырымның сыйлаған күйі ме еді.
Ұяңдығым жасырды жан сырымды,
Өмір сүру не деген қиын еді?

Ғашық болу шынында арман екен,
Бәлкім оған жырымды арнап өтем.
Сенсіз өмір сүрермін күліп жүріп,
Күлкім бірақ байқасам жалған екен...

Өмір кейде сыйлайды тосын әнін,
Ырғағына еріксіз қосыламын.
Сенсіз шерткен күйімнің жалған бәрі,
Шындығында мен содан шошынамын!

Жалған бәрі...оны анық сезінемін,
Елесіңмен тек қана көз ілемін.
Киіп алып пердесін пенделіктің,
Кейде өзімнен соншалық безінемін!

Бұл күйімді түбі бір өшірерсің,
Көз алдымнан бейнеңді көшірерсің.
Сонда тірі қалудан қорқам анық,
Сен мені кешірерсің, кешірерсің...

Сұлулық сыры

Қыз сыналар шағында жарасымды,
Қылығынан көрейік бар асылды.
Үлбіреген ұқсайсың үр қызына,
Өнерден ал, бөлісіп таласыңды!

Сезімталдық билейді қыздар жанын,
Шақырады шың болып ізгі арманың.
Еңлік гүлдей биікте өскен қыздар,
Елестетер даланың қызғалдағын!

Қызғалдақты гүл-көктем жамылады,
Көктем-қыздар шашбаулық тағынады.
Нәзіктік пен әдемі наз өмірдің,
Нәзіктікпен әдемі-бәрі-бәрі.

Сұлулықтың жсырына құям нұрын,
Жүрегіме даланың жиям гүлін.
Ізеттілік азайған мына өмірге,
Керек бүгін инабат, ұяңдығың.

Керек...керек...ұятың намысың да,
Күресе біл, өмірдің жарысында.
Сыршыл қыздың жанында сыр бүгілер,
Адалдығың өлмесін ар ұшында!

Ақ алма

Уылжыған ақ алма ма, ақ алма,
Ойға баттым қолыңыздан аларда.
Жаздың соңғы жемісі гой тәп-тәтті,
Таңдайымнан дәмі кетпей қалар ма?

*Ақ алмалар, ерте көктеп көктемде,
Қоңыр күзге әрең-әрең жеткен бе?
Қаусап тұрған қабықтары бұтаның,
Жыртылыпты...жан азабын шеккен бе?*

*Мынау алма содан қалған ақ алма,
Түсті үзіліп бұтағынан табанда.
Қауқарсыз ғой, аялайтын жаз көшкен,
Жан шуағы жетіспейді маған да!*

Домбыра-жүрек

*Көкірегімде күмбірлесе күй-далам,
Мен далама жүрегімді сыйлағам.
Керегі жоқ бұдан артық байлықтың,
Керегі жоқ бұдан артық сый маған.*

*Көкірегімде күмбірлесе күй далам,
Сәттерім бар өзіме-өзім сыймаған.
Қанымдағы қызулықтан өртеніп,
Тыныштықты бұзып алып қиналам.*

*Мазалай бер, күйлеріңнен жақұт-күн,
Керегі жоқ бұдан артық бақыттың.
Жүрек деген домбыра екен, домбыра,
Күйін шертер жұмбағы мол уақыттың.*

Пешенем

*Сарқып іштім, сағынышты кеседен,
Көңілімде қалды бір күй кешеден.
Сағыныштың ақ кесесін шайқап едім у тамды,
Уытынан алып шықты жүрегімді неше өлең.*

Сарқып іштім, сағыныштың мәңгі әнін,
Сағынышпен оянады таңдарым.
Ақ кеседен сіміріп ем тәтті мұң.
Тәтті мұңның сездім анық, бал дәмін

Сарқып іштім, сағынышты кеседен,
Сыр құраған, шырқыраған туды өмірге неше
өлең.
Уытыңнан, уысыңнан, босатпағын, босатпа,
Өзегіме күй тұндырған, сыр тұндырған
пешенем!

Өнерге тағзым

(Қамал Қармысовтың рухына
арнаймын)

Өнерде толқын-толқын жанады ағын,
Толқыннан, аға, сені дараладым.
Бүгінде кім білмейді Камал аға,
Өнердің ірге тасын қалағанын.

Өнердің көтерісіп шаңырағын,
Шырқалып жүрегіңен лағыл әнің.
Сомдадың Шекспирдің “Ягосын”,
Бейнеңе алуан түрі табынамын.

Өнерде бірде Қозы, бірде Жантық,
Жантық боп екі жүзді, шықтың
тантып.

“Ажал мен Ажардағы” Бөпіш едің,
Қарасаң бір-берінен неткен артық?!...

Сан түрлі образды сомдағаның,
Жаныңнан қайсар отты аңғарамын.
Бейнесін шеберлікпен туғызғансың,
Хлестяков сияқты көп қандаланың.

Өмірдің төзе білдің қыс-жазына,
Қалдырып әзіліңді тұстасыңа.
Тұрғанда үнсіз қарап кейде ұқсайсыз,
Сері-аға, Құрманбектей ұстазыңа!

Шашуын театрдың шашады әлі,
Сахна-өмір сынды жасарады.
Орныңды жоқтатпайды бұл күндері,
Сүйікті Фарида мен Асанәлі.

Өнердің түстің міне, аралына,
Ойлана қараймын бір сәт жанарыңа.
Таратып тұрғандайсыз шашыңызды,
Даланың қоңырқай бір самалына.

Ауылың баяғы сол... жазды мекен,
Жаздың да гұмыры бұл аз күн екен.
Арнасында ақ бұлақ сыңғырлайды,
Жағасында мен сізге тағзым етем!

Сырласу

(Мұқағалиға)

Бұл өмірге кім келіп, кім кетпеген,
Тағдыр жібi үзілер ілмектеген.
“Өлді” деуге болмайды ұлы ақынды,
Ұлылығың жасайды дүрмекпенен!

Дүр сілкінтіп жер бетін ақындығың,
Тіршілікке үніңді шақырды күн.
Қазағына салмақты көзбен қарап,
Ұлы тауда ұлы ақын жатыр бүгін.

Ұлы таудан күн болып шашырадың,
Тыныштықты құшқандай жатыр ақын.
Секілді құлап түскен мәуелі ағаш,
Шуылдап қалды жерде жапырағың.

Құлатып алдық бақтың бәйтерегін,
Бұл назын кімге барып айтар елің?
Жырыңа шөлдеп жүрген жұртты көріп,
Тіріліп кетсең аға, қайтер едің?

Жырыңды жүрегіме сақтайын да,
Мұңымды шуағыңа қақтайын ба?
Неліктен, айырбастап кеттің, аға,
Жаныңды сонау тұрған ақ қайыңға?

Қайың да адам болып жылаған ба,
Жаныңды бердің неге сұрағанда?!...
Жанымды демеп жүрші рухыңмен,
Қайыңнан жапырақтар құлағанда!
Жүрегім жылағанда!

Қызыл таң

Жыр әлемі жазылған тасмаңдайға,
Тозақ оты есігін ашқандай ма?
Кейде мынау санаңды сұмдық билеп,
Өз ақылың қалады басқармай да.

Мынау басың көрінер доп секілді,
Тіршілікте ештеңе жоқ секілді.
Енді жеттім дегенде бір үмітке,
Жұтып кетер бір “тажал” от секілді.

Өз-өзіңді қаларсың түсінбей де,
Қу даладай азынар ішің кейде.
Бұл өмірдің жалт еткен ақ пердесі,
Қас-қағымда көретін түсіңдей ме?

Желмен ұшып кетеді жапырағың,
Тыңдар кім бар бұл күнде ақын әнін.
Қалай қалай десем де бір-сезгенім,
Төріндемін бір ұлы сахнаның!

Желпілдейді желменен жапырағым,
Қу жанымға неге азап шақырамын?!...
Қаламымды батырып қызыл отқа,
Қызыл таңның “қызығын” сапырамын!

Ақ күшік

Танып тұрып неліктен танымадың,
Танымауың түсірді жанымға мұң.
Сүйе тұрып, мен сені “сүймеймін” дедім.
Үзілді ме сол күні-ақ лағыл әнің?

Содан жылдар жылжыды арада сан,
Өкпеңді артып сен кеттің “қара
қазан”.

“Жаман адам” секілді кекшіл ме едің,
Көңіліңде тұтасқан қала ма шаң?

Арамызды кетті көп үзіп белең,
Белестердің белгісін тізіп келем.
Сенен қалған бір белгі-ойыншық күшік,
Ақ күшікті осы бір қызық көрем.

Көкейімде кішкентай құлыпты ашам,
Қиялымды ұшырып қылыққа сан.
Ақ күшікті сен маған сыйлап едің,
Науырыздың таңында ұмытпасам.

Көңіліміз көктем боп бір ымдасып,
Тұрған еді жұлдыздар жымыңдасып.
Қалдық бірақ бір күні абайсызда,
Күшіктердей таласқан “ырылдасып”.

Махаббатым содан соң ұшыпты ұзап,
Арамызға сан өкпе түсіпті ұсақ.
Екеумізді айырған ешкім де емес,
Көрінеді ойыншық күшік құсап.

Ой

Еңсем менің ойлардан езілгендей,
Жанымды ұқпай жақыным безінгендей.
Көтере алмай басымды теңселемін,
Сүрінемін жарықта көзім көрмей.

Түсіп кетем лапылдап отқа кей күн,
Жарым ес боп көрінем жатқа кейнім.
Ой-теңіздің тартады шыңырауы,
Адам бар ма, бір сәтке: “тоқта!”-

дейтін.

*Айналамның бәрі жат, бәрі бөтен,
Өз отыма бәлкім мен жанып өтем.
Тұңғықтың түбінен ой іздеп ем,
Ойдың түбі айнадай жарық екен.*

Емін таппай

*Емін таппай көңілдің елеңдеген,
Сырласамын оңаша өлеңменен.
Қайтсем екен көзімде нала-мұңды,
Тамыр жайып жаныма тереңдеген.*

*Тырс-тырс еткен үнінде тамшылардың,
Самалында көктемнің бар шығармын.
Қызғалдақпен жастығым кетті ілесіп,
Ән ұрлайды кеудемнен әр шынар-күн.*

*Кетті сүйреп бәрін де арман-ағын,
Сол ағынға үміт боп жалғанамын.
О, сұмдық-ай, мен бүгін сездім анық,
Жанарымда тамшы жас қалмағанын!...*

Бейуақытта

*Күн батады қызарып ұясына,
Тіршілікті түнге енді қиясың ә?
Сағыныштың бояуы қосылғандай,
Қаламымның кеппеген сиясына.*

*Қымбат кейде бір күнім-мың күнімнен,
Ой-тұманнан санамды сілкідім мен.
Сен есіме түсіп ең бейуақытта,
Түсті үзіліп бір моншақ кірпігімнен.*

Қызыл шапан көкжиек жамылған ба,
Жетелейді мұнартып сағымдарға.
Сенің барың өмірде қандай бақыт,
Тәтті-тәтті түс көріп, сағынғанға!...

Сын-жебе

Дүние кең зой,
Қызғанбаймын сенен.
Кеңдіктің ешбір бұрышын,
Өткенді ұмыт,
Еске алма, бәрі құрысын.
Ғашық боп қалғам,
Жалт еткен бұла шағымда.
Әйтпесе мынау,
Көштегі жұрттың бірісің.

Сынадым талай,
Сын-жебе ұстап қолыма.
Күйдірдім жүзін
Маздаған оттың шоғына.
Жарқырап тұрған
Айдарлы семсер мен едім,
Нұр алып түскен соңыңа...

Жетер емес...

Екі өмірдің арасы,
Күн мен түннің таласы.
Құбылаға көз тіктім,
Көрінбейді қарасы.

*Қарашығым талғандай,
Түнге сіңіп алғандай.
Сағынышым нөсер боп,
Бұлт ішінде қалғандай.*

*От пен өмір арасы,
Шоқтығынан таласы.
Қуырады жанымды,
Қызыл шоқтың шаласы.*

*Өртеп едің...өлмедім,
Көркем едің...шөлдедім.
Аралықты жалғар ем,
Жетер емес өрмегім!*

Рухыңмен тілдесу

(Мәлік Базкенұлына арнаймын)

*Соргалаған нөсердің соры қалың дәл бүгін,
Сорын жұтып ауаның тереземде қалғыдым.
Сүлік-түн де қанымды сорып-сорып біткендей,
Сор маңдайлым, сенің тек құлағымда қалды
үнің...*

*Сылдыр-сылбыр бір өмір... тұр ма сені бақылап,
Түн күледі жетісіп...жетісе бер, ақымақ.
Қыран құстың қанатын қайырғаның не
еткенің,
Түсті алдыма дір етіп, ерте үзілген жапырақ.*

*Түсті үзіліп жапырақ, жұлым-жұлым сабағы,
Жұлдыздарға жарқ етіп соңғы рет бір қарады.
Шыңырауға құлады-ау, ту биіктен қыран құс,*

Ал, қарғалар аспанда қарқ-қарак ұшып барады.

*Қарқ-қарқ ұшқан қарғалар, теңің бе еді көк
сенің,
Сен қашан да жер шұқып өлексені көкседің.
Әлем неткен былғаныш, іші неткен сорақы,
Сұңқар құстың сұм ажал ерте үздің-ау,
көктемін!*

*Уақыт неткен алдамшы, күлкің неткен өтірік,
Орны толмас асылдың, отырғанмен өкініп.
Қыран құстың рухын тірілтермін өлеңде,
Тірілтуге рухыңды алдым бүгін бекініп.*

*Соргалаған нәсердің соры қалың дәл бүгін,
Қырандарға тілеймін мәңгі сөнбес таң нұрын.
Тереземді шертеді, жылап тұрып тамшылар,
Жылай бергін, жылай бер, соры қалың
жаңбырым!*

Жат секілді

*Сенсем бе, өз көзіме сенбесем бе,
Мынау бейне өзге ме, әлде сен бе?
Бір кездегі арманым жат секілді,
Үркіп тұрмын жаныңа келмесем де.*

*Жат секілді тұрысың, қылықтарың,
Баяғыдай көркіңе қызықпадым.
Мөлдіреген қарақат көздеріңнен,
Көре алмадым сезімнің тұнықтарын.*

*Жат секілді алқызыл еріндерің,
Қызық болды-ау, бұлайша көрінгенің.
Түрің неткен сұсты еді, суық еді,
Бұдан былай көзіме көрінбегін!*

*Ойламап ем сертіңнің өзгерерін,
Бекер екен қыран деп көздегенім.
Тура қарай алмайсың жанарыма,
Жігіт емес мен сені ез дер едім.*

Гүл егем

*Сырымды қалай жасырам,
Кеудемді шертші, ғашық-ән.
Өзіме-өзім сия алмай,
От болып қайта басылам!*

*Жүректі шертші, асыл-ән,
Күн болып қайта ашылам.
Көрмей-ақ сені жүрер ем,
Сезімді қайттім тасыған?*

*Жайымды қалай сезбедің,
Сезімнен қалай безгенің?
Қарайсың неге іркіліп,
Алдай ма әлде көздерің?
Алдай ма әлде көздерім?*

Түнгі ауыл

*Жылт етіп өтіп жатыр жапырақ-күн,
Барымды тұрды бір сәт бақылап түн.
Сен менің жүрегіме күн боп кіріп,
Сезімнің лапылдаған отын жақтың.*

Түнгі ауыл тып-тыныш бір ұйқыда еді,
Бүлдіріп тыныштықты ит үреді.
Шамдары жылт-жылт етіп көшелердің,
Алыстан шақырып бір күй тұр еді.

Тербетіп жүрегімді үміт-бағы,
Оянды сезімімнің тұнық таңы.
Алдыңа отырғызып сүйгеніңде,
Күлкімді езуімнен түн ұрттады.
Аймалап кірпігіңді от-ерінің,
Ұсындың дүниенің шекер-гүлін.
Мен сені сүйіп өтем жүрегіммен,
Үздігіп жүрегіңе жетер үнім.

Түнгі ауыл...тып-тыныш бір ұйқыда еді,
Бүлдіріп тыныштықты ит үреді.
Әлдилеп екеумізді тұрар ма еді,
Мәңгілік махаббаттың сиқыр демі?!...

Шынарым едің

Жаныма қаяу түсірме, құрбым,
Кіршіксіз саған сенгенмін.
Өкпеңді сенің түсінбей тұрмын,
Шарасыздыққа көнген күн.

Шыңдағы биік шынарым едің,
Маған да кінә тақтың ба?
Түн болып неге түнеріп кеттің,
Жұлдыз боп көктен ақтың ба?

*Жаныма қаяу түсірме, құрбым,
Жапқандай достық тұңлігін.
Көлеңкелерден іздеген мұңың,
Кеудемді менің тілді шын.*

Аналар

(Әнін жазған М. Қалтаев)

*Өмірдің сәні, өмірдің нәрі аналар,
Жүзіңнен сенің мейірім шуақ таралар.
Өмірдің гүлін, өмірдің жырын аялап,
Ұлылар мен даналар сенен жаралар.*

Қайырмасы

*Аналар, аналар,
Азамат сенен
Адамзат сенен жаралар...*

*Өмірдің сырын, өмірдің нұрын тербеткен,
Әлдиін таңның ораған әппақ жөргекпен.
Ананың ыстық махаббатына бас ием,
Таба алмас едім өзіңдей жанды жер-көкпен.*

*Өмірдің сыры, өмірдің бағы құлпырған,
Көзіңде сенің мөлдіреп тұнық сыр тұнған.
Өздерің барда бақытты кешіп мәңгілік,
Дауылдың өтіп кетеміз әр кез сыртынан!*

Балдәурен

(Әні Ш. Шорманованікі)

Балауса өскен гүл едім,
Еркелеп өмір сүремін.
Көңілім сәби баладай,
Адасып кетпе жүрегім.

Жастығым өтер білінбей,
Құлпырдым қырдың гүліндей.
Мұңайған кезде анашым,
Қарсы алшы бір сәт күлімдей.

Жақұтты сенен жинағам,
Ұсындың тәтті күй маған.
Өзіңсің тұма бұлағым,
Өшпестей өмір сыйлаған.
Бал-дәурен өтер сынаптай,
Жанарым жарық шырақтай.
Мұңғайған кезде анашым,
Көтеріп алшы, құлатпай!

Қансонарда

Қыстауында қойшының қызық өмір,
Қойшы бала қырқаны сүзіп отыр.
Қансонарда ақ ұлпа қар үстінде,
Қарға аунаған түлкінің ізі жатыр.

Кетер кейде аязды аңсап жаным,
Азынаған үскірік таң самалын.
Қырау шалған кірпігін қойшы бала,
Қағып алған ой-түздің қарсақтарын.

Қарға тамған қараймын тамшы қанға,
Керемет қой түзгі өмір аңшыға да.
Жапан түздің түн жортқан
қорқаулары,
Байланады бір күні қанжығаңа.

Қысқы аяз, қылыштай жалаңдар күн,
Шопан бала, түнде көп алаңдарсың.
Сақ болғайсың тек қана түздің емес,
Қорқауынан кәдімгі адамдардың.

Күтіп алар өзіңді сынақ алда,
Үмітіңе жетесің шыдағанда.
Жеңіліс пен жеңістің айқасындай,
Қансонарда бүркітші шығады аңға!

Аңшы зары туралы күй
(Аңыз)

Екі аңшы аң аулаған ормандағы,
Жез киік атып алу-армандары.
Екеуі екі бөлек жолға түсті,
Қызықты кешпек болып жалғандағы.

Екі аңшы бір-біріне бауыр тағы,
Жырақтап қалды үйлері, ауыл маңы.
Алдынан бір топ киік жолығыпты,
Ұлы тау шатқалының бауындағы.

Алаңсыз жатқан киік даладағы,
Біреуін зу еткен оқ жаралады.
Аяусыз жон терісін сыпырады,
Көзінен аққан жасқа қарамады.

Қалам деп ойламады киесіне,
Мән бермей тағдарының жүйесіне.
Бір кезде сатырлаған дауыл құйды,
Інісі түсті сонда жиі есіне.

Қырсық күн мұнша неге қағынады-?,
Деп ойлап аң терісін жамылады.
Өзі де түсінбейді осы сәтте,
Інісін мұнша неге сағынады?!...

Сорлы аңшы ұйықтап сонда жатып
қалған,
Сезгілде кеш алаулап батып қалған.
Қарайған қабактағы аң екен деп,
Інісі өз ағасын атып салған!
Көрген соң амалы жоқ сенбесіне,
Шашырап қып-қызыл қан жейдесіне.,
Сорлатқан тағдыр!- деді соры қайнап,
Не демек үйіндегі жеңгесіне?

Кеудесін зарлатады ұлып арман,
Жөн сұрау мүмкін емес мұңы бардан.
Үйіне келген бойы керегеді,
Ілулі домбыраны жұлып алған.

Сыйы ма берген мынау өз-даланың,
Қиды екен қалай гана өз қанатын.
Жеңгесі сонда барып түсінеді,
Домбыра-жүрек болып боздағанын.

*Бозарып атып қалған таң шырағы,
Домбыра жүрек болып қансырады.
Өмірге күй боп содан келген екен,
Төгіліп қос ішектен “Аңшы зары”.*

Шопан

*Шоқтығыңыз биіктеу бұл өмірде,
Терің сіңген моншақтап мына өмірге.
Қатпарланған даланың сан қырлары,
Өрнек салып ап-айқын тұр өңіңде.*

*Тасып бойдан күш-қуат, ар-намысың,
Басталады тірлікте ар намысың.
Дүрмектерді өтетін сәт сайынғы,
Дүрліктіріп жатады шалқар ісің.*

*Жаралғандай тіршілік жарық нұрдан,
Күнмен бірге көріндің алыс қырдан.
Бойыңдағы қайыспас қайсарлықты,
Ұрпағына ұлы өмір сан ұқтырған!*

*Асып кетер шың бар ма ерлігіңнен,
Өлшенетін сыр бар ма өрлігіңмен.
Туған жердің жүрегін көрем анық,
Кеудеңдегі көл-көсір кеңдігіңнен.*

*Құт-берекең төгілсін сая-күннен,
Жүрегіңді далаға жаярсың сен.
Тірлігіңнің басталар әппақ жолы-
Қолыңдағы қадірлі таяғыңмен!*

*Жас түлекке сыр сандық
Құлпырған жанарыңда алау шағың,
Жас түлек, күтіп жүр ме тарау сағым.
Қарлығаш қанатында барады ұшып,
Байқасаң, сенің әсем балауса әнің.*

*Жүзінен бал-бұл жанған нұр байқалып,
Бал-дәурен пәк күлкіңді ұрлайды анық.
Зымырап өте шығар лағыл жылдар,
Жастығың қалар сосын сырға айналып.*

*Бақытқа алақанын созған бала,
Теңізде сенің кемең қозғала ма,
Өмірге найзағайдай жасын керек,
Өткірлік керек сосын бозбалаға!*

*Алдыңнан жұмбақ әлем шығар жарқын,
Қарсы алып қиын асу тұрар бәлкім.
Ұшырса сені ұстазың кұзар-шыңға,
Тілейді алғырлығын қырандардың!*

*Жеңісің келер кейде жасырына,
Қулыққа алма бір сәт бас ұрына.
Ер жігіт заманына тұтқа болар,
Азамат күн сыйлайды жасырына!*

*Қыздардың күн төгілсін қылығына,
Гүл таққан көз тоймасын бұрымына.
Бойдағы нәзіктік пен ұяңдықты,
Қулықтың түсірмегін, құрығына.*

*Әлпештеп өсіргенде асыл анаң,
Көзіңнен нұр көрейік шашыраған.
Сақтағын мөлдірлігін наз-күлкіңнің,
Қиын боп кеткен кезде ғасыр, адам.*

*Заманның тілейік тек тозбағанын,
Адамның тілейік тек азбағанын.
Жас қанат, алдыңда алау өмір жатыр,
Бақыттың өр шыңында мазда, бәрің!*

*Өмірдің жеңе білгін ауыр сынын,
Кеудеңе тоқып алып дәуір сынын.
Тағдырдың саған түскен салмағынан,
Үзіліп қалмаса екен қуырсының!*

*Шырқайтын көкірегіңде жатыр әнің,
Жайқалып өсе берсін, жапырағың.
Мен сені сыры жұмбақ дүниенің,
Сандығын ақтаруға шақырамын!*

Ұлы өмір

*Сонау жылдар, от жылдар санамызда,
Өртті кешіп әке мен ағамыз да.
Қалды оралмай, майданнан оралғаны,
Жасын болып жүр бүгін арамызда.*

*Жұлдыз болып жанады даламызға,
Шырағыңа жылынып аламыз ба?
Ерлігіне батырдың тағзым етем,
Тағзым етем, даңқты бабамызға!*

*Ерте үзіліп үміттің арман-гүлі,
Аждаһадай өрт шашып орман түні.
Өтті уақыт, ал бүгін Ұлы Жеңіс,
Құшағының бақытқа толған күні.*

*Тұрғандай ма, елжіреп, уақыт күліп,
Жанарында елімнің жақұт-тұнық.
Ұлы Жеңіс тербеген бесігінде,
Көрінеді ақ ауыз бақыт тұнық!*

*Жасағандай бақытты шайқап нұрдан,
Самғап кетер көгімде қайта бір ән.
Ұлы Жеңіс туының астындағы,
Жасай берсін, ұлы өмір, қайта туған!*

Тас қамал

*Арамызда шыңнан биік тас қамал,
Қиялдаудан қалмады тек басқа амал.
Тас қамалдың ар жағында сен қалдың,
Дегендейсің, жанарыңды жасқа мал!...*

*Ол қарайды сонау-сонау биіктен,
Биіктікті қалдым неге сүйіп мен?
Жібимейтін жүректерді жібітіп,
Қара тасты алған ба едің иіп сен?*

*Арамызда көшіп келген бар тұман,
Сезім болып жанарыңда сарқылам.
Қауырсынға қайта айналғым келеді,
Тас қамалдың үстіндегі қалқыған.*

Қарлығаш боп ұшсам деймін зулаған,
Теңіз көрдім толқындары тулаған.
Сенесің бе, кейде сұмдық күй кешем,
Шағалалар құлағымда шулаған.

Сезімімнен қорқам мынау дір еткен,
Тас қамалдың сыртына шоқ гүл еккем.
Сенесің бе, сені сүйіп қалдым мен,
Періштедей кіршіксіз ақ жүрегімен!

Өмір-айдын

Рас болса шынымен ұнатқаның,
Ұқпай тұрып бекерге кінә артпағын.
Арнасынан тасиды өзендер де,
Бұлқынысын көріп пе ең бұлақтардың?

Найзағайдың көріп пе ең жарқылдарын,
Төзімдердің сезіп пе ең сарқылғанын.
Құбылыстан осынау күнә іздеумен,
Бірте-бірте сен менен салқындадың.

Сәттеріңді байқаймын сынай қалған,
Кірбің бар ма көзіңде мұңайғаннан?..
Тереңірек түсінсең етті мені,
Түсінбеуден жанымда жылайды арман.

Табар ма едің жүректің өзің емін,
Таң алдында тәп-тәтті көз ілемін.
Өмір деген көгілдір мұз айдында,
Шаңғы теуіп жүргендей сезінемін!

Мүмкін емес...

*Айналамның бәрі-тұман, бәрі-мұң,
Қайда әкетті сені жалғыз Тәңірім.
Ағып түстің жарық жұлдыз секілді,
Ерте сөніп аспандағы жарығың.*

*Қайда әкетті сені мынау көзсіз-түн,
Ерте түскен көктемніңді кеш қылдың.
Өмір қалды көз алдымда қаңырап,
Қабағымнан сыр іздесең ессізбін!...*

*Адасқандай ай астында арман-ән,
Дүниенің несіне енді таң қалам?
Жер бетінде қызығардай бар ма үміт,
Үміт-отын кешіп жүріп сандалам.*

*Бекер деймін күйбеңдеуім күн үшін,
Бұл тірліктің мыңы-жалған, бірі-шын.
Мүмкін емес жоғалтуым мен сені,
Сен мен үшін тірісің, тірісің!...*

Алмас қылыш

*Зымырайды құс қанатты ғасыр-күн,
Ғасыр күннен нұры тамды жасынның.
Тарихымның көру үшін келбетін,
Қара түнге жұлдыз болып шашылдым.*

*Қара кешке жұлдыз болып шашылдым,
Қара жерде ізі жатыр асылдың.
Қара түнді алмас қылыш қақ жарған,
Батырлардың әруағына бас ұрдым!*

Алмас қылыш, гасырыңа сөйлегін,
Тіліп өткен зұлымдықтың көйлегін.
Батыр сені қолына ұстап ту еткен,
Құдіреті биік неткен бейненің!

Ұмытпайды ерлігіңді ел сенің,
Батырларым, асқар тауым, еңселім.
Сақтап қалған тыныштығын сәбидің,
Найзағайдай сенің алмас семсерің!

Бейнесіне қарап тұрып толғанам,
Күй шертеді жүрегімнен арман-ән.
Алмас қылыш жүзіне мен табындым,
Батырларым елді жаудан қорғаған!

Қауіпті екен

Мен сені сүйеді екем,
Күнге теңеп басымды иеді екем.
Сыртым суық жүргенмен, ішім-жалын,
Сол жалынға амалсыз күйеді екем.

Өз-өзімнен өртендім, лапылдадым,
Алыс жүріп неліктен жақын жаның?
Алыс жүріп неліктен сені іздеймін,
Алыстырып бір отпен ақын жанын.

Көкірегіме жұлдызды түн құлады,
Күйіп-жанған сезімге кім кінәлі?
Ағып түскен жұлдыздай гайып болма,
Ғайып болма, деп жаным шыңғырады!

Көңілімнен көктемдей жалын ұшқан,
Көзіңдегі от көзіммен шағылысқан.
Жақсы көру не деген қауіпті еді...
Жүрегіме жасайсың жарылыс сан!

Күмбезінде күлкінің

(Оспанхан ағаның рухына арнаймын)
Күмбезінен күлкінің шуақ өрдің,
Дарынды боп өмірге туа келдің.
Мұңаюға болмайды сізге мәңгі,
Шәрбатына шаттықтың куәгер-күн.

Сатираның айналып құмарына,
Күн ұсындың күлкінің шынарына.
Қарындасың ауылдан келіп қалса,
Ұқсатушы ең Жетісу Ұларына!

Жүруші едің таудай боп, асыл аға,
Шыңнан биік тұрса екен басың ана.
Күле қарап тұрыңыз сол биіктен,
Күлкісімен тербетсін ғасыр-ана!

Айтар болсақ аңыздай ғажап ісін,
Әзіл-думан, шаттықтың ажарысыз.
Сіздей адам өмірге қайта келмес,
Сізді Құдай жаратқан қазақ үшін!

Ми

“Миың жоқ” деп жазғырдың қайтем енді,
Мисыздықтан қаншама жай төгілді.
Ақылды боп жүріп ем аяқ асты,
Арқамдағы ақ иық сайтан өлді.

*О, мен сонда керемет бола қалдым,
Айға барып әп-сәтте қона қалдым.
Жұлдыздардың шоғыры арасында,
Қалқып жүрген жанымды орап алдым.*

*Ай нұрына шашымды тарап алдым,
Айнасына жүзімді қарап алдым.
Менің миым сол жақта емес пе деп,
Айсберг әлемін араладым!...*

*Жазығым жоқ секілді түк те менің,
Жолаушысы жанамын жүк-кеменің.
Менің миым шынымен аздау болса,
Аспан жақтан іздейін нүктелерін!...*

Әлі есімде

*Уақыт-ай,
Екеумізді тым кештеу жолықтырған.
Қақаған қыс,
Ақ боран соғып тұрған.
Әлі есімнен кетпейді,
Әлі есімде...
Құтырынған аязда,
Тоңып тұрғам.*

*Содан бір кез,
Дірілдеп қалшылдадым.
Сезсем керек,
Төзімім сарқылғанын.
Бір сиқыр күш,*

Кеудемді күйдіргенде,
Есігіңді қағудан тартынбадым.

Бірақ іштей,
Қымсынып, ұялғаным.
Көз алдымнан,
Кетпейді-ау, қиялдағым.
Мазаладым бейуақта,
Мазанды алдым...
Мен тегінде
Есімді жсия алмадым.

Көп сенделдім,
Қайтейін... қия алмадым.
Жанымның тереңінен
Күй арнадым.
Қаншама шуақ болып
Төгілгенмен,
Бәрібір жүрегіңе,
Сия алмадым!

Бір адам

Ақ сағымды қалықтаған құс тіліп,
Көкірегіме гажайып бір түс тұнып.
Арманымды тербеткенде ақ сәуле,
Қауырсынды қанатымнан ұшты үміт.

Үміт-құсы қалықтады тым биік,
Шырмауына алгандай ма шыңды иіп.
Жанарыңда айтшы қандай жұмбақ бар,
Теңіз сынды түбі терең тұңғиық.

Тұңғыықтан сыр тамады сүйкімді,
Сезіміме ғажайып бір күй тұнды.
Тереземнен жұлдыз жауған күзгі бақ,
Сыбыр-сыбыр үн қатады сиқырлы.

Жарқ етеді жанарымнан жарық-күн,
Жарық күнге о, мен қалай зарықтым!?!...
Жан шуағы керек маған...саған да,
Көлеңкелі жалғандықтан жалықтым!

Кірпігіңнен сәуле көрдім құлаған,
Сыңғырлайды әлдеқайдан бұлақ-ән.
Бақыттымын мынау жердің бетінде,
Бар екен-ау, жанымды ұғар бір адам!

Көтере алар емеспін

Қар жауып тұр...
Қар астында із басылды.
Із басылды,
Жүректен сыз басылды.
Қалың ойдың ап-ауыр салмағынан,
Көтере алар емеспін мұз басымды.

Мұзға айналған шынында ми қатпары,
Қалғандай ма дүние қирап бәрі?
Меңіреудей қараймын айдалаға,
Өрнек салып өмірдің шимақтары!

Ми қатпары мелшиген тастан қатты,
Ешкім оның нүктесін басқармапты.
Жерден жылу таба алмай жанымға бір,
Аңсаймын да тұрамын аспан жақты...

Бұл басымның білмеймін қайтер іші,
Міз бақпаймын, өзіне сай терісі.
Мұз ұйқыдан оятып алар мүмкін,
Аспан жақтан келсе ұшып ай-перісі.

Қар жауып тұр...
Қар астында із басылды.
Із басылды...
Жүректен сыз басылды.
Ай перісі, келші ұшып, тезірек кел,
Көтере алар емесін мұз басымды.

Сәулеңді сездім

Ей, жаратқан пәниім,
Өлеңнің берген ақ үйін.
Ішінде-тозақ оты бар,
Бағымды қалай таныын?

Көрінер бір сәт ақ сұлба,
Аспанның мынау астында.
Қалықтап ұшып барады,
Айналып әппақ тасқынға.

Қараңғы түнде жарық ай...
Тұрмысың дейді, танымай?!
Абайдың ұлы сұлбасы...
Өлеңмен жеткен зарын-ай!

Жаңғырық құлап тау-шыңнан,
Ояндым сенің даусыңнан.
Құшағыма қонды ақ әлем,
Сәулеңді сездім қаусырған.

Ей, жаратқан пәниім,
Өлеңнің берген ақ үйін.
Ішінде-тозақ оты бар,
Бағымды қалай таныын?

Дана қарттар

Көпті көрген даналар,
Ізгіліктің әппақ жолын саралар.
Асқар таудай тұлғаң биік өмірде,
Елді қорғап өткен ұлы бабалар!

Дана қарттар көзіндей көнеміздің,
Қуанышқа баладай елегіздің.
Сіздер барда-даламыз дархан мінез,
Сіздер барда-байқасам, төбеміз-күн!

Дана қарттар ақ-тұма бұлақтарым,
Көпті көрген азайды-ау, пырақтарым.
Дүниені бөлеген ақ шапаққа,
Қарашықтай көрінер шырақтарың.

Шежіренің кеудеңе жисаң сырын,
Күмбірлейді дүние күй-сандығың.
Біз бақытты ұрпақымыз-даңалықтың,
Жанымызға тамшыдай құйсаң нұрын!

Мамыр нұры

Мамыр нұры, мейірімің төгілсін

адамдарға,
Бақыттымын кең-байтақ далам барда.
Шоқ-шоқ гүлдер толады құшақтарға,
Шоқ-шоқ гүлдер толады алаңдарға!

Мамыр нұры, мереке, қызғалдағым,
Ошағыңнан тұтанды ізгі-арманым.
Мейірімге жуынсам-мархабат ет,
Гүл шоғымен орап бір қыздар жанын.

Мамыр нұры, мерейлі келешегім,
Келешектің көшімен теңесермін.
Құлпырғайсың, жауқазын жасыл белім,
Құтты болсын, көйлегі жеңешемнің!

Бау-мекен

Жөңкіліп бұлттар көшеді,
Ғайып боп нәсер кешегі.
Беткейді жауып балғын шөп,
Гүлдердің жарды шешегі.

Беткейдің төсі құлпырған,
Құлпырған қырға сыр тұнған.
Жауқазын гүлге ғашық боп,
Жүр ме екен қыздар сыртыңнан?...

Баурайы талдың бал-бұлақ,
Бал-бұлақ жатыр сән құрап.
Алыстан сыңсып көз тартар,
Жайқалып өскен тал-құрақ.

Сыңсыған кештің бар әні,
Жалт етіп өткір жанары.
Тобылғы сайдың ішінен,
Ор қоян орғып барады.

Баурайы таудың бау-мекен,
Бау-мекен, саған тәубе етем.
Қай күні мынау жалғанға,
Бақ-нұрың көктен жауды екен,
Бақ-нұрың көктен жауды екен?

Күз-елес

Көңілді күйелеген күйкі-өмірім,
Мен қалай тас емшектің иітем жібін.
Түнеріп көк аспаннан бұлт төнеді,
Деп едім дүниенің сүйсем нұрын!

Жанымды ұғар менің жоқ бір адам,
Кеудеме қызыл таңнан от құлаған.
Есірген желге сұмдық жыным келді,
Әйнегін тереземнің соққылаған.

Кенеттен сақ- сақ етіп күлген несі,
Миымды шағатындай жын-пернесі.
Селкілдеп тұрғандай ма төрт қабырға,
Желпілдеп көрінеді түн-пердесі.

Біле алмай қалдым түннің сырын анық,
Басымды жастығымнан жұлып алып.
Қарап ем шиқ-шиқ еткен есігімнен,
Кіргендей болды біреу ыңыранып.

Түк ұқпай отыр едім тосын жайдан,
Ойларым безіп кетті қосылмай сан.
Іңірде кіріп келген ыңыранып...
Күз екен ығына шашын жайған!

Тоналамын қарадай

Заманға кім тон пішкен,
Тоналамын қарадай.
Жәдігөйлер ішінде,
Жаным жүдеп барады-ай!

Тұрған заман тарылып,
Өртенердей бір күні.
Ішіп-жеумен шектелген,
Адамдар көп...күлкілі!...

Алақ-жұлақ айлакер,
Қолында бар әлем-күш.
Мына өмірдің ақ беті,
Айғыздалған әлеміш!

Заманға кім тон пішкен,
Тоналамын қарадай.
Жауап берші, сен маған,
Ғұмыры ұзақ қарағай!

Жапырақтар

Жапырақтар, кешегі сенің қайда,
Шуылдап тұрсың неге, жаның майда.
Жоғалтқан үмітімді іздеп жүрмін,
Сендерден табылмай ма?

Қиыспай жатыр өлең-өрнегім де,
Үмітім ұшып кеткен көрмедің бе?
Сыбырлап, не дейсіңдер, түсінбедім...
Шілде ғой...қапырақта шөлдедің бе?

Көзімнен айтшы, нені іздейсіңдер,
Жақындап келіп қалды күз,- дейсіңдер.
Шөлдесең жанарымнан жасты үзіп ап,
Моншақ қып өзегіңе тізгей сіңдер!

Үздігіп, дейсіңдер ме: Шықпа, жаным!,
Осымен жыласаң да бітті амалың.
Жақындап күз келеді, күз келеді...
Сендерді енді қайтып құтқарамын?!...

Жапырақтар, жаныма жақын екен,
Көз жасыңның тамшысын татып
өтем.

Қош айтысып тұрғанда әлгі үмітім,
Сабағыңнан үзіліп жатыр екен!

Ғасыр өтіп барады

Жарық дүние...жұмыр жер,
Жаңарыңдар, түлеңдер.
Жұдырықтай жүрекке,
Тыныс алар бір ем бер!

Жаңа күннің бар өні,
Ақтарылар парағы.
Жер бесігін тербетіп,
Ғасыр өтіп барады.

Уақыт өтіп барады,
Мезгілге сай жарағы.
Дүниенің төрінен,
Күн жымыып қарады.

Қарап тұрып заңғарға,
Жоқтың өзін арманда.
Көңілімде түйткіл көп...
Жұмбақ жатыр таңдарда.

Мезгіл қайда апарар,
Сиреп кетті аталар.
Елді бүгін билейді,
Байлық қонған “бақалар”!

Бақамен де туыссың,
Туыстықтан у іштім.
Қайда әкетіп барады,
Қуырылған қуыс-түн?

Уақыт туар басқа бір,
Айту қиын досқа сыр.
Сеніміңді алдайды,
Жылт-жылт еткен тас-ғасыр!

Көз жауын алып көктемде...

Көз жауын алып көктемде,
Жауқазын гүлдер көп белде.
Қысқа да болса гұмырың,
Сұлулық сыры тек-сенде!

Самалмен әсем ырғалып,
Қауызын ашар нұрланып.
Нәп-нәзік ажар-көркіңе,
Көңілім қошы тұр қанып.

Сырыңды бірге бөліңдер,
Мұңыңды бірге сөгіңдер.
Қонақтап тұрар таңғы шық,
Кіршіксіз ғана өмірлер!

Сәні боп жасыл даланың,
Әні боп асыл ананың.
Үлбіреп тұршы, көктемде,
Көктемде мен де жанамын!

Құлпырып дала кеткен бе,
Жауқазын гүлдер көп белде.
Қысқа да болса ғұмырың,
Сұлулық сыры тек сенде!

Көк сиқыры

Қара ағаштың басында қарға шулап,
Қара базар көктегі қара-құрым.
Қаны тамған күздегі шумақ жырды,
Қара бұлттан суырып алады күн!

Көк пен жердің қарашы, аралығын,
Қарқылдаған қарғалар қара-құрым.
Шүйке кемпір құмалақ-үмітіне,
Байлап отыр жанарын жаралының.

Құмалақтан арылды батпан-күдік,
Құмалақтан бақытын таппақ біліп.
Көз байлаған алдамшы қу тірлікке,
Бара жатыр қарғалар қарқ-қарқ күліп.

Шүйке кемпір...қу тірлік...шикі бала..
Көз алдына сиқырлы күй тұна ма?
Сиқырлы әуен, сиқыр күн, сылқым
жүзіт,
Сен де мені көзіңмен сиқырлама.

Тобылғыдай солқылдақ
Жылауық күз келді міне, сыңсыған,
Ызғарымен жүрегімді шымшыған.
Тереземнен ай қарайды сығалап,
Ай астында ауа жетпей тұншығам.

Жылауық күз, неге ауыр күрсіндің,
Келері анық мына өмірге бір сынның.
Жұлдыздарын жылт еткізіп біртіндеп,
Жұтып жатыр, жұтып жатыр
тылсым түн!

Жылауық күз тереземде тұр күтіп,
Түн пердесін қарап едім сырғытып.
Ай астында арбасады жылт етіп,
Өмір шерткен бір үміт пен бір күдік.

Өмір шерткен тереземде мол жұмбақ,
Сары түсті ертегіге толсын бақ.
Көңілімді шертіп тұрған күзгі-өмір,
Тобылғыдай солқылдақ...солқылдақ...!

Сыбызғы үні

*Маза бермей жаныма жыр қайнарым,
Сыршыл бақтың шертермін
сырнайларын.*

*Күзде келген сазды бір сағынышым,
Көңілімді тербетер сырға айналдың.*

*Шаттығымның берейін жырып бәрін,
Мұң боп мынау кеудемді құлыптағын.
Арманымды балаймын аққу құсқа,
Аққу жүзер айдынды ұмтыпағын!*

*Оралады аққулар мекеніне,
Ілесермін мезгілдің жетегіне.
Қарашы, әне, қоңырқай жапырақтар,
Сусылдап түсіп жатыр етегіме.*

*Дір-дір етіп сәттерде қас-қабағым,
Әлденеден еріксіз жасқанамын.
Сұрғылт күздің әсері болса керек,
Тереземнің пердесін ашпағаным.*

*Шалдықтың ба, білмеймін жұмбақ
дертке,
Шымырлайды жүрегім сыздап текке.
Шыңыраудан жетті бір сыбызғы үні...
Шырқаудағы теңтек жел, ұрлап кетпе!*

Күзгі ызғар

*Қырау шалған, ақ қырау, арша-талды,
Күндегіден сап-салқын таң самалы.
Үскірік жел үсіріп жапырақтарды,
Ашулы аяз қайыңнан бал сорады.*

*Ақ қайыңдар қорғансыз именеді,
Бұтақтары тым нәзік күйге енеді.
Тырс-тырс етіп көңілден үзілердей,
Сары моншақ-сезімнің түймелері.*

*Әлде не деп қайың да үздігеді,
Тынысынан шығады, күздің демі.
Терезеге моншақ боп тізіліпті,
Сағынышқа оранған қыздың лебі.*

*Әпнақ әлем...ақ тұман дала бүгін,
Қатулысы-ай, қап-қалың қабағының.
Ақ шағала көлдегі тоңбас па екен,
Күзгі ызғардан қымтанып барады күн!*

Ертегім

*Миуа бақты ертегім-ау, ертегім,
Миуалы сырыңды мен шертемін.
Қиуы әлі келмей жатқан өмір бар,
Қалай-қалай болар екен ертеңім?*

*Қайсы тұсын бүтіндермін өмірдің,
Қайсы тұсын жамамақпын көңілдің?!...
Бәрін соның сызып тастап, миымнан,
Ертегідей әлемге бір елірдім!*

*Ертегіге, ертеңіме елтідім,
Мазасыз түн, жүрегіме бер, тыным.
Табиғатпен сырласамын оңаша,
Тау самалы, көңілімді желпігін!*

Түн шарабы

*Қарашаның атты бір алау таңы,
Дүниенің мұнартып жалау-бағы.
Сонадайда ақ қайың сыңсып өскен,
Әлдеқайдан көңілім ән аулады.*

*Көк тіреген керемет шыршалары,
Тереземнен асқақтап шың қарады.
Сергіп сала бергендей жан сарайым,
Көкірегіме құйылып түн-шарабы!*

Қоңыр күй

*Қоңыр күз, қоңыр күйге енді,
Қоңыр леп жаймен үйге енді.
Талып бір жеткен қоңыр ән,
Шертеді көңіл-күймемді!*

*Қоңыр күз, қоңыр күйге енді,
Ағытып сезім-түймемді.
Сырласам қоңыр кешпенен,
Қоңыр кешті осы сүйгем-ді.*

*Қоңырқай түсі өңірдің,
Қоңырқай іші өмірдің.
Жанымда жайлап алды тез,
Қоңыр күз сынды қоңыр-мұң.*

Қоңыр да қоңыр, белең көп,
Күз-сылқым тұрса көлеңдеп.
Көгендеп қояр жанымды,
Дәптерге түскен өлең тек!

Елеңдеп таңды атырдым,
Салмақтап ойды жатырмын.
Ымыртта түскен алауға,
Қаламымды еппен батырдым!...

Қараша үйде

Қараша үйлер, қарайған бесіндегі,
Еміс-еміс елестер есімде еді.
Лағындай еліктің елеңдегем,
Дүбірлеген даланың кешіндегі.

Арғымақтай желменен жарысқанын,
Гүрілдеген көктемнің арыстанын.
Адыр-адыр белдерден арса-арса боп,
Көкпаршының тақыммен алысқанын.

Тамашалап батырдым талай кешті,
Көкжсиектен күн аунап, арай көшті.
Шағылысып кенеттен найзағай-от,
Шығаратын кешкісін алайда есті.

Қараша үйлер... қарайған бесіндегі,
Еміс-еміс елестер есімде еді.
Жауқазындар жанымды жадыратты,
Бұйра-бұйра белдердің төсіндегі.

*Биік-биік шоқыға жанады күн,
Шоқ-шоқ гүлдер ашатын дала құтын.
Қалың ойлар өрілді санамдағы,
Қараша үйден шыққанда қара түтін!*

*Жалғастырдым осылай түнді күнмен,
Найзағайға жанымды тілдірдім мен.
Қараша үйдің сөніп қап қара шамы,
Қараңғылық қармайды түңлігінен.*

*Желпілдейді түндердің жел етегі,
Қараңғының бақ әлде сор екені.
Бір бұрышын жамылып ұйықтап
жатқан,
Іргедегі қара шал қор етеді.*

*Ай сәулесі түндіктен жаңа түсіп,
Жанарымнан моншақтап тарады шық.
Мені мазақ еткендей үй сыртында,
Ұзақ-ұзақ ұлыған қара күшік...*

Сары бала...сары күз...

*Сарғайған күздің реңі,
Сарғайып қыздың тұр өңі.
Сары алтын сынды сары бала,
Сағынышым боп жүр еді.*

*Сағымға ұқсас арман ә?...
Сары бала жұмбақ сәл ғана.
Сырымды жазбай танитын,
Самарқау жатқан сары дала.*

Сызылтып сырнай шертеді,
Сандуғаш көңілді ертеді.
Сыртымнан сынай қарасаң,
Сырлы әлем тұнған-ертегі!

Сыңғырлап атып ертек-күн,
Сезімді ұшқыр өртепсің.
Сары бала жұмбақ...сары күз,
Сырыңа сенің, селт еттім!

Жел есіп тұр

Жел есіп тұр, жел есіп тұр, қоңыр жел,
Жапырақтарға бір сәт көңіл бөліңдер.
Ащысын-ай, тағдырының тым ащы,
Көз жастарын құрғатайықшы, келіңдер,
Жапырақтарға жылауларыңды беріңдер!

Жел есіп тұр, жел есіп тұр, қоңыр жел,
Құлазиды-ау, мұндай да әпнақ көңілдер.
Күзге оранған тағдыр, неткен ауыр ең,
Үзіліп түскен жүрегім міне, көріңдер
Жел есіп тұр, жел есіп тұр, қоңыр жел...

Сарғайдым-ау!

Сарғайдым-ау, сағыныштың оранып гүл-
бағына,
Шөлдегендей боламын сырларыңа.
Көңілсіздік торлайды көңілімді,
Жұлдызымды байқатпай ұрладың ба?

Жетіспейді кейде осы сабырлылық,
Жүрсің мүмкін сен іштей бәрін біліп.

*Теңіз көшіп барады жанарымда,
Толқынына жанымды табындырып.*

*Тұман көшіп барады түп-тұнық бір,
Тереземде моншақтап шық тұнып тұр.
Сыртқа үңілдім, сап-сары жапырақтар,
Сағынышты мендегі ұқтырып тұр.*

Әппақ қар

*Жауа берші жапалақтап,
Жауа берші әппақ қар.
Әппақ болып ата берсін,
Ару бике, ақ таңдар!*

*Жауа берші, жапалақтап,
Жауа берші, әппақ қар.
Ақ көрпеңде еркелесін,
Ақ шағала, ақ талдар!*

*Жауа берші, жапалақтап,
Жауа берші, әппақ қар.
Үзілмесін ақ үміттер,
Әппақ-әппақ армандар!*

Қаңтарда

*Борағаны-ай, қаңтардың әппақ қары,
Әппақ нұрға бөленіп жатқан таңы.
Айқұш-ұйқыш өрнекпен түскен аяз,
Тереземнің әйнегін сатпақтады!*

Қар борайды...керек бұл борағаның,
Жақсылыққа меззейді жорамалым.
Алай-түлей бір боран соқты ішімде,
Сол боранға еріксіз оранамын.

Қар борайды...Қаңтардың әппақ қары,
Әппақ қырау әйнекті сатпақтады.
Борап-борап сенің де ақ сезімдерің,
Менің мынау миымды шатпақтады!...
Қар борайды,...Қаңтардың әппақ
қыры!...

Қырау...қырау...

Қырау, қырау, ақ қырау,
Үлпілдеген бақ мынау.
Ақ қырауда, ақпанда,
Көңілде бір қақ тұр-ау!

Қырау, қырау, ақ қырау,
Үлпілдеген бақ мынау.
Ақ қырауда, ақпанда,
Өзіңді іздеп таптым-ау!

Қырау, қырау, ақ қырау.
Керемет бір шақ мынау.
Ақ қырауда...Ақпанда,
Басталғандай бақ сынау.

Қырау, қырау, ақ қырау,
Үлбіреген тәттім-ау,
Үкі тақты, ақ талдар,
Үлпілдеген бақ-мынау!

Сағынып жеттім,
Ағытылып іште сыр-түймем.
Арылып жаным
Сарсаңға түскен мың күйден.
Шағылысқан күннің,
Сәулесінен айшық тағындым,
Қоңырауланған жыр-күймем!

Ғажап-ау, ғажап,
Шаңғыны тепкен ағызып.
Еркелей соққан
Ақ самалменен жарысып.
Көңілді күйде
Көмілдім бір сәт ақ қарға
Шаттықтың шығы-
Жасымды жерге тамызып.

Өмір екі өлмейді

Ойлайсың ба,
Күнделікті тірліктің тарауларын.
Алдымызда азгантай санаулы ағын,
Ғұмырында содан бір мән қалса деп,
Мен нешеме өртеніп, алауладым!...

Қойшы бәрін,
Дүние өзі-ақ ертең түгелденер.
Тозығы жеткен кезде сүреңденер,
Өмір екі келмейді, мезгілімен,
Қайта туып, қайтадан күреңденер.

*Күреңденер даланың топырағы,
Қу ағаш та қаудырап жатыр әні.
Селдірейді самайда әппақ шашың,
Қурап қалар талдардың жапырағы.*

*Осылайша өтеді өмір деген,
Әр жүрекке күй болып төгіл!- дер ем.
Бозторғайым тынымсыз шырылдайсың,
Тамшы нұрдан таптың ба көңілге ем?!...*

Заман-түлкі

*Өтіп жатыр өмір деген сынаптай,
Жауабы жоқ шешілмейтін сұрақтай.
Бақталастың бағында бар батпан-ой,
Көрінетін өзіне бір шырақтай!*

*Бұл күндері қулығы бар жан күшті,
Айналасы бояулармен сан түсті.
Кітап бетін ақтарып бір көрмеген,
Түйсіксіздің кеудесіне нан пісті!*

*Қайда барып қонбаған бұл қауға бақ,
Есердің де арын қалған саудалап.
Бұл өмірге не айтуға болады,
Тұрған болса қазақ дінін саудалап?*

*Дінін білмес, тілін білмес жан да азар,
Пенде бар ма қасиетті әнге зар?!...
Көздерінде қулық оты жылтылдап,
Бұл күндері қайнап кетті қан базар.*

Қан базарда құрып қойған қармақты-ай,
Қармағына ой тастар ем салмақтай.
Айырбастап алмаңыз тек алтынға,
Бағыңызды басыңызда бармақтай.

Жылтылдайды өмір міне, сынаптай,
Бір үмітке алар ма едің тұрақтай.
Айырбастап алмаңыз тек күміске,
Бағыңызды басыңызда шырақтай.

Бұл күндері ештеңе жоқ жасырын,
Бәз біреулер саудалайды гашығын.
Заман-түлкі...тазы болып шала біл-,
Деп тұрғандай мынау менің гасырым.

Бір түнде

Көкке қарап ит ұлыған түнек-түн,
Түнек түннен бейуақытта дір еттім.
Үні неткен жан шошырлық суық тым,
Суырады тамырларын жүректің.

Жылу кеткен адамнан да, тастан да,
Қап-қара бұлт түнереді аспанда.
Бір шұңқырда өліп жатыр сорлы иттің,
Күшіктері көзін жаңа ашқанда!

Айуандығы шығар бәлкім адамның,
Айғыздалып бітті беті даламның.
Мейірімге заман шөлдеп тұрғанда,
Болашағы қандай болмақ баламның?

Қас-қағымда

*Тұтқыныма не дейін бөлмедегі,
Тұтылуға жүрегің көнген еді.
Күлімсіреп қараған жанарыңда,
Шыр айналып дүние дөңгеледі.*

*Тұтқыныма не дейін оңашада,
Үндемеудің өзі бір тамаша ма!...
Жүрегімді ұрлаған қылмыскерім,
Қалтырайды қамығып Қарашада!*

*Тұтқыныма не дейін бөлмедегі,
Тұтылуға жүрегің көнген еді.
Жанарымды сүйіп ең жанарыңмен,
Шыр айналып дүние дөңгеледі!*

*Ақырзаманның көрдегі үні
Мен-Ақырзаманмын...
Жүрегі түкті жаралған.
Қарамды батырмағанмын,
Адамдар, сенің араңнан!*

*Заманың-шөлмек,
Сындырып жүрмін жасырын.
Көзімде-шел көп,
Оя алмай жүрген гасырың.*

*Ойларым-ойран,
Ойылған жерді көздедім.
Санаңа-тойғам...
Ұмытып қалған өз тегін!*

Күлгенім-күйкі,
Күлегеш қызың алданды.
Сүйгенің-шикі,
Жүйкесі жұқа жалғанды.

Көргенім-көрде,
Көздердің ащы жасымын.
Көргенсіз жерде
Жұлынып қалған шашымын.

Тырнағым-союу,
Батырам күннің шетіне.
Жүрмесең ояу,
Дақ салам заман, бетіңе.!

Мен-Ақырзаманмын...
Бетімді тілсе қан шықпас.
Қарамды батырмағанмын...
У берсең де жан шықпас!...

Шоқ жұлдыздар арасынан
Асылдар-ай, жүректері жаралы,
Айыра алмай ағы менен қараны.
Шоқ жұлдыздар Шолпанынан айрылып,
Тарих беті болған талай қаралы!

Заманының көрген талай тартысын,
Өмір бойы теңдік болар айтысың.
Опық жеген, от үрлеген күндерін,
Тауса алар ма шері менен қайғысын?!

*Асылдар-ай, періштедей ақ жаның,
Жаңа оятып алды ұлы Мағжанын.
Қара түнді серіп тастап иықтан,
Үмітіңді жарық күнге жалғадың!*

*Бес арысын оятып ап бесіктен,
Дала жатыр омырауын тосып кең.
Бүгін туған күні екен зой Мағжанның,
Кіріп келе жатыр әне, есіктен...*

Жанарымда

*Көз алдымда тұман көшкен ақ әлем,
Ақ әлемнің жанарына қарап ем.
Қауырсыным тұрды неге қалтырап,
Күн шуағы бола алмады маған ем.*

*Алдымыздан шықпай қалып кіл шындық,
Күн шуағы астында біз күрсіндік.
Тұрғандай ма еркін жұтып ауаны,
Жер мен көктің арасында бір сұмдық.*

*Тарылғандай тарыдай боп айналам,
Қурап қалды бақтар неге жайнаған?
Қуырылып жатыр бүгін тіршілік,
Дүниенің қазанында қайнаған.*

Сәулелі көктем

*Көктемнің кереметтей күші ме екен,
Құлпырған дүниенің түсі бөтен.
Жап-жасыл тіршіліктің жапырағын,
Жанымның жайлауы деп құшып өтем.*

Мақпалдай барқыт әлем, асыл мекен,
Теңіздей тербе мені, тасып өтем.
Көзіне бақыт тұнған бар адамдар,
Өзіңе ғұмыр бойы ғашық екен!

Осылай өтер ме еді, өмір-өлең,
Қияға самғап ұшып көңіл деген.
Аспанның керемет-ай, шайдай ашық,
Адамдар бүгін сондай көңілді екен.

Келген ғой көктем бәрін бағындырып,
Кеудеге лапылдаған жалын кіріп.
Бір жігіт терезеден әзілдейді,
Айнасын күн көзімен шағылдырып.

Сәулесін айнасының түсіріп көп,
Тұрғандай сезім-құсын ұшырып тек.
Бір күні сол сәулені көзіме емес,
Жүрмегей, жүрегіме түсіріп тек!

Тал-бесігім

Ару күн ақ шуағын тұр себелеп,
Ұшқандай жүрегімнен жыр-көбелек.
Аспанда қалықтаған Аруана бұлт,
Қояды күннің көзін бүркемелеп.

Қиялым көкжиекпен ұштасады,
Қайнайды жер-ошағы тыста тағы.
Жатқандай бар тіршілік дүр сілкініп,
Шұлайды құлағымда құс базары.

Ескенде жібектей бір таң самалы,
Бұлбұл құс тамылжытып ән салады.
Төгіліп жапырағы тал-қайыңның,
Қауызы гүл біткеннің тамсанады.

Жылғаның суы да әсем сылқылдайды,
Шарықтап шағаласы бір тынбайды.
Билеген толқындардың майда үнінен,
Көңілім құмарта бір сыр тыңдайды.

Қойғандай тіршіліктің бояп бәрін,
Келеді шырынымен тояттағым.
Құласам жасыл желек жағалауға,
Сен мені тәтті ұйқымнан оятпағын.

Арманым көкте ме әлде, жерде ме екен,
Дүние қызыл-жасыл өрнек екен.
Тербейді тіршіліктің тал-бесігі,
Шөлдесем Жер-Анаға шөлдеп өтем!

Ауыл іші

Ауыл іші манаураған тіршілік,
Келеді әне, ұясынан күн шығып.
Ақ мұнар боп көрінеді айналам,
Алатаулар тұрғандай ма күрсініп!

Ауыл үсті будақтаған көк түтін,
Бұлақ көзі тұншығады...жоқ күтім.
Бала біткен асық ойнап көк мұзда,
Әлдекімдер жамап отыр шоқпытын.

Қарсы алады адамдарды қай биік,
Алғысы бар бәз біреулер айды иіп.
Еріккеннен отырады біреулер,
Өсегіне қызыл оттың май құйып.

Өмір осы...өтіп жатыр ілбіген,
Тереземді сүртіп едім сүлгімен.
Тәтті ұйқыға кеткендей ме дүние,
Табиғатты көріп тұрмын мүлгіген!...

Туған жерге

Қарлығаштай шарладым қия белді,
Қарыздармын қалайда ұяма енді.
Көкірегімде кішкентай сандығымның,
Ішіне бүкіл әлем сия берді.

Сыр сандығым құпия адамдарға,
Сын көзбенен қарайды қадамдарға.
Мен ақтардым барымды көкірегімнен,
Туған жердей қасиетті далам барда.

Туған жерім, жусанды, бетегелі,
Бесігімнен биікке жетеледі.
Ізденумен із кезіп, қателессем,
Туған жерім бәрін де көтереді-!

Туған жерім сілтейді бағыт әлі,
Қасиеттер қадірін танытады.
Ақын болсаң сілкілеп, сынап алып,
Шың бастаудан ақ қайнар ағытады.

*Жетісудың өлкесі-мекен-елім,
Рухына сиынам әкелердің.
Жамбыл баба, ақындық піріңменен,
Ноқтала да, ботаңды жетелегін!*

Бір досқа

*Бұл ауылға бұрыннан жат емесін,
Асқақтаған терекпен қатар өстім.
Дала еңбегі ауырлау тиер десең,
Інішегім, сен онда қателестің!
Деп ойласаң ақынды дара туган,
Жыр төгіліп тұр ма оңай қанатынан?
-Не бар дейсің ауылда, қызығатын,
“Дарындылар жәйі”, -деп қала тұнған.*

*Деп ойласаң ақынды дара туган,
Үміт үзбе, сен онда жан отынан.
Сүйіп тұрып ап-ащы жусан иісін,
Мінезінен даланың жаратылғам!*

Кел, Наурыз!

*Дала неткен тамаша,
Айналага қараса.
Қызыл-жасыл гүл көктем,
Келіп қалды тамаша!*

*Нұрлы көктем, ақ арман,
Күлімдейді жанардан.
Қызғалдақтар құлырып,
Сұлулыққа жаралған.*

Кел, кел, Наурыз,
Наурыздың бауын үз.
Кел, кел, Наурыз,
Нұрлы көктем бауымыз!

Дала неткен тамаша,
Серуендейік таң аса.
Ақ қайыңдар бүр жарып,
Ақ талдар тұр жараса!

Көктем нұрлы күн қандай,
Шуақ шашып тұрғандай.
Жылт-жылт етіп аспанда,
Жұлдыз жауған түн қандай.

Кел, кел, Жаңа жыл,
Жаңа уақыт, жаңа нұр.
Кел, кел, Жаңа жыл,
Жаңа бақыт, жаңа нұр.

Көпір

Көпір үсті жолменен,
Ағылады адамдар.
Сырғи аққан бұлақты,
Сағынады жанарлар.

Тықылдаған өкшенің,
Дыбысы бір тынбайды.
Тұның кештің әуені,
Көңілімді ұрлайды.

*Көлеңкесін қайыңның,
Көрпе қылып жамылған.
Күннің қызыл арайын,
Алқа қылып тағынған.*

*Оу, сымбатты бұлағым,
Өтіп барам жаныңнан.
Құшағыңды аш, сүңгуір,
Шуағыңа малынған!*

Шолпы

*Сергек ойлар серпілтеді санамды,
Келер күнге көңілім де алаң-ды.
Себелеген сәулесіне шуақтың,
Сылдыр қаққан сыршыл бұлақ таранды.*

*Шомылдырды шуағына ұлы күн,
Қызықтаймын бұлақтың да қылығын.
Шолпан көлдің тағынайын шолпысын,
Өріп жатыр толқын-толқын бұрымын.*

Шілде

*Сарша тамыз...шілденің аптабында,
Бір сұлулық енді баққа мына.
Сары алтыңға оранған секілдімін,
Сағынышқа бөленген шақтарымда.*

*Жүзіп келем ойлардың кемесімен,
Ақ мұнарға оранып келесің сен.
Жаз жайлауым биіктен мұнартады,
Аспан-күмбез төгіліп төбесінен.*

Әппақ бұлттар барады жүзіп әні,
Аққу құстар айдында сызылады.
Ерке самал аймалап жасыл белді,
Гүлді алаңға адамдар қызығады.

Бұл-шілденің шырынды тәтті шағы,
Сылқ-сылқ етіп ағады ақ бұлағы.
Далаға деген ыстық махаббатым,
Тасқын боп көкірегімнен атқылады!

Көкөзек-күн

Ағыл-тегіл дала жылап жатқандай,
Бал бұлақтар күміс шолпы таққандай.
Таудан көшкен дана қарттың жасы ма,
Өзектерге өкінішпен тартқандай.

Құлдилап кеп етегіне құлайды,
Көкөзек деп атаймыз ғой бұл айды.
Қыл үстінде төзімнің үзілердей,
Көкөзек-күн көрпесінде сынайды.

Мезгілдердің көргендеймін жарысын,
Бұл тартыстың табиғатта бары шын.
Күрсіне ме табиғатқа наз артып,
Кеудесінен қары көшкен кәрі шың.

Алғандай ма көктем келіп етекпен,
Кәрі шыңдар, қарызыңды өтеп пе ең?

Біраз күнде қырқалардан гүл үзін,
Сырласамыз шұғылалы Көкекпен.

Құлпырады балаусалы гүл-көктем,
Бау-бақтағы тал-шыбықтар бүрлеп
кең.

Сылаңдайды қызғалдақты қыз-гұмыр,
Гүл қауызын тұрғаныңда үрлеп сен!

Көктем берер бойындағы бар күшін,
Алау оты жүректерді шарпысын.
Адамдардың тағдырына ұқсатам,
Табиғаттың бітпейтұғын тартысын!

Өмір еніп келеді

Өмір... өмір...

Сен менің құсым ба едің?

Қанаттанып кеткендей ішімдегі үн.

Аққу-арман әуеге көтерілді,

Тұғырыңнан сен оны түсірмегін.

Тамаша зой, көктемнің күні мына,

Шомылдырып айдындай тұнығына.

Мен отырмын әсерден арыла алмай,

Таңданбашы, құрбым-ау, қылығыма!

Өмір еніп келеді терезеден,

Сен не деген түп-тұнық керемет ең.

Бір тіршілік сығалап саңылаудан,

Мені оятты байқасам, өлең екен...

Өлең енді, шуағын шашып-күліп,
Қарсы алайын кеудемді ашып тұрып.
Шырылдайды бейкүнә жыр-балапан,
Жүрегімді өзіне ғашық қылып!

Атамекен

Күй шелектеп, ақ жаңбыр сіркіреген,
Сен арқылы жап-жасыл қыр түлеген.
Құт-береке төгілсін мына аймақтан,
Айналайын, көк күмбез күркіреген.

Нәр алайын мен сенің жапырағыңнан,
Дүркірей ұш, аққу-қаз, атырабымнан.
Сыңғырласын мөп-мөлдір қоңырау-
бұлақ,
Айналайын, қастерлі топырағымнан.

Сылқ-сылқ күліп ақ жаңбыр есігімнен,
Қыз-көктемді кеудеме көшірдің сен.
Көз алдымда дөңгелек ақ шар әлем,
Айналайын, Жер-ана, бесігімнен.

Нәсеріңнен бақытқа батады екем,
Адам жаны өзіңдей шаһар екен.
Жүрегіме сиып тұр бүкіл ғалам,
Айналайын, көркіңнен, Атамекен.

Өлең-шырын

О, туған жер, саялы гүл-мекенім,
Құшағыңнан нәр алам күнде сенің.
Кіндігіңнен жаралған перзеннің ем,
Шуағын бер, жаныма, жыр-нәсердің.
Талма түнде тұншығып әлденеше,
Таңғажайып әлеммен тілдесемін!

Шертіп көрші, пернесін жан сырымның,
Шапағатын сүйемін таң нұрының.
Құлазымын сәттерде аласұрып,
Аңсағандай таулардың жаңғырығын.
Тамсанамын шөлдеген жапырақтай,
Тырсылдаған естіп бір жаңбыр үнін.

Мұрат етем жаныма өнер-шыңын,
Қарсы аламын тағдырдың нелер сынын.
Махаббатқа шөлдесем сусыным бол,
Көкірегіме тамшылап өлең-шырын.
Шар әлемге мен сені ұшырамын,
Қалықтай бер, ақ қанат, көгершінім!

Тау қыраны

Тау қыраны осы ма, даладағы,
Өткір екен жалт етіп қарағаны.
Алып қанат қалықтап тұрды-дағы,
Шыр айналып төбемнен барады әне!

Кетті сүйреп сағымға ой-арманым,
Тіршіліктің сүйемін оянғанын.
Қыран құсқа тілер ем қанаттары,
Күннің қызыл нұрына боялғанын.

Адамдарға берсең де мың билікті,
Қыранға бер, табиғат, қырғилықты.
Жүрегімді суырып әкеткендей,
Қанатымен қағылған бір күй “мықты”.

Көгілдір әлем

Бұлыңғыр тартып көк аспан,
Көк кептер отыр сұңқылдап.
Жолдардан көлік тынбайды,
Көшенің шаңы бұрқылдап.

Мөңіреп тұрған көк бұзау,
Көк шалам шөпті иіскейді.
Іргеде жатқан көк күшік,
Кеміріп сүйек тістейді.

Көгендеп қойған көк лак,
Көк майса шөпте аунайды.
Көкпеңбек аспан, көк мұнар.
Көк гүлдер жерде қаулайды.

Көгалда тұрған көк бие,
Кісінеп сауым тілейді.
Желіде тұрған көк құлын,
Желіне тұмсық тірейді.

Көк шыбық мінген балақай,
Көлшіктен шауып өтеді.
Қамысты көлде көлбақа,
Жағаға ыршып кетеді!

Көкала көйлек киген қыз,
Сайдағы көлге келеді.
“Қақпатас” ойыны үшін деп,
Көкшілдеу тасты тереді.

Көңілдің шынар көгінде,
Көктемнің жұтам бар лебін.
Кеудеме бәрін қондырар,
Көгілдір айнам бар менің.

Жұлдызды жайлау кештері

(Әні Қанағат Қарашевтікі)

Қырлардан жасыл қызғалдық терген күндер-ай,
Ай жүзі толып жұлдыздар жанған түндер-ай.
Аймалап ерке самалы,
Тербетер көркем даланы,
Арнадан тасып ақ бұлақ ағып барады.

Жайлаудың кеші көңілдің ашар көктемін,
Сүйемін әркез жаңбырдың сел боп төккенін.
Асқарлы-тауым, белдерім,
Айдыны тұнық көлдерім.
Шыңдарға қарап қырандай биік өрледім!

Сағындым, көркін, сағындым жайлау гүлдерін,
Гүлдерге қонған ақ көбелегін шілденің.
Бақытқа толы құшағым,
Кеудеме ыстық құшамын.
Тауларға қарай ақ қанатпенен ұшамын!

Жайлаудың кешін қызықты думан кернейді,
Қыздардың шашын қоңыр жел майда тербейді.
Күлкілер тәтті сыңғырлап,
Қарақат көздер сырды ұрлап.
Жұлдыздар жанып жанымға маза бермейді!

Құс жолы

Ақша бұлттың паналап құбыласын,
Екі ару күн, сен неге тығыласың?
Жарқ-жұрқ еткен найзағай төбемде
ойнап,
Деп тұрсың ба, жанымды тіліп алсын.

Үзіп алма сезімнің қыл-ішегін,
Ей, ару күн. өзіңде ұлы сенім.
Қап-қара бұлт төнеді бүркітке ұқсап,
Бүріп алып кетердей бүрісімен.

Көрмейсің бе, көзіме мұң тұнғанын,
Алып бүркіт кенеттен ұмтылғанын.
О, керемет, бір кезде дар-дар етіп,
Қара бұлттың көрсең гой жыртылғанын.

*Ей, ару күн, естимісің үнімді айдаладан,
Шұғылаңа жанымды шайқап алам.
О, керемет, құс жолын қараңызшы,
Бар құдірет өзіңде-ау, қайран далам!*

*Қас-қағымда құс жолын өріп бердің,
Отыр едім күлкіңе еріп сенің.
О, керемет, бір кезде көкірегімнен,
Атып шықты-ау, бұлқынып елік сезім!*

Қостөбеде

*Бұл даланы не дейін, теңіз демей,
Әпнақ бұйра бұлттардан сені іздемей.
Көз алдымда белдері “Қостөбенің”,
Қос анары төлдерді емізгендей.*

*Ақ лақтар қырқада ойнақтаған,
Еркелейді көздері жайнап маған.
Дала тосып жатқандай бұрқ-сарқ етіп,
Көктем тойы осы-ау,- деп ойлап қалам.*

*Қыраттарда қой жатыр жусан өне,
Құлағыма сыбырлап жусан әні.
Кермек исі келелі таңдайма,
Жер-Ана бусанады!*

*Көк белдерге осынау мың аунағам,
Тамшыларды-ай балғынға қылаулаған.
Қанатыңа байлайын жүрегімді,
Тоқтаңдаршы, тырналар, тыраулаған!*

Күз-ансамбль

*Күз мінезі-күйгелек,
Күздің күні сый бөлек.
Бақтың іші “сабан той”,
“Сабан тойда” күй бөлек.*

*Күз мінезі-қас-қағым,
Мен де бір күй бастадым.
Ыңылдап ем, ән салып,
Торғай шертті аспабын!*

*Тық...тық..шық-шық...тықылдақ,
Шымшық отыр шықылдап.
Сытыр-сытыр жапырақ,
Үзіледі батырлап.*

*Жұлдыздарын түн үзді,
Түн үмітін кім үзді?
Кешкі керней үніне,
Қосылады сыбызғы...*

*Сап-сары боп барша қыр,
Шарқ ұрады ән-шағыл.
Мен дережор боп тұрмын,
Күз дегенің-ансамбль!*

Сары орамал

*Қара суық...қақаған Қарашада,
Табиғатқа тоң мінез жарасады, ө?
Өкпек желдің қарашы-ай, өктемдігін,
Мезгілменен бейуақ таласа ма?*

*Жел өтінде желігіп күй тыңдаған,
Қытымыр күз, түтеген сиқың жаман.
Саялы бақ, саяннан сабыр таппай,
Елегзумен далаға ұйқым да алаң.*

*Өмір кейде күз сынды болады ағын,
Тарау-тарау тағдырға оранамын.
Тармағына жабайын жан досымның,
Сыйға тартқан сап-сары орамалын.*

Наурыз келді

*Наурыз келді! Сүйінші! Бақ та келді!
Қыдыр ата қыдырып, баққа енеді.
Таяғымен қуалап көлеңкені,
Бар бәледен келеді сақтап елді.*

*Сақта елді, арамдық, ырымдардан,
Сыбызғы күн сиқырлы сырыңды алған.
Наурызда ақ ниет қайта туып,
Жамау керек көңілді жырымдалған.*

*Наурыз келді! Сүйінші! Босағадан!
Наурызды асыға тосады адам.
Қауышыңдар, ағайын, төс қағысып,
Жүру үшін өмірде есен-аман!*

Ұлылықтың ұлына
Жанып тұрған жыршы-әлем,
Тамұқ тұнған тұмша-әлем.
Ұлылықтың ұлына,
Ұрпағыңнан мың сәлем!

Қиыр-қиыр қыр елі,
Иір-иір гүл еді.
Ұлы Мұқаң сөйлеп тұр,
Лүпіл қағып жүрегі.

Ізің жатыр даламда,
Шыңғыстауың аманда.
Күн сәулесін құйдың сен,
Мынау төрткүл ғаламға.

Жол іздедің қиыннан,
Жоқ іздедің қиырдан.
Үніңді естіп бар қазақ,
Әруағыңа сиынған!

Дара Мұхтар
(М. Әуезовке)

Мұхтар десе көз алдыма нұр келер,
Абай келер, толқын-толқын жыр келер.
Ұлылықты сөйлеткен ол-Ұлы адам,
Қилы-қилы заман келер, сыр келер.

Мұқаң десең сөйлегендей бар ғалам,
Алатаудан естілгендей арман-ән.
“Абай жолы” қазағыма мәңгі жол,
Даналығы тасып жатқан арнадан!

*Даралығы секілді бір шың басы,
Жаратылған киелі боп тұлғасы.
Бала Мұхтар, дана Мұхтар сөйлесе,
Ғаламаттар әлеміндей бір басы.*

*Күн шуағы ақ әлемге құйғандай,
Бір басына мың ғажайып сыйғандай.
Кереметтің сырын ашқан жаһанға,*

Гүлнар Өмірзақова

Беріктас-берік босағам

Көркемдеуші редактор Данияр Исеев

Теруге 25.10.05. жіберілді. Басуға 9.11.05. кол койылды.

Қағаз офсеттік. Офсеттік басылым.

Пішімі 60x84 1/16. Таралымы 500.

«ҚазБаспа-КТ» орталығында басылған.

Қазақстан Ат спорты федерациясының мүшесі,
белгілі атбегі-
Әлімқұлов Еркін Кеңесұлына
арнаймын



Қызыр нұры (Өлең)

Егемендік алған елдің ақ таңы,
Діні мен тілін қайта сақтады.
Қазағымның асқақ даңқын көтерген,
Еліміздің аман болсын патшасы!

Нұраланады жаңа таңда ел - көші,
Дүниенің жаңара бер өлкесі.
Азаматтар көтереді нар жүгін,
Биік болғай туған жердің еңсесі!

Ақ пейілді ауылдың көп бірлігі,
Ынтымақтың берік болса кіндігі.
Ниетіне қарай жұрттың ашылар,
Әшпақ болып аспан-көктің түңлігі!

Жамбыл елі қашан да дәулетті еді,
Өсіп-өнген өмірде әулет-тегі.
Имандылық ұйыса ошағына,
Нұрланады ауылдың сәулет-көгі!

Сәулет-көгін жебегендей жарық күн,
Батасына ие болған халықтың.
Інішегім, Еркін жігіт, Ер-жігіт,
Бүгін елге есімінді таныттың!

Бала кезден жетелеген арманың,
Қара нардың көтердің-ау салмағын.
Ақ күмбезді мешіт аштың ауылдан,
Шапағына бөлең бер, Алланың!

Әлі талай сын артады ғасырың,
Атбегілік екінші бір - кәсібің.
Аламанда оза шауып, бәйге алсаң,
Тәңір саған сыйға тартқан-нәсібің!

Мәрт жігітсің, Нар жігітсің, сен деген,
Күн нұрындай қауышарсың елменен.
Маңдайында жұлдызы бар тұлпарың,
Желдей болып есіп өтер көмбеден!

Ер жігіттер Орда бұзар жасында,
Қызыр нұры көрінеді басында.
Бас бәйгені қанжығаңа байладың,
Райымбек пен Сүйінбайдың асында!

Имандылық екен сенің жолдасың,
Ел-жұртыңа баста, онда жол басың.
Қайда жүрсең Еркін жігіт, Ер-жігіт,
Бабалардың Қызыр нұры қолдасың!